№16 (1482)
18 – 24 сәуір
2019 жыл

ISSN 1999-5857

ANA TILI

1990 жылғы наурыздың 22-сінен бастап шығады

Ұлт Газеті

Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады

www.anatili.kz www.facebook.com/anatilikaz www.twitter.com/anatilikz e-mail: anatili_gazeti@mail.ru

«НАРКЕСКЕН» КЛУБЫ

ТЕЛЕДИДАР САЯСАТЫ: БҮГІН ЖӘНЕ ЕРТЕҢ

Жуырда ҚР Ұлттық кітапханасында «Қазақ газеттері» ЖШС-нің жанынан құрылған «Наркескен» интеллектуалдық-пікірсайыс клубының кезекті отырысы өтті. Бұл жолғы әңгіме «Телеақпараттық саясат: бүгіні мен ертеңі» атты тақырып аясында өрбіді. Клуб отырысына еліміздің теле-радио саласында қызмет етіп жүрген тәжірибелі мамандар, тележурналистер, сондай-ақ бұл мәселеге бейжай қарай алмайтын қоғам қайраткерлері, ғалымдар қатысты. Кез келген мемлекеттің теле-ақпараттық саясаты сол елдің қоғамдық өмірінде, жалпы алдағы келешегін айқындауда үлкен рөл атқаратыны белгілі. Бұқаралық сипатқа ие отандық теле-радио саласына, эфир арқылы көрсетіліп, таратылып жүрген бағдарламалар мен олардың сапасына, тілі мен мазмұнына қатысты туындайтын түрлі сауалдар аз емес. Осы ретте дөңгелек үстелге қатысқан тележурналистер – Нұртілеу Иманғалиұлы, Ғалия Әженова, Қасым Аманжол, Гүлмира Әбіқай, Бақыт Жағыпарұлы, әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Айгүл Ісмақова және т.б. мамандар тақырыпқа байланысты өз ойларын ортаға салды. Отырысты Есенгүл Кәпқызы жүргізді.

(Жалғасы 5-бетте)

БҮГІНГІ САНДА:

Әбсаттар ДЕРБІСӘЛІ:

Шағатай тілі – бүкіл түркі халқының әдеби тілі 3-бет

Терминкомға қуатты мәртебе керек... 4-бет

Бөрі 11-бет

АШЫЛМАҒАН АРАЛДАР

ЖОҒАЛҒАН МЕМЛЕКЕТ

Ғалым Болат Көмеков көне мемлекетті қалай тапты?

...Адам өмірінде жұлдызды сәт деген болады. Бұл, әсіресе ғылымда ерекше мәнге ие. Әрине, тіршілікте қуаныштың, атақ пен дәңқ, абыройдың өз ретімен келіп жатуы бұл да үлкен жақсылық. Бірақ бұларды жұлдызды сәтпен шатастыруға болмайды. Болат аға Көмеков, мәселен, сонау 70-жылдардан күні бүгінге дейін де көптеген жетістіктерге жеткен жан. Атап айтқанда олар: ғылым докторлығын қорғау, корреспондент-мүшелікке өту, академик атану, зерттеу еңбектерінің шетелдерге жарияланып, жақсы баға алуы... Бірақ ғалымның осы бағындырған биіктерінің ішіндегі ең бір ғажап қайталанбас тамаша еңбегі – тарихта өз орны бола тұра кейін жоғалып кеткен Қимақ мемлекетін тауып, ғаламдық ғылымда жаңалық ашуы дер едік. Біздіңше, кейіпкеріміз өміріндегі жұлдызды сәт осы шығар, бәлкім?!

9-бет

ЗЕРДЕ

МЫСЫР МӘМЛҮКТЕРІ ҚАЙ ТІЛДЕ СӨЙЛЕГЕН?

Қазіргі заманғы тарих ғылымы Мысыр (Египет) мәмлүктерінің этностық тегі жөнінде әлі бір түйінді пікірге келе қойған жоқ. Бұл тақырып төңірегіндегі көзқарастар ауқымы өте кең. Әртүрлі мінбелерде біртекті мәмлүкті түрік, қыпшақ, грузин, черкес, грек, византиялық деп тану жиі кездеседі. Олай болатыны, орта ғасырлардағы Шығыста «мәмлүк» (мамлюк, мамелюк), «ғұлам» (гулям), «тұрышқа» (турушка) атаулы тұтқын құлдардан тұратын жалдамалы әскерлер ұстаған елдер жеткілікті еді. Осы ретте мәмлүктердің генезисін анықтау үшін олардың тарихи, антропономикалық және лингвистикалық деректеріне жүгінген ләзім. Енді сол дәуірлерде шығыстық үлгідегі жауынгерлік сарбаздар қосындарының негізінен түркілерден құралғанын еске алсақ, олардың шежіресіне қысқаша шолу жасап өткен артық болмайды.

Ең алдымен, тарихтың қатпар қойнауларына тереңдете көз жүгіртсек, жалдамалылардың Шығыс пен Батыста біз сөз етіп отырған мәмлүктерден көп бұрын пайда болғанын байқар едік. Жауынгер көшпелі тайпаларға бірінші болып Қытай әулеттері, Батыс Рим империясы мен Персия назар аударды. Түркі халықтары өкілдерінің әскерлері мен жасақтары солай пайда болды. Қытайдың шекаралық сарбаздарын ғұндар құрады. Жалдамалы түркілер, бұлғарлар мен савирлар парсылар мен византиялықтар арасындағы соғыстарға екі жақтың да атынан қатысты. Бұлғарлар мен хазарлардан шыққан бұл қаруластар араб елдерінде – ғұлам, құл, Византияда катафрактария деп аталды. Орта ғасырлық дәуірде печенегтер мен қыпшақтар жасақтары Византия мен Венгрияда қызмет етті. Бұдан басқа, Киев Русінде – торктер, берендейлер, қара қалпақтар (черные клобукилер), ковуйлер (көп үйілілер) мен «жабайы» половецтер (қумандар, қыпшақтар), Венгрия мен Болгарияда – печенегтер, половецтер мен астар, Грузияда қыпшақтар мен аландар осы қызметті атқарды. Туған «әлдерінен» (елдерінен) жырақ қалған олар ұзақ уақыт бойы, XVI ғасырдың басына дейін ана тілдері мен салт-дәстүрлерін жадтарынан шығара қоймады. Ал Алтын Орданың құлауымен бірге құман-қыпшақ тайпалар одағы біржола ыдырап тынды. Айта кету керек, Түстік-Шығыс Еуропаны көптен мекен етіп келген құман-қыпшақтар немесе половецтер монғолдар шапқыншылығына дейін-ақ осындағы өздеріне туыс бұлғар, хазар, алан, печенег, ас, торк секілді түркі тілдес оғыз тайпаларымен бір этникалық одаққа бірігуге көшкен болатын. Бұл кезең половец тайпалары батыс одағының қалыптаса бастаған уақытымен тұспа-тұс келеді.

Осы шақырылып әкелінген легиондардың жат жерлерде орнығып алғаннан кейін, билікті күшпен тартып алып, мұнда өз тәртіптерін орнатқан кездері де аз болған жоқ. Мұның мысалдарын Қытай империясының – Тан, Персияның – Сефевкид, Қараханид және Афшар, Араб халифатының – түркі мәмлүктері, Үндістанның тұрышқа мәмлүктері, Ауғанстанның мәмлүктер кезіндегі Газневи династиялары дәуірлерінде құрған үстемдіктерінен көрер едік. Бұдан бөлек, олар Грузия, Венгрия, Византия және Русь елдерінде тақ иелерінің жеке гвардияларын түзді. Бұл әскери құрылымдар тағдырларында дәңкты беттер де, қаралы парақтар да жеткілікті. Олар Бенгалиядан Мысырға дейінгі аралықта ксенократты мемлекеттер құрып, мұсылмандар әлемін крест (әжі) жорығынан талай мәрте қорғап қалды, қылыштарының жүздерімен Үнді жеріне ислам дінінің ұрығын әкеліп септі. Мәселен, Мысыр мәмлүктері 1244 жылы сұлтан Бейбарыстың қолбасшылығымен крестшілер мен сириялық билеушілер әскерлеріне күйрете соққы берді. Олар 1250 жылы Айюбидтер әулетін тақтан тайдырып, сұлтандар династиясының негізін қалады. Бұл билік 1516-1517 жылдары Осман империясы жаулап алғанға дейінгі үш ғасырға жуық уақыт бойы Мысыр мемлекетін емін-еркін билеп-төстеді.

(Жалғасы 5-бетте)

SERPIN

AÝQYMDY JOBA

Máskeýde «MITT-2019» halyqaralyq týrsik kórmesi aıasynda «Týrsik Qamqor» korporatıvtik qorynyń tóraǵasy – Qazaqstan Respýblıkasy azamattarynyń shyǵý týrızmi salasyndaǵy quqyqtaryn kepildendirý júıesiniń ákimshisi – Inna Reı Reseı «Týrpomosh» Asosıasıasynyń (shyǵý týrızmi salasyndaǵy týroperatorlardyń birlestigi) basshysy Aleksandr Osaýlenkomen kezdesti.

Taraptar 2018 jylǵy naýryzda qol qoıylǵan ózara túsinistik pen yntymaqtastyq týraly memorandým aıasyndaǵy ózara is-qımyl barysyn talqylady. Kezdesýde taraptar halyqaralyq qatynastar salasynda týrsik salany damytý, týrsik ónimdi túpki tutynýshynyń múddelerin qorǵaý deńgeıin arttyrý maqsatynda odan ári ózara is-qımyl jasaý nıetin rastaı otyryp, týrsik kásipkerlikti damytý salasynda ózara qyzyǵýshylyq týdyratyn óz isterimen, aqparatpen almasty.

Sonymen qatar 2019 jyldyń aıaǵynan bastap kúshine enetin Eýrazıalyq ekonomıkalyq odaqtyń (EAEO) týrızm salasynda bırıńǵaı naryq ashý týraly sheshimi talqylandy. Taraptar bir-birinıń aýmaǵynda ornalasqan týrserdıń quqyqtary men múddelerin barynsha tolyqqandy qamtamasyz etý maqsatyn kózdeıtin qosymsha kelisimder ázirleýge kelisti.

2017 jyldan bastap qazaqstandyq týrıserge shetelge týrkodpen demalysqa shyǵý usynyldy. Arnaıy qurylǵan «Týrsik Qamqor» KQ shetelde kútpegen jaǵdaıǵa tap bolǵan týrserge Otanyna oralýǵa kómek kórsetý maqsatynda qurylǵan. Birinshi kezekte bul – teris pıǵyldy týrfırmalardyń qyzmetinen zardap shekkenderge arnalǵan.

TÝRKOD degenimiz ne? TÝRKOD 11-13 (shyǵý eline baılanysty) áriptik-sandyq sımvoldardan turady. Ol ár joldamany rásimdeý kezinde avtomaty túrde beriledi.

Nurlan QUMAR

Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көршілес Өзбекстан еліне ресми сапармен барды. Сапар аясында екі мемлекет арасындағы стратегиялық әріптестікті нығайтуға байланысты келіссөздер жасалып, бірқатар құжаттарға қол қойылды.
Ресми қарсы алу рәсімінен кейін мемлекеттер басшылары шағын құрамда келіссөздер жүргізді. Мемлекет басшысы жылы қарсы алып, қонақжайлық көрсеткені үшін Шавкат Мирзиёевке ризашылық білдіріп, осы мемлекеттік сапардың маңыздылығын атап өтті.

Өзбекстанда Қазақстан жылы ашылды

Дәуіржан ТӨЛЕБАЕВ
«Ана тілі»

– Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мықты әрі үйлесімді екіжақты қатынастарды қалыптастыруға зор үлес қосты. Сіздер де екі мемлекеттің көшбасшылары ретінде Қазақстан мен Өзбекстан арысындағы ынтымақтастықты биік деңгейге көтердіңіздер, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сөзінде екі ел арасындағы байланыстар сабақтастығы мен жоғары қарқынын сақтауға баса мән бере отырып, әрі қарай дамуына барлық мүмкіндікті жасайтынын тілге тиек етті. Қос мемлекеттік ортақ тарихи тағдыр, туыстас тіліміз, діниміз бен мәдени құндылықтарымыз біріктіретінін атап өтті.

Сонымен қатар Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевке Өзбекстандағы Қазақстан жылын өткізуге мүмкіндік туғызғаны үшін алғыс айтып, бұл шараның екі мемлекет халқын жақындастыру тұрғысынан алғанда аса маңызды екеніне тоқталды.

Шавкат Мирзиёев болса, Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Президенті қызметіне кірісуімен құттықтап, мемлекеттік сапармен келгені үшін ризашылығын білдірді.

– Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың рөлін ерекше атап өткім келеді. Сол кісінің арқасында өзара қарым-қатынастарымыздың жоғары деңгейге көтерілуіне қол жеткіздік. Сіз де министр, Премьер-министр, Сенат төрағасы қызметтерін атқарған кезіңізде екі ел байланыстарын жақсартуға септігіңізді тигіздіңіз, – деді Шавкат Мирзиёев.

Сапар аясында қос ел басшылары кеңейтілген құрамда кездесіп, күн тәртібіндегі маңызды мәселелерді сөз етті. Келіссөздер барысында тараптар құқық қорғау органдары, арнайы қызмет және қорғаныс ведомстволары бойынша қауіпсіздік пен тұрақтылықты, тығыз ықпалдастықты қамтамасыз ету, жолаушылар және жүк тасымалдау ісін, өзара саудаға және өнеркәсіп кооперациясын жандандыру мәселелерін талқылады. БҰҰ, Ислам ынтымақтастық ұйымы және Аралды құтқару халықаралық қоры аясындағы мүдделері мен ұстанымдары сәйкес келетінін айтты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша БАҚ өкілдері үшін өткізген брифингте Қ.Тоқаев пен Ш.Мирзиёев мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастардың нығаюы мен дамуы жолындағы Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев рөлі, екі елдің сауда-экономикалық ынтымақтастығы, 2020 жылдың соңына қарай өзара тауар айналымын 5 миллиард долларға дейін жеткізу, бірлескен жеңіл автомобиль, жүк көлігі және басқа техникаларды құрау бағытындағы жұмыстарды жалғастыру, Қазақстан мен Өзбекстан шекарасында халықаралық сауда-экономикалық ынтымақтастық орталығын құру, отын және су-энергетика саласындағы өзара іс-қимыл, экспорт-импорттық, транзиттік тасымал саласындағы ынтымақтастық, мәденигуманитарлық және жастар байланысын кеңейту мәселелері айтылды.

Шавкат Мирзиёев өз сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаевпен ашық әрі толық өзара түсініспік рухында өткен келіссөздерге жоғары баға берді. Сапар барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру үшін Жол картасы бекітілетінін айтты.

– Қазақстан мен Өзбекстан қарым-қатынастарын нығайтуға және жан-жақты ынтымақтасықты кеңейтуге елеулі үлес қосқаны үшін қазақ халқының біртуар перзенті, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы, менің ағам, күрметті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа алғыс айтқым келеді. Қазақстанның мемлекеттігін нығайтудағы, берік азаматтық қоғам қалыптастырудағы, заманауи және бәсекеге қабілетті экономика құрудағы, халықаралық арендағы ел беделін арттырудағы зор жетістіктер оның есімінен тікелей байланысты, – деді Өзбекстан Президенті.

Мемлекеттік сапар қорытындысы бойынша бірқатар құжаттарға қол қойылды. Олардың қатарында екі ел басшыларының бірлескен мәлімдемесі, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еңбек қызметі және еңбекші көшіп-қонушылардың құқықтарын қорғау туралы келісім; Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Заңсыз көші-қонмен күрес бойынша ынтымақтастық туралы келісім; Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Өзбекстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арасындағы 2019-2020 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасы және өзге де стратегиялық сипаттағы мемлекетаралық құжаттар бар.

Өзбекстандағы Қазақстан жылының ашылу рәсімі басталар алдында мемлекеттер басшылары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының негізгі мазмұнын ашуға арналған «Ұлы дала мұрасы» атты көрмені аралады.

Көрмеге Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қорындағы еліміздің ежелгі өнер туындылары, соның ішінде Есік қаласынан табылған Алтын адам, Берел қорғандарынан табылған аттар мен ат әбзелдерінің қалпына келтірілген нұсқалары, «Тақсай Ханшайымы», «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің бірегей экспонаттары қойылған.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты рәсімде сөз сөйлеп, Шавкат Мирзиёевке және өзбек халқына жылы қарсы алып, қонақжайлық көрсеткені үшін ризашылығын білдірді. «Бізді тіліміздің бірлігі, дініміз, ортақ тарихымыз бен біртұтас тағдырымыз біріктіреді. Халықтарымыз – Орталық Азиядағы ежелгі әрі ұлы өркениеттің мұрагері. Біз дәстүрімізді, бабаларымыздың құндылықтары мен мәдениетарихи мұраларын сақтап қалдық. Сонымен қатар көптеген қиын сынақтарды бастан өткердік» дей келе, Ұлы Абайдың қазақтарға бауырлас өзбек халқының еңбекқорлығын, қайырымды істері мен қарапайымдылығын үлгі етіп, үйренуге шақырғанын айтып, Өзбекстан басшылығына қазақ мәдениетін қолдағаны үшін ризашылығын білдірді.

Сонымен қатар Қазақстандағы өзбек диаспорасын қолдау шараларына жеке тоқталды. Елімізде өмір сүріп жатқан өзбек халқының рухани, әлеуметтік қажеттіліктерін толық қанағаттандыру үшін жан-жақты шаралар жасалғанын айтты. Қазақстанның барлық дерлік өңірінде өзбек этномәдени орталықтары ашылғанына және тағы басқа іс-шаралар барысына тоқталды. Сөзінің соңында ата-бабаларымыз мұра етіп қалдырған қазақ-өзбек халықтарының достығы мен бірлігін сақтау қазіргі ұрпақтың ортақ парызы екенін атап өтіп, Өзбекстандағы Қазақстан жылын ашық деп жариялады.

Салтанатты рәсім Әлібек Дінішев, Айман Мұсаходжаева, Медет Шотабаев, Нұрлан Бекмұхамбетов, Димаш Құдайбергенов, Мария Мудряк сынды Қазақстан өнерінің қайраткерлері мен сахна шеберлері, шығармашылық ұжымдарының қатысуымен өткен гала-концертпен қорытындыланды.

Өзбекстандық көрермендер назарына М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсынан үзінді, «Astana Ballet» театрының хореографиялық композициясы, «Салтанат» ҚР мемлекеттік би ансамблінің, К.Кужамыров атындағы Мемлекеттік республикалық академиялық ұйғыр театрының және Мемлекеттік республикалық академиялық корей театрының орындауындағы қойылымдар ұсынылды.

БАСҚОСУ

Алматыдағы «Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениет университетінде «Қоғам дамуындағы жастардың рөлі» атты ғылыми-тәжірибелік халықаралық конференция өтті. Өзгерістерге толы кезеңде жастар бойында патриотизм сезімін күшейту, ел дамуына қосар үлесін арттырып, жақсылыққа жұмылдыратын жігерлі күш әрі ұлттар ынтымақтастығында ұйытқы, мемлекет тұтастығына кепіл болатын жасампаздығын қалыптастыру мақсатында өткен халықаралық конференцияға Египет, Түркия, Ресей, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғыз Республикаларының білікті ғалымдары қатысты.

Қоғам және жастар

Шараның ашылу рәсімінде ең алдымен Қазақстанның және Египет мемлекетінің әнұраны орындалды. Нұр-Мүбарак университетінің оқу-әдістемелік басқарма басшысы Жалғас Сандыбаев пен Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті ислам ілімдері факультетінің деканы Мұхаммед Хатталб жүргізген конференцияның ашылу салтанатында алғашқы болып ҚР Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Марат Әзілханов сөз алды. «Нұр-Мүбарак Египет Ислам мәдениеті университеті» – жас университет және жастардың сүйікті оқу ордасы. Біз Елбасының бастамасын қолдай отырып, жастарға сенім артпақ ниетпен «Жастардың қоғам дамуындағы рөлі» атты халықаралық конференцияны өткізіп отырмыз. Жоғары білімді кәсіби мамандар даярлап отырған оқу орнына алдағы уақытта да мемлекет тарапынан көмек көрсете береміз. Қоғамдағы бүгінгі көп сұрақтар білімсіздіктен туындап отыр. Қазірдің өзінде теріс үгіт-насихаттың құрбанына айналып, Сириядан бір-ақ шыққан 300-ден астам отандасымыз өз еліне қайтуға ниет етіп отыр. Қайтып келгеннен кейін де олардың ой-санасын қалыпқа келтіру, қоғамға қайта бейімдеу қажырлы еңбекті талап етеді. Осы орайда біз Нұр-Мүбарак университетінің ұстаздары мен студенттеріне, теолог мамандарға, исламтану білгірлерінің көмегіне арқа сүйеп, иек артамыз» деді.

Египет Араб Республикасы Уақыптар вице-министрі Ас-Сеид Хусеин Абдулбари Отанды қорғау дінді қорғаудан да жоғары тұратынын, жастардың бойында, әсіресе отансүйгіштік қасиет басым болуы керектігін, мемлекет мықты болса, діннің де ары қарай өркен жаюына мүмкіндік туатындығын тілге тиек етті.

Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетінің ректоры Мұхаммад Аш-Шаххат ал-Жинди, Қазақстандағы БҰҰ Қоғамдық ақпарат бюро жетекшісі Абдурахим Мухидов, Өзбекстан Халықаралық ислам академиясының ректоры, профессор Шухрат Евкошев, Халықаралық Кувейт университетінің ректоры Асан Ормушев, ERCIYES университеті, PhD докторы Юнус Апайдын, Қ.А.Ясауи атындағы ғылыми-зерттеу орталығының директоры, профессор Досай Кенжетай сияқты білікті білім мамандары баяндама жасап, қоғам мен жастар мәселесіне байланысты өрбітін келелі әңгімені конференцияның екінші бөліміндегі пленарлық мәжілісте жалғастырды.

Нұрлан ҚҰМАР

ШАРА

Ұлттық жәдігерлер көрмесі

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасын іске асыру аясында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейінде Алматы қаласының Жетісу әкімдігімен бірлесіп ағайынды Құлменовердің «Мұздай темір құрсанған...» атты қару-жарақ көрмесі ашылды. Көрмеге қазақтың 80-нен астам көне қару-жарағы, ежелгі жауынгерлердің сауыт-саймандары, музыкалық құралдары мен тұрмыстық бұйымдары қойылған.

Ағайынды Махмұт, Тұрсынжан және Айтберген Құлменовтер – ежелден ел қорғаған қазақ батырларының қару-жарақ түрлерін қалпына келтіруші темірші-ұсталар, «Түркі дүниесіне сіңірген еңбегі үшін» сыйлығының лауреаттары, Қазақстанның мәдениет қайраткерлері. Құлменовтер шығармашылықпен ғана емес, ғылыми жұмыспен де айналысады. Олардың жетекшілігімен «Көк бөрі» республикалық ғылыми-зерттеу және көлөнер шеберханасы құрылды, онда студенттер сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын дайындаудың және металл өңдеудің ежелгі технологияларын жаңғырту әдістемесін зерттейді. Ағайынды ұсталар «ЭКСПО – 2017 – этноауыл», «Қазақ хандығының 550 жылдығы» және басқа көптеген мемлекеттік, ғылыми, тарихи-этнографиялық жобаларды іске асыруға белсенді қатысты. Олар «Отырар сазы», «Мұрагер», «Сазген сазы», «Адырна» фольклорлық оркестрлеріне арнап ұлттық музыкалық аспаптар, көптеген облыстық, өлкетану музейлері үшін ұлттық сәндік-қолданбалы өнер заттарын жасаған, қалпына келтірген, қайта жаңғыртқан. Ағайынды Құлменовердің көлөнер жұмыстары республикамыздың барлық облыстық музейлерінде және шетелдік жеке коллекцияларда сақталған.

«Мұздай темір құрсанып...» атты көрмеге ағайынды ұсталардың жеке коллекциясынан алынған қару-жарақ, ежелгі жауынгерлердің сауыт-саймандары, музыкалық құралдары және басқа да тұрмыстық бұйымдары қойылды. «Қазақтың әскери өмірі, жалпы көшпенділер тарихы терең зерттеуді қажет етеді. Бұл жекелеген адамдардың емес, үлкен институттардың, ғалымдардың жұмысы» дейді Қазақстан дизайнерлер одағының мүшесі Тұрсынжан Құлменов.

Шараның ашылу рәсімінде Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, танымал суретші, академик Амандос Ақанаев темірші-ұсталарға Қазақстан мәдениеті мен өнеріне қосқан елеулі үлестері үшін «Ұлы елдің Тарандысы» атты диплом мен медальдерді табыстады. Шара барысында келушілердің назарына ежелгі артефактілердің жасалу тәсілдері жайлы деректі фильм көрсетілді. Көрме 2019 жылдың 30 сәуіріне дейін жалғасады.

Дина ИМАМБАЕВА

ТЕАТР

«Қобыланды» – тарихи қойылым

М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында арада 52 жыл салып, «Қара қыпшақ Қобыланды» дастан-драмасы қайта сахналанды. Қойылымның режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрқанат Жақыпбай.

Қойылымның актерлік құрамының ерекшелігі – жастар мен тәжірибелі сахна саңлақтарының біріктірілуі. Бұл спектакльге актерлік құраммен күнітүні дайындық жүргізгенін айтқан режиссер жастарға басымдық берілгенін атап өтті.

– Спектакльдің актерлік құрамы театр басшылығымен келісе отырып тандалды. Биыл 2019 жыл «Жастар жылы» болғандықтан, басшылықтың талабы жастарды сахнада көру болды. Бұл ой маған өте ұнады. Болашақ жастардыкі. Жастар осындай үлкен мектепті көріп ары қарай дамуы керек. Кешегі актерлер ертең осы театрды алға сүйрейді деп сенемін, – деді Н.Жақыпбай.

Бұл қойылымнан жас актерлардың шындалып, тәжірибе жинақтап келе жатқанын көруге болады. Айта кетсек, Қобыланды рөлін жас актер – Ғалымбек Оспанов, Құртқа рөлін – Қазақстан Жастар Одағы «Серпер» сыйлығының лауреаты Ләззат Қалдыбекова, Қараманды – Мағжан Асаубай сомдады. Сонымен бірге сахна майталмандары Айдос Бектемір, Болат Әбділманов, Дулыға Ақмолда, Назгүл Қарабалина, Баян Қажынабиева сынды актерлар өнер көрсетті.

Сахнаны декорациямен көркемдеген қоюшы суретші – Мұрат Сапаров. Оның қолтаңбасы шығарманың көрерменмен байланысына ықпал етті.

– Қобыландының бізге жеткен 29 нұсқасы бар. Біз қойған нұсқа Мұхтар Әуезовтікі. Себебі жазушы сахналық нұсқасын дайындаған. Қойылым көрменнің көңілінен шықпаса, телефон шұқылап отырады, кетіп қалады. Ал кешегі қойылымда жастар көп болды. Жастарға ұнаса өте жақсы. Жастар назарын қазір интернеттен, телефоннан театрға аудару өте қиын. Екі сағат қойылымды көріп отыру оңай емес, әсіресе жас буынна. Бірақ кеше көрермен жақсы қабылдағанын байқадым, – дейді қойылымның қоюшы суретшісі М.Сапаров.

Қойылымды қою үшін барлық мүмкіндіктер қолданылған. Жоғары көтеріліп-түсетін сахна, шеңбердің айналуы, Қобыландының ұшатын Тайбурыл аты... тағысын тағы дегендей. Жаңа қойылымда Тайбуралдың өзі негізгі кейіпкерге айналған. Ал Көкпан шығармада жағымсыз кейіпкер болса, ол қойылымда өз трагедиясы бар, мәнгі жасайтын көріпкел бейнесінде сомдалыпты.

1967 жылы екінші рет қойылып, сахнада ұзақ жүрген пьесаның сөздері сол қалпында сақталған. Дегенмен, жаңа қойылым қазіргі заманға лайықталып берілді.

Айта кетейік, қойылым алғаш рет 1946 жылы Қапан Бадыровтың, ал 1967 жылы Әзірбайжан Мәмбетовтің режиссерлігімен қойылған. Араға 52 жыл салып қайта қойылған пьеса енді әкемтеатрдың репертуарынан берік орын алған.

Ақбота ҚУАТОВА,
Гүлбақыт ЖАНҰЗАҚ

БАЙҚАУ

Жүйріктер сынға түсті

Павлодар қаласындағы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде журналистика мамандығы бойынша республикалық пәндік олимпиада өтті. Бұл шара биыл XI рет ұйымдастырылды.

Алғашқы «Таныстыру» кезеңінде әр өңірден келген жас журналистер «Ұлы дала ұлағаты» тақырыбы аясында видео сюжеттерін көрсетсе, келесі кезеңде қатысушылар әртүрлі танымдық тақырыптарға сәйкес эссе жазып, жазу қабілеттері сарапқа салды.

Сайыстың екінші күні «Қазақ журналистикасының тарихы», «Жаңа медиа және интернет журналистика», «Телерадиожурналистика» пәндері бойынша тесттен өтіп, білімдері мен біліктіліктерін танытты. Республикалық пән олимпиадасының мақсаты – жас журналистердің тәжірибе алмасып, танымын кеңейтіп, шеберлігін арттыру. Журналистік қабілет-қарымды айқындап, отандық БАҚ-ты әлемдік деңгейге көтеру.

– Пәндік олимпиада өте тартысты бәсеке екенін бұрын білмеген екенмін. Жан-жақтан келген қатысушылардың білімі мен тәжірибелерімен танысып, пікір алмасудамыз. Шараны ұйымдастырушыларға зор алғыс білдіреміз, – деді әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті Халық Балжан. Республикалық пән олимпиадасының жеңімпаздары командалық есепте анықталады. Жеңімпаздар ҚР Білім және ғылым министрінің және С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті ректорының дипломдарымен марапатталады.

Назым САМЕТ

Азаматтың суреті

Әбсаттар ДЕРБІСӘЛІ,
Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры, профессор:

ШАҒАТАЙ ТІЛІ – БҮКІЛ ТҮРКІ ХАЛҚЫНЫҢ ӘДЕБИ ТІЛІ

– Қазақ даласынан шыққан, жоғалдыға саналған, ғасыр парақтарының арасында қалып қойған бабаларымыздың мол мұрасының жоқшысы, іздеушісі болып жүрсіз. Сұхбатымызды сіздің осы саладағы ізденісіңіз туралы бастасақ... 200-ге жуық ғалымның өмірбаяны мен мұрасын анықтадыңыз. Олардың еңбектері қалай табылды? Осы ізденіс аясында Азия, Араб елдерін шарлап, сонау Испанияға да табаныңыз тиген екен...

– 1977 жылы Мәскеудегі Шығыстану институтының аспирантурасын бітіріп келгеннен кейін Алматыдағы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер болдым. Бірде ҚазМУ-дың ректоры Өмірбек Жолдасбеков ағамыз шақырды. 1975 жылы Үкімет республикамызда араб тілін оқыту туралы арнайы қаулы қабылдаған екен. Өмірбек Арысланұлы сол қаулыны орындау үшін мамандар іздестірген. Содан мен қызметке шақырылдым. Әуелде академик З.Қабдоловтың кафедрасына оқытушы болып қабылдандым. Журналистика, филология факультеттеріне «Ежелгі әдебиет тарихы» пәнінен сабақ бердім. Пәннің Ислам өркениеті мен мәдениетіне, ежелгі мәдени, ғылыми, әдеби мұрамызға байланысты бағдарламасын әзірледім. Қазақ даласынан шыққан ғалымдар туралы материалдар іздей бастадым. Сол жылдары менен дәріс алғандар қатарында осы күнгі көрнекті мемлекет, ғылым және қоғам қайраткерлері, жазушы, журналистер Мұхтар Құл-Мұхаммед, Жансейіт Түймебаев, Самат Ибраим, Темір Құсайын, Ақбала Аякеева, Нұрғали Ораз секілді талантты азаматтар болғанын да айта кетейін.

Кейін филология факультетінің жанынан Араб тілі мен әдебиеті бөлімін аштым. Оған осы факультеттің қазақ тілі мен әдебиет бөліміне жаңадан түскен 50 студенттің 12-сін таңдап алдым. Сөйтіп, араб тілін оқыта бастадым. Кандидаттық және докторлық диссертацияларым да араб әдебиетімен байланысты еді.

Қазақ даласында көп қалалар болған. Олар: Отырар, Сайрам, Түркістан, Сауран, Сығанақ, Жент, Өзгенд, Құлан, Меркі, Баласағұн, Қаялық... Қазақ жерінің ілім, білім қуған перзенттері өз есімдеріне өздері туып-өскен аталмыш қала аттарын қосып жазып отырған. Олар әл-Фараби, әл-Женди, ас-Сайрами, ас-Сығнақи, әл-Йасауи, ат-Түркістани және т.б. Сөйтіп, қай елге барсам да осы атты есімдерге ерекше назар аудара бастадым. Тунис Араб республикасында аз-Зайтуна атты ежелгі университет бар. Сондағы Араб әдебиеті институтының қолжазба қорынан да көп материалдар таптым. Елге алып келдім. Бізді Кеңес дәуірінде: «Сендердің тарихтарың жоқ. Көздеріңді Октябрь революциясы ашқан» деп оқытты емес пе? Оны айтасыз, қазақ әдебиетін зерттеп жүрген сол кездегі ғалымдардың бірқатары да: «Жазба әдебиетіміз Абайдан басталады» деген ұстанымда болды. Кейін оны озық ойлы әдебиетші ғалымдар жоққа шығарды. Қазір Жамбыл облысы әкімдігінің ұсынысымен Тараздан шыққан ғалымдар туралы «Араб дереккөздеріндегі Тараз және Таразилер» атты монография дайындап жатырмын. Сонда X-XXI ғ. өмір сүрген елуден астам Тараз өлкесі ғалымдарының өмірі мен еңбектері баяндалады. Соның ішінде өмір тарихы өте қызық кісілер де бар.

– Мысалы?

– Дін қызметінде жүрген жылдары жыл сайын Каирге Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) туған күні – Мәуліт мейрамына шақыратын. Бірде мені Каир әуежайынан осы елдегі Қазақстанның елшісі Асқар Мусинов күтіп алды. Қазақстан мүфтиінің Каирге келу құрметіне байланысты елшілікте қабылдау өткізетінін және онда маған арналған тосынсыйы да бар екенін ескертті. Кешке елшілікке келдім. Асқар ұзын бойлы, ат жақты қарт кісіні қолтықтап ертіп кірді. Мен арабшалап хал-жағдайын сұрай бастап едім, «Қарағым, қазақша айта бер. Ана тілімді ұмытқан жоқпын» деді ол. Сөйтсем ол Каир университетінің профессоры Насрулла ат-Тарази деген ғалым ағамыз екен. 1922 жылы Таразда туған. Жеті жасар кезінде әкесі Әбу Насыр Мүбашшир ат-Тарази Кеңес өкіметінің қудалауына түсуіне байланысты, қамаудан шыққан соң, жалғыз ұлы Насрулланы ертіп, елден қашып, соңыра Ауғанстаннан бір-ақ шыққан. Кейін Пәкістанда тұрыпты. Ақырында Каирге қоныс аударған. 1977 жылы Әбу Насыр Мүбашшир ақсақал дүниеден өткен. Ал ұлы Насрулла Ауғанстанда орта мектепті тамамдаған соң Кабул университетінің парсы тілі мен әдебиеті бөлімін бітіріпті. Сол ағамыз елшіліктегі ұшырасуда маған өтініш айтты: «Әкем туған жері Таразды бір көруді армандап өтті, бірақ оның реті келмеді. Арманына ол жете алмады. Енді кеш болмаса, Таразды мен көрсем деймін. Сол жағынан көмектесе аласыз ба?» деді. Уәде бердім. Сондай-ақ орта ғасырда Тараздан шыққан ғұлама ғалым Һибатулла ат-Тарази (1272-1333) туралы әңгімеледі. Ол XIV ғасырда Каирдегі Сұлтан Бейбарыс медресесінің меңгерушісі болыпты. Реті келсе соның мұрасын зерттесеңіз деді. Мен ағамызға келесі жылы тағы да Каирге келгенде Таразға алып кететінімді айттым. Келесі жылы Мәуліт мейрамында тағы келгенімде уәдемді орындау үшін елшіден Насрулла ақсақалдың құжаттарын реттеуді айттым. Елші Насрулла ағамыздың о дүниелік болғанын айтып өкінішін білдірді. Кейін бұл кісінің аталмыш аманатын орындау үшін Һибатулла ат-Тарази туралы іздене бастадым. Ақыры Һибатулланың қолжазбаларын Америкадағы Принстон университетінен таптым.

– Ол кісінің қолжазбасы сонау Америкаға қалай тап болған?

– Қолжазба Ыстанбұлдан сатып алынуы мүмкін. Ыстанбұлда Сүлеймания деген атақты кітапхана бар. Мен 2014 жылы сонда арнайы барғанымда 37 мың беттік қолжазба алып келдім.

2000 жылдардың ортасында Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаевпен Тараздағы облыстық жаңа мешіттің ашылу салтанатында болдым. Сол мешітке Һибатулла ат-Таразидің есімін бердік. Іздегенің табылған сайын адамда ерекше бір құштарлық, аса бір қызығушылық пайда болады екен. Қазақ жерінің 200-ден астам ғалымдарының бірі әрі бірегей де осылай табылған еді.

– Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмірі мен шығармашылығын зерттеу үшін Сирия, Пәкістан, Үндістан елдеріне арнайы бірнеше рет барыпсыз. Тіпті ғалымның зиратын тауып, құлпытасындағы эпитафиясын тәпсірледіңіз. Сол туралы айтып беріңізші. Бұл кез келген зерттеушінің де, іздеушінің де үлесіне тие бермейтін сирек құбылыс қой. Зиратты тапқан кезде қандай сезімде болдыңыз?

– Мұхаммед Хайдар Дулати – қазақ даласынан шыққан үлкен ғалым. Оның жазба мұрасын Жәңгір хан мен Шоқан Уәлиханов ұшыратқан. Оқушы кезімізде бізге Жәңгір ханды қатыгез адам деп оқытты. Сөйтсек ол хан ғана емес, үлкен зиялы да екен. Қазан университетінің құрметті профессоры болыпты. Ол М.Х.Дулатидің «Тарихи-Рашидиінің» бір нұсқасын бірқатар қолжазбаларымен қатар Қазан университетіне сый етіпті. Сол дүниені Шоқан Санкт-Петербургтегі Азия музейінен кездестірген. Ал Шоқанды көп зерттеген кім? Ол – академик Әлкей Марғұлан. Мен мектеп бітіретін жылдары «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары» атты кітап шықты. Соның бір тарауы М.Х.Дулатиге арналған. Жас болсам да, М.Х.Дулати есімде қалды. Кейінірек те сол кісінің жүріп өткен жолын, артында қалған мұрасын зерттеу ісі әрдайым есімнен шыққан емес. Бірде оның Қашқарияда жерленгені туралы мәліметке тап болдым. М.Х.Дулати жездесі Саидхан екеуі 1514 жылы сол өлкеде Қашғар хандығын құрған. Қашғардың оңтүстігінде Хотан, Тибет жақта Жаркент атты қала бар. Ол Қашғар хандығының астанасы болған. М.Х.Дулати сол жерде тұрған. ҚазМУ-де проректор кезімде біз Үрімжі университеттерімен ынтымақтастық жайлы келісімшарт жасадық. Содан бірде Қашғарға жолым түсті. Жаркентке де бардым. Өкінішке қарай, М.Х. Дулатидің зираты жайлы мағлұмат жай сөз болып шықты. М.Х.Дулати бұл жақта жерленбеген екен. Бірақ Жаркентте 17-18 жыл тұрғаны рас. Сөйтіп, іздегенім табылмады.

Кейін 1997 жылы сәуірде мені ҚР-ның Сыртқы істер министрі Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясына елшілігімізге кеңесшісі етіп жіберді. Сол жақта 3 жылдан астам қызмет еттім. 1999 жылы М.Х.Дулатидың туғанына 500 жыл мерзімі жақындап келе жатты. Сол себепті Қ.Тоқаевқа хат жазып, Кашмирге баруға рұқсат сұрадым. Сөйтіп, Үндістанға келдім. Бірақ Үнді ғалымдары: «Мұхаммед Хайдардың Кашмирде тұрғаны, елбасы болғаны рас, алайда ол бұл жақта жерленбеген. Бармай-ақ қойсаңыз болады» деді. Соған қарамастан барайын деп шештім.

Сринагарда мені Кашмир университетінің бір оқытушысы қарсы алды. Ол да шығыстанушы, арабтанушы екен. Екеуіміз Сұлтандар зиратына бардық. Бірақ М.Х.Дулатидың зираты көзге түспеді. Қатты өкіндім. Бір зират жанында отыр едік, сол жердегі кесенеге жөндеу жұмыстарын жасап жүрген бір азамат не іздеп жүргенімізді сұрады. Жайымызды білген соң, зираттағы биік ағаш түбінен іздеуге кеңес берді. Бардық. Өзіммен бірге қағаз, қалам, фото, видеоаппарат секілді керек-жарақтарды ала барғанмын. Әлгі кісі айтқан жерде бетіне бір қарыс топырақ тұрып қалған құлпытас көзге түсті. Тазалай бастап едім, жазулар көріне бастады. Онда «Бұл бақилық Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати» деген жазулар жетектей жөнелді. Жүрегім дүрсілдеп қоя берді. Құлпытас бетінде оның өмірбаяны жазылған эпитафиясы бар екен. Оны суретке, видеоға түсіріп, құлпытастағы жазуды дәптеріме көшірдім. Делиге келген соң Қ.Тоқаевқа ғалымның зираты табылғаны жөнінде жеделхат жібердік. 2000 жылы Президент қабылдады. Ол кісіге біреулер М.Х.Дулатидің «қазаққа қатысы жоқ» деген екен. Шоқан Уәлиханов секілді мен де оның қазаққа тікелей қатысы барлығын дәлелдеп бердім.

М.Х.Дулати – Бабырдың (1483-1530) бөлесі. Ташкентте Төле бидің мавзолейі бар. Соның жанында тағы бір кесене тұр. Ол Жетісудың билеушісі Жүніс хандікі. Жүніс хан – М.Х.Дулати мен Бабырдың нағашы атасы. Оның үш қызы болған. Екінші қызынан – Бабыр, үшінші қызынан М.Х.Дулати туған. Бұл туралы «Бабыр намеде» жазылған. М.Х.Дулатиден екі еңбек қалған. Бірі парсы тіліндегі «Тарихи-Рашиди», екіншісі – шағатай тіліндегі «Жаһан наме» атты поэма. Шағатай тілін кейбіреулер ежелгі өзбек тілі деп жүр. Олай емес. Шағатай тілі – бүкіл түркі халқының әдеби тілі.

– Сіз М.Х.Дулатидың осы «Жаһан наме» поэмасын шағатай тілінен ана тілімізге тәржімалаған екенсіз...

– Ахмед Заки Уәлиди Тоған деген башқұрт халқының көрнекті мемлекет қайраткері әрі ғалымы болған. Ол Тұрар Рысқұлов, Мұстафа Шоқайлармен бірге азаттық үшін күрескен азамат. Сол үшін Кеңес өкіметінің қудалауына түскен. Сол кісі 1937 жылы Берлин кітапханасынан осы поэманың қолжазбасын көріп қалады. Бірақ поэмада авторы жазылмаған екен. Ахмед Заки Уәлиди поэманың Мұхаммед Хайдар Дулатидікі екенін дәлелдеп, неміс тілінде арнайы мақала жазыпты. Дегенмен, Берлин кітапханасының қолжазба қорындағы бұл асыл мұраға қол жеткізу оңайға соқпады. Кітапханаға хат жазсам, қолжазбаны тек Германия азаматына беретінін айтыпты. Осы мәселе туралы бірде журналистика факультетінің деканы, марқұм Т.Қожекеевке айтып едім, ол бұрын ҚазМУ-да қызмет еткен, соңыра Германияға көшіп кеткен Мюнхен университетінің профессоры Лидия Клетцель ханымды есіне түсірді. Ақырында сол ханымның көмегімен қолжазба қазақ еліне оралды. Жоғарыда Қашғарияға сапарым туралы айттым ғой. Сол жақтан да осы поэманың бір нұсқасын тапқан едім. Екеуін салыстыра, толықтыра отырып, қазақ тіліне аударып шықтым. Бұған біраз жыл кетті.

– Әбу Насыр әл-Фарабидің бұрын бізге белгілі болмаған 10 трактатын Испаниядағы Эскуриал кітапханасынан тапқан екенсіз. Жалпы түркі тектес ғалымның мұраларын ол жақтан іздеуге не себеп болды? Қазыналы көмбенің ол жақта бар екенін алдын ала білдіңіз бе?

– Әбу Насыр әл-Фарабимен (870-950) «таныстығым» Мәскеуде шығыстану институтында оқып жүргенде басталды. Бірде институт директоры, академик Б.Ғ.Гафуров шақырды. Амандасқан соң: «Ана тіліңіз қай тіл? Орыс тілі ме, жоқ қазақ тілі ме?» деп сұрады. «Қазақ тілі» дедім. Сөйтсем ол кісіге қазақ тілін білетін адам керек екен. «А.Машанов, А.Көбесов деген ғалымдар әл-Фараби туралы қазақ тілінде кітаптарын жіберіпті, мен қазақша білмеймін. Маған сол екі кітапты оқып, реферат жазып бересіз бе?» деді ол. Жазып бердім. Қатты риза болды. Сыйлық ретінде бір айлық шәкіртақы тағайындады. Б.Ғ.Гафуров менің диссертациямның тақырыбы Марокко әдебиетіне қатысты екенін естіген болатын. Кейін ол Марокко Корольдігінің астанасы Рабат университетінде оқуға бір орын келгенде, мені сонда жіберді. Сөйтіп Мароккоға аттанып кеттім. Ол жақтан қазақ даласынан шыққан ғалымдар туралы жазба деректер табыла бастады. Әсіресе елге Әбу Насыр әл-Фарабиге байланысты бірқатар аса құнды материалдар алып келдім. Оны студенттерге оқыған дәрістерімде пайдаландым.

Кейін басқа да елдерге іс-сапармен барғанымда да Әбу Насыр әл-Фараби және сондай-ақ қазақ даласының сонау дана перзенттері есімнен шыққан емес. 2013 жылы мен Сүлейменов атындағы Шығыстану институтына директор болып тағайындалдым. 2014 жылы Елбасы ұсынған ғылыми жобаны іске асыру үшін ғалымдар әртүрлі елдерге іс-сапарға жіберіле бастады. Мен араб тілінің маманы болғандықтан Испанияның Эскуриал қаласындағы кітапхананы таңдадым. Эскуриал кітапханасы 1537 жылы ашылған. Ол жерде біздің Орта Азияға қатысты да жазба мұралар болуы мүмкін деген ойда болдым. Испанияны арабтар 711 жылы жаулап алған. Содан 1492 жылға дейін олардың Андалусия деген аймағында мұсылман мемлекеті болды... Эскуриал кітапханасының директоры Хосе Луис мырза көмектесетіні жайлы бірден айта қоймады. Кітапханада Біріккен Араб әмірлігінен келген ғалыммен таныстым. Ол маған көмектесу жайлы директорға өтініш жасады. Әлгі ғалым екеуміз арабша сөйлесіп, танысып, түрлі ғылым салалары жайлы пікір алыстық. Директор уәдесін орындап менің ізденістеріме көмектесті. Керек қолжазбаларды берді. Арасынан Әбу Насыр әл-Фарабидің 10 трактаты шықты. Оның біреуі бұзау терісіне жазылған екен. Сондай-ақ Эскуриал кітапханасынан Сайрамнан шыққан 3 ғалымның еңбектерін ұшыраттым. Осылай ұзақ жылдардан бері қазақ жерінің ғалым перзенттерін іздеуді, зерттеуді еш доғарған емеспін. Келесі жылы Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толады. Қазақстан оны үлкен салтанатпен ЮНЕСКО шеңберінде атап өтуге дайындықты бастап кетті.

– Бір сұхбатыңызда «Қазір бізде әл-Фарабилердің саны – 30-ға, Шауғари-Йасауи-Түркістанилердің саны 20-ға жетті. Әлі танылмаған, ғылыми айналымға енбеген Түркістанилер, Найманилер, Жалайырилер, Қыпшақилер жетіп артылады» дедіңіз. Осыған тоқталып өтесіз бе? Олар кімдер? Ұлттық ғылыми айналымда алар орны қандай?

– Күні бүгінге дейін қазақ тарихында ортағасырлық төрт-ақ ғалымның аты аталып жүрді. Олар: Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашғари, Қожа Ахмет Йасауи. Әдетте басқалар туралы айтылмайды. Қазақстан осы уақытқа дейін Фарабтан шыққан жалғыз Әбу Насыр әл-Фарабиді ғана біліп келді. Мен Отырардан шыққан 30 әл-Фарабилерді таптым. Қайдан табылды? Араб, парсы елдерінен. Фараб ғалымдарының ішіндегі ең атақтысы, әрине Әбу Насыр әл-Фараби. Ол химик, математик, физик, әдебиетші, тілші, философ, музыка саласының да білгірі. Ал фарабтық қалған 29 ойшыл ғалымдар бір ғылым саласына ғана қалам тербеген. Мысалы, Әбу Ибраһим Исхақ әл-Фараби (? – 961) тіл маманының өкілі.

Ал Йасауилерді қалай таптыңыз дейсіз ғой? Менің бір қызық «әдетім» бар. Қай елге барсам да кітапханасына кірмей кетпеймін. Үндістанға барған сапарларымның бірінде Кашмир кітапханасының қолжазбалар қорынан он шақты Йасауилерді ұшыраттым.

Жалпы қазақ даласынан шыққан ғалымдар өздерін екі түрлі текпен жазып отырған. Біреулер туған жерлерінің есімдерін, мысалы, әл-Фараби, ат-Түркістани, ас-Сығанақи, әл-Баласағұни және т.б. Екінші бір топ ру-тайпаларымен аталған. Мысалы: Наймани, Жалайыри, Дулати, Қыпшақи, Адайи, Қоңратли, Кердери. Мәселен, Қадырғали Жалайыриден басқа да бірнеше Жалайырилер бар. Мұхаммед Захир ад-дин Бабырдың «Бабыр намасында», Дулатидің «Тарихи-Рашидиінде» Хасан Әли Жалайыри деген зиялы аталады. Бабыр: «Ол жақсы ақын еді. Маған өлең арнады. Менің сарайымда тұрды» десе, Мұхаммед Хайдар аталмыш еңбегінде Хасан Әлидің өлеңінен үзінді де келтірген. Бұл кісіден поэма да қалған екен. 2018 жылы қыста Санкт-Петербургте ежелгі Азия музейі – бүгінгі шығыс қолжазбалар институтының 200 жылдық тойы өтті. Мен сонда шақырылдым. Өкінішке қарай, сол институттың кітапханасын аралауға уақыт болмады. Бірақ Хасан Әли Жалайыридің қолжазбасы сонда екенін білем. Қол тисе тағы бірде барармын деген ой жұбаныш.

– Ақсақ Темірдің қолхатын қалай таптыңыз? Хат несімен құнды?

– Жоғарыда 1977 жылы ҚазМУ-ға қызметке шақырылдым дедім ғой. 1978 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстанда құрылтайы өтетін болды. Қонақтар Түркістан қаласына баруды жоспарласа керек. Ол кезде Өзбекәлі Жәнібеков Мәдениет министрінің орынбасары болатын. Сол кісі Қожа Ахмет Йасауи кесенесіндегі жазуларды аударатын маман іздеп, менімен хабарласты. Екі ай бойы екеуміз Түркістанда қоянқолтық жұмыс істедік. Өзбекәлі аға жөндеу жұмыстарын басқарды, мен жазуларды зерделедім. Сол кезде Өзбекәлі ағамыз өзінде Қожа Ахмет Йасауидің мавзолейін қалай сақтау керектігі жайлы жазылған Ақсақ Темірдің қолхаты бар екенін айтты. Соны да аударуымды өтінді. Қолжазба мен аударма қазір сол мавзолейде тұр. Кесене жанында жерасты моншасы да бар екен. Моншаға түсу жайлы шағатай тілінде жазылған ереже де бар екен. Оны да аудардым. Ақсақ Темірге қатысты мұрамен осылай танысқан едім.

– Еліміздегі арабтану ғылымының негізін салдыңыз. Арабистика саласы бойынша еліміздің тұңғыш ғылым докторы, тұңғыш профессоры, тұңғыш академигі ретінде бұл саланың қазіргі жай-күйін, даму бағытын қалай бағалайсыз?

– Филология факультетінің жанынан 1977 жылы Араб тілі мен әдебиеті бөлімін ашқан соң, 1984 жылы Шығыс филологиясының кафедрасын аштым, 1989 жылы Өзбекәлі Жәнібековтың көмегімен шығыстану факультетін, оларға қажет оқулықтар жазуды да ұйымдастырдым. Факультет араб, парсы, урду, түрік, жапон, һинди және кәріс тілі мен әдебиеті секілді 7 бөлімнен тұрады. Қазақстан тәуелсіздік алған кезде мен дайындаған шәкірттердің бірқатары елші болып тағайындалды. Өзім де дипломатиялық қызметке тартылдым. Бүгінде Шығыстану факультетінің аяқ алысы жақсы. Жақында ғана Каир университетінен ҚазҰУ-дың бөлімшесі ашылды.

– 2000-2013 жылдар аралығында еліміздің Бас мүфтиі болдыңыз. Бұл кезеңге де соқпай кетуге болмас. Сіз ҚМДБ-ны басқарып отырған шақта еліміздегі діни ахуал қандай болған еді?

– 2000 жылы дипломатиялық қызметте жүргенде Президент аппаратына шақырылдым. Бардым. Руханият саласымен айналысатын бір азамат: «Елімізде діни мәселелер күрделеніп барады. Сіз Меккеде, Сауд арабиясында қызметтесіз ғой. Діни мәселелерді де білесіз. Елімізде діни проблемаларды қалай реттеуге болады, сол туралы ойыңыз қандай?» деп сұрады. Бұл істі ең әуелі кадр мәселесінен бастау керек екенін айттым. Дін саласы бойынша шет елде кадр дайындаудың жөні жоқ. Діни мамандарды өзіміз дайындауымыз керек. Себебі мектепті жаңа бітірген баланы шетелге оқуға жібергенде, олардың басқа ағым жетегінде кетпесіне кім кепіл? Сол себепті діни оқу орнын өзімізден ашуды, бүкіл имамдарды аттестациядан өткізуді ұсындым. Бұл сәске кезінде болған әңгіме еді. Түстен кейін «Сізді Президент Н.Ә.Назарбаев шақырып жатыр» деген хабар түсті. Келдім. Нұрағаң айтқан ұсыныстарым жайлы толығырақ әңгімелеуді айтты. Тыңдап болған соң: «Айтқандарыңыздың бәрін өзіңіз орындаңыз. Екі-үш күннен кейін Қазақстан мұсылмандарының құрылтайы болады, мүфти қайта сайланады» деді. Мен әуелгіде дін адамы емес екенімді айтып, бас тартып едім. Бірақ соңынан Елбасының уәждеріне тоқтап, әрі сөзін де, өзін де сыйлағандықтан келісім бердім. Құрылтай мені Бас мүфти етіп сайлады. Қызметті имамдарды аттестациядан өткізуді бастадым. Имамдардың білімін жетілдіретін Ислам институтын аштым. Олардың киім формасын ретке келтірдім. Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетін ұйымдастырдым. Қажылық істерді ретке келтірдім. Медреселер аштым. 2000 жылы елімізде 1000-ға жуық мешіт болса, соның 284-і ғана Діни басқарма құзырында еді. 2013 жылы ғылыми қызметке ауысқанда елімізде 2500-ден астам мешіт болды. Алматыда 2000 жылы 2-3 қана мешіт болса, 2013 жылы 40-тан астам мешіт жұмыс істеді. Сонымен, жылдар жылжып өтіп жатты. Діни қызметім көңілден шыққан болуы керек, мұсылмандар құрылтайы мені тағы да бірнеше рет қайта сайлады. Кезекті құрылтай кезінде мұсылман бауырларымызға ғылыми-педагогикалық қызметке оралу ойымен мүфтилікті тапсыратынымды айттым. Сөйтіп, 2013 жылы Шығыстану институтына директор болып келдім.

– «Ана тілінің» дәстүрлі сауалы: қазақ тілінің бүгінгі мәртебесі, қоғамдағы орны туралы ойыңыз қандай? Ғылым қазақ тілінде сөйледі деп сеніммен айта аламыз ба?

– Біздің кезімізде орыс тілін білмейтіндердің болашағы жоқ деген пікір үстем болды емес пе?! Одан бері қаншама жыл өтті. Қазақстан тәуелсіздік алды. Қазақ тілінің жағдайы қазір тіпті басқаша. Қазақ тіліне деген құрмет өсе түсуде. Басқа ұлттар да қазақ тілін оқи бастады. Білгісі келетіндердің де қатары өсіп келетінін көріп отырмыз. Кезінде жұрт «Қазақстанда бүкілісқағаз қазақ тілінде жүретін бір-ақ мекеме бар. Ол – Діни басқарма» дейтін. Себебі мен бүкіл істі қазақша, мемлекеттік тілде жүргіздім. Тіпті қазақ тілінде жазылмаған хаттар Діни басқармада қабылданбайтын.

Бірде Франциядан делегация келді. Аудармашысы қазақ қызы екен. Бірақ француздардың айтқанын маған ол орысша аудара бастады. Содан мен «Сіздердің айтқандарыңызды түсінбедім» дедім. «Қалай? Сіз қазақ емессіз бе?» деді олар. «Қазақпын». «Ал тәржімалаушы қай тілге аударып отыр?» деді олар. «Орысшаға». «Сіз сонда орысша білмейсіз бе?». «Білемін, бірақ менің қызметім қазақ тілін білуді, соны құрметтеуді талап етеді» дедім. Содан әлгі делегация ертеңінде қазақ тілін білетін аудармашы алып келді. Одан кейін де қаншама делегация келеді. Бәрін ана тілімізде қабылдап отырдым. Міне, осылай істеу керек сияқты. АҚШ сенаторларымен де әңгіме қазақ тіліне өтті. Әрбір мекеме басшысы ана тілін құрметтесе, тіліміз одан сайын өркенін жая түседі. Құдайға шүкір, қазақ тілінің болашағы зор деп ойлаймын. Кейде бауырларымыз неге бәрі бірден бола салмайды деп жататын сияқты. Әбден қатып, сіресіп қалған нәрсені алдымен жібіту керек. Сабыр керек. Біраз жылдан кейін бәрі орнына келеді. Қазақ тілінің Қазақстандағы болашағы зор. Бұл ақиқат.

– Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен
Әсел САРҚЫТ
«Ана тілі»

ТЕРМИНКОМҒА ҚУАТТЫ МӘРТЕБЕ КЕРЕК...

Кезінде Франция президенті Миттеран терминком жиынын өзі басқарған

Өткен бейсенбі күні ҚР Парламенті Мәжілісінде Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің ұйымдастыруымен «Рухани жаңғыру: қазіргі қазақ терминологиясы» атты ғылыми-практикалық конференция өтті. Алқалы жиында Мәжіліс депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің хатшысы Бейбіт Мамраев модератор болды. Мәжіліс депутаттары, БАҚ басшылары, тілші-ғалымдар қатысқан конференцияда А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, ф.ғ.д, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Ерден Қажыбек, тілші-ғалым, профессор, Шерубай Құрманбайұлы, ҚР Жоғары сотының судьясы, заң ғылымының кандидаты Бағлан Мақұлбеков терминология мәселесіне қатысты арнайы баяндамалар жасады. Мәжіліс депутаты, профессор Асылбек Смағұлов, Мәжілістің редакциялау және аударма бөлімінің меңгерушісі Дәуітәлі Омашұлы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының терминология бөлімінің меңгерушісі Қарлығаш Айдарбек, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ғылыми-практикалық орталығының ғалым-хатшысы Гүлфар Мамырбекова, «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының директоры Рауан Кенжеханұлы, Мәжіліс депутаты Сауытбек Абдрахманов, «Егемен Қазақстан» газетінің Бас редакторы Айбын Шағалақ латынға көшу барысындағы терминология мәселесіне, кейбір түйткілдерге қатысты пікірлерімен бөлісті.

Аталған конференцияның соңында арнайы ҚР Үкіметіне, ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне, ҚР Білім және ғылым министрлігіне бағытталған арнайы қарар қабылданды.

Төменде сол конференцияда жасалған мазмұнды және бүгінгі терминология төңірегіндегі түйткілдерді ашып көрсеткен баяндамаларды арнайы жариялап отырмыз.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ, филология ғылымының докторы, профессор

Терминология мәселелеріне ҚР Парламент Мәжілісі тарапынан арнайы көңіл бөлініп, ҚР Мәдениет және спорт министрлігімен бірлесіп республикалық ғылыми конференция ұйымдастырылып отыруы осы саланың маңызы мен кеңесіп шешетін өзекті мәселелерінің аз еместігінің көрінісі болса керек.

Бізге осы алқалы ғылыми жиынды ұйымдастырушылар тарапынан «Қазіргі қазақ терминологиясының өзекті мәселелері» деген тақырып бойынша баяндама жасау ұсынылып отыр. «Терминологияның өзекті мәселелері» дегенде бұл саладағы бірінші кезекте атқарылуға тиісті жұмыстар мен шешімін таппаған мәселелер жөнінде сөз болуға тиіс. Бұл тұрғыдан келгенде екі мәселеге ерекше мән беру қажет деп ойлаймыз. Ең алдымен, терминология дамуының бағыт-бағдарын белгілеп отыратын ғылыми кадрлардың, әсіресе термин жасауға машықтанған, терминологиялық жұмыстарды кәсіби тұрғыдан жүргізуге құзыретті практик терминші мамандардың жеткіліксіздігі мен барларының осы істің басы-қасында болмауы, өздері маманданған іспен тікелей айналыспауы. Екіншісі, терминологиялық жұмыстардың республикалық деңгейде жүйелі түрде, үйлестіре отырып, жоғары кәсіби деңгейде жүргізілмеуі. Қазақ терминологиясының шешімін таппай жатқан өзге мәселелерінің бәрі осы ең басты екі мәселені дұрыс шешіп, жолға қоймаудан туындап отыр деуге болады.

Терминология саласында түк істелмеді, мүлде жұмыс жүргізілмей жатыр деуге болмайды. Бізде осы екі бағыт бойынша да азды-көпті атқарылып жатқан жұмыстар, қол жеткен нәтижелер бар. Бұл атқарылған істер негізінен ҚР Үкіметі жанындағы республикалық терминология комиссиясы мен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, кейінгі жылдардағы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитетіне қарасты Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының, жоғары оқу орындары мен әртүрлі мекемелерде еңбек етіп жүрген жекелеген ғалымдар мен мамандар ізденісінің нәтижесі. Тәуелсіздік жылдарында бұрынғы кезеңмен салыстырғанда терминтану саласы бойынша ғылыми кадрлар мен практик мамандар біршама көбірек даярланды. Түрлі ғылым саласының терминологиялық сөздіктерін жасап, оқу құралдарын жаза жүріп өз ізденістері арқылы сөздікші-терминші ретінде қалыптасқан сала мамандары да бар. Алайда ондай мамандардың көбі қазір әр салада, түрлі мекемелерде қызмет етеді. Олар күш біріктіріп, ортақ іске жұмыла кірісіп, өздері маманданған терминология мәселелерін шешу ісіне әрі баршаға ортақ шаруаға атсалысып, білетін ісімен айналысып отырмағандықтан, ұлттық терминдер қорын қалыптастыру сияқты өте ауқымды жұмыс тиісті деңгейде атқарылып, бұл мәселе толық шешімін таба алмай келеді. Іс нәтижесіне, осы мерзімге дейін атқарылған жұмыстардың ауқымы мен сапасына сыни тұрғыдан қарасақ, әзірге тіл тұтынушыларының сұраныстарын өтеп, ғылым тілінің қажеттілігін мінсіз қамтамасыз ете алатындай жетілдірілген терминжүйе қалыптастырдық деуге әлі де ертелеу. **Бұл негізінен қазақ тілінің ғылым мен технология саласындағы қолданысына, қоғам тарапынан оған деген қажеттіліктің толық туындамай отыруымен де тікелей байланысты.** Соған қарамастан, қолда бар мүмкіндіктер барынша пайдаланылып, ғылыми әлеует пен істі ұйымдастырушылар осы саланың өзекті мәселелерін шешуге жұмылдырылып, жоспарланып, өткізіліп жатқан іс-шаралардың ауыз толтырып айтатын нақты жетістіктері мыналар деуге келгенде де тосылып қаламыз. Ендеше, терминологиялық жұмыстарды ұйымдастырудың тиімді тетіктерін тауып, жетілдірілген терминжүйе қалыптастыру мақсатымызға апаратын ең ұтымды жолымен келе жатырмыз деген қорытынды жасауға негізіміз де көп емес. Олай болса, терминжасам мен терминдерді реттеу, біріздендіру, бекіту кезіндегі формалдылықтан арылып, терминологиялық жұмыстарды ұтымды ұйымдастырудың, іс сапасын көтерудің тиімді жолдарын әлі де бірлесе іздеуімізге тура келеді. Ол үшін, алдымен, бұл бағытта туындап отырған мәселелерді анықтап, істі жүргізу барысында кеткен кемшіліктерімізді айқындап алған жөн шығар. Содан кейін барып оларды түзетудің, алдағы уақытта атқаратын тірліктерімізді тиімді ұйымдастырудың жолдарын қарастыруға мүмкіндік аламыз.

Енді терминологияны ретке келтіруде қандай кемшіліктер жиі байқалады дегенге келсек, мына мәселелерді атауға болады:

Терминологиялық жұмыстарды жүргізудің негізгі бағыт-бағдары, терминқор қалыптастырудың ғылыми қағидаттары айқын емес. Терминологиялық жұмыстарды жүзеге асыру кезінде белгілі бір баршаға ортақ ұстанымдар мен қағидаттар басшылыққа алына бермейді немесе оларды жауапты құрылымдар мен осы жұмысқа жетекшілік етушілер қалауына қарай өздері белгілейді, жиі өзгертіп алады. Терминге, терминологияға бұлай қарау – бұл саладағы жұмыстың жолға қойылмағандығын, істің ғылыми, кәсіби тұрғыдан тиісті деңгейде жүргізілмей отырғанын көрсетеді. Соның салдарынан тұрақты қолданылатын ұлттық ғылыми терминологиялық қор қалыптасып, толық орнықпай отыр.

Ұлт тілінде жасалған терминдердің сапасын анықтап, олардың арасынан ғылыми ұғымды дәл беретін, тілдік нормаға сай сәтті жасалғандарын уақтылы сұрыптап, іріктеп алу жолға қойылмаған. Соның салдарынан түрлі факторлар (автордың беделге басуымен, жеке тұлғалардың қалауымен, лауазымды адамдардың ықпал етуімен, т.б.) әсерінен терминге қойылатын талаптарға сай жасалған нұсқа таңдалмай, сәтсіз жасалған атаулар қолданысқа еніп, ресми бекітіліп кетіп жатады.

Терминдерді ресми бекітуге ұсыну мен бекіту, сондай-ақ олардың қолданысын орнықтыру жұмысында жүйелілік, сабақтастық жетіспейді. 90-жылдардан бастап терминқорымыздың ұлттық сипатын арттыру мақсатында кезінде орыс тілінен аударылмай өзгеріссіз қабылданған көптеген терминдердің қазақша баламалары жасалып, қолданысқа енгізілді. Олар жұртшылық санасына сіңіп, тілдегі қолданысы енді тұрақтай бастағанда сондай орынға бастаған атаулардың бірқатары қайта қаралып, бастапқы қалпына келтірілді. Мысалы: *аукцион (90-жылдарға дейін) – бәссауда (2009) – аукцион (2014), гимн (90-жылдарға дейін) – әнұран (1992) – гимн (2014), музей (90-жылдарға дейін) – мұражай (1998) – музей (2014), процент (90-жылдарға дейін) – пайыз (2000) – процент (2018), принцип (90-жылдарға дейін) – қағидат (2000) – принцип (2014)* және т.б.

Иә, терминдерді жүйелеп, жетілдіріп, талаптарға жауап бермейтіндерін алмастырып отыру үздіксіз атқарылатын, ешқашан тоқталмауға тиіс жұмыс. Қатып қалған ешнәрсе жоқ. Термин шығармашылығы да жанды процесс. Бір бекіткен терминді өмірбақи солай қолдану қажет деп отырған жоқпыз. Бірақ айналдырған 15-20 жылдың ішінде бір терминді екі-үш рет қайта бекіту деген мүлде ақылға сыйымсыз тірлік. Кеткен кемшіліктерді түзету, сәтсіз жасалған терминдердің орнын жаңа баламалармен алмастырылуы орынды. Алайда осылай әр он-он бес жыл сайын терминдерді қайта-қайта бекітіп, жиі-жиі өзгерте берсек, біз ғылым тілінің, салалық терминдер жүйесінің орнығуын, терминдердің тұрақты қолданылуын қамтамасыз ете алмаймыз. Тәуелсіздіктің 25-30 жылында бес рет қайта бекітілген атаулар бар. Мұны қалай түсінуге болады? Терминдерді бекітуді дәл осындай жиілікпен жүзеге асыру терминдерді қалыптастыруға, олардың тұрақты қолданылуына қол жеткізуге емес, керісінше, олардың тұрақтамауына апарып соқтырады. Жұмысты бұлай атқару жұрттың басын қатырып, мамандарды шатастырады. Сол себептен де белгілі бір терминді бекітуге ұсынушылар да, оны бекіту жауапкершілігіне ие комиссия мүшелері де өздеріне жүктелетін зор жауапкершілікті терең сезінгені абзал.

Бекітілген терминдерді тұрақтандырып, оларды тіл тұтынушыларына, сала мамандары мен жұртшылыққа уақтылы таныстыру, қажет кезінде электрондық жүйелерден іздеп табу, тілдік қолданысқа енгізу тетігі жасалмаған. Осы жұмыстың жолға қойылмау салдарынан бүгінге дейін бекітілген 24 мың терминнің елеулі бөлігі ғылым тілінде кеңінен қолданылмайды. Мысалы, мына сияқты ресми бекітілген *ішкіндік (гипоцентр), түтінтартқы (дымосос), қарымжы (задаток), майтұрақтылық (маслостойкость), айданды (дистиллянт)* тәрізді терминдерді кім қолданып жүр?Бұндай терминдер ондап, жүздеп саналады. Осы жағдайдың өзі біздің «Мемлекеттік бағдарлама бойынша индикатор белгілеп, сан қуалап жыл сайын мыңдаған терминдерді ресми бекітуіміздің тиімділігі қандай?» деген заңды сұрақ туындатады. Жалпы терминдерді осылай санмен жоспарлап бекітудің өзі қисынсыз тірлік. Келесі бағдарламада мұны ескеру керек деп санаймыз.

Атқарылған жұмыстар бір-бірімен байланыссыз, шашыраңқы түрде немесе тар ауқымда жүзеге асырылады. Сондықтан бұл істе үйлесімсіздік, мамандардың бірінің істегенін екіншілері қайталау, реті мен маңыздылығы тұрғысынан кейін жасалуға тиісті жұмыстарды алдымен қолға алу сияқты кемшіліктер жиі байқалып жатады. Мәселен, бір ғана ғылым саласы бойынша бір-біріне қайшы тұстары көп терминологиялық сөздіктердің жарық көруі, бір мекемеде, оқу орындарында атқарылған жұмыстар, жазылған еңбектер жөнінде өзгелердің хабарсыз болуы және т.б.

Бұл істі басқару мен ұйымдастыруға кәсіби тұрғыдан келмеуден туындап отырған жағдай. Сол себептен де терминологияның шешімін таппаған, қордаланып қалған мәселелері әлі де азаймай отыр.

Бұл саладағы жұмыстар жемісін беруі үшін мына төмендегі мәселелер рет-ретімен, жүйелі түрде жүзеге асырылуы тиіс деп санаймыз:

1. Жоғары білікті терминтанушы ғылыми кадрлар мен практик терминші мамандар даярлау (ҒЗИ, ЖОО-да терминтанушы ғылыми кадрлар даярлау, сала мамандарына терминология бойынша арнайы курстар жүргізу);

2. Бүкіл терминологиялық жұмыстарды республикалық деңгейде басқару мен ұйымдастыру тетігін жетілдіру; (Терминкомның құқықтық мәртебесін күшейту, құзыретін нақтылау, жұмыс істеу тәртібіне өзгертулер енгізу).

3. Терминологияның бағыт-бағдарын белгілеп, терминологиялық жұмыстарды республикалық деңгейде ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ете алатын кадрлардан, терминологиялық жұмыстарды жүргізуге маманданған салалық мамандардан, терминшілерден тұратын білікті мамандар шоғырланған, терминкомға ұсынылған терминдерді сараптамадан өткізетін арнайы құрылым құру (Онда терминологиялық жұмыстарды жүргізудің теориясы мен практикасын, әдістемесін білетін терминтанушылар мен, тәжірибелі практик мамандар, лингвистер, жаратылыстану, нақты ғылымдар мен қоғамдық ғылымдар өкілдері, түрлі саланың терминдерін жасап, терминологиялық сөздіктер түзіп жүрген белгілі сала мамандары болуға тиіс).

ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА ТІЛІ ҚАЛЫПТАСУ КЕРЕК

Дәуітәлі ОМАШҰЛЫ, ҚР Парламенті Мәжілісі Аппараты Редакциялау және аударма бөлімінің меңгерушісі

Терминология мәселесін қозғағанда біз терминдерді ұлттық заңнама терминологиясы шеңберінде қарастыратынымызды бірден айтуымыз керек. Өйткені заңдар қоғам өмірінің барлық саласын реттейтін жоғары құқықтық акт. Сондықтан заңнама терминдері қоғамның тіршілік-тынысының барлық саласын қамтиды.

Ұлттық заңнама терминологиясында шешілмей жүрген бірқатар өзекті проблемалар бар. Бірінші – нормативтік құқықтық актілердегі атау сөздердің, терминдердің бірізділігі проблемасы. Нормативтік құқықтық актілер жобаларының орыс тілінде әзірленуі, Парламентке келіп түскенше осы жобалардың орыс тіліндегі мәтіні ғана пысықталып, ал қазақ тіліндегі аударма нұсқасының назардан тыс қалуы, жалпы алғанда ұлттық заңнама тілінің, оның терминологиясының орыс тіліндегі нұсқаға байланып қалуы ұлттық заңнаманың тілі мен терминдеріндегі бірізділіктің сақталмауына себеп болып отыр. Тиісті сала маманының, заңгердің тезінен өтпеген ұлттық термин алды-арты, кейінгі қолданылу жағдайы болжанбай, бір қайнауы ішінде шала-шарпы күйінде кетіп жатады.

Мәселенің түйіні нормативтік құқықтық актілер жобаларын қазақ тілінде әзірлеуде жатыр. Сонда ғана бірнеше сатыда алуан түрлі мамандар талқысынан өткен әмбебап терминдер қалыптасар еді.

Кеңес өкіметі тұсында ұлттық терминологиямыз интернационалистік принциппен дамыды. Түбірі сақталып, жалғауы орысшаға бейімделіп өзгертілген халықаралық терминдер, атау сөздер біздің тілдік ортамызға сол күйінше еніп кетті. Соның салдарынан қазіргі заңнама мәтіндерінде сырттан енген сөздер көптеп кездеседі. Басқа тілдерден сөзді қалай алу керек? Бұған қатысты екі пікір бар, біріншісі – сөзді сол қалпында алу керек дейді, екіншісі – сөзді алған уақытта осы елдің грамматикасына, сөз құрылысына, сөзді қалай қолданады, соған сай қылып алу керек дейді. Мысалы, «партия» деген сөзді орыстар француздан алған, ал француздар – латыннан. Сонда француз тілінде «жөпәрти» дейді, ал орыстар оны «партия» деп алған. «Диктатура» деген сөз француздан алынған, ал француздар «лөдиктәтюр» дейді. Оны орыстар «диктатура» деп алған. Басқа елдің тілдерінен алуға болады, бірақ оны ұлттық тілдің грамматикасына, сөз құрылысына кіргізіп жіберу керек. Мысалы, орыстар тілдік қорының 30 пайызына дейін латын мен гректен алған. Біздің көбіміз оның орыстың сөзі емес екенін білмейміз. Олар тіл заңдылығын сақтай отырып, өздерінің тіліне кіріктіріп жіберген. Шет тілдерінің сөздерін осылайша кіріктіріп жіберуге болады.

Бірнеше ұрпақ сол сырттан енген терминдердің тілімен оқып, бұл сөздер әбден құлаққа сіңісті болып қалды. Жөні келсе аударғанда дұрыс, әрине. Бірақ, өкінішке қарай, терминді, атау сөзді аударған кезде көпшілік жағдайда оның кез келген сөз тіркесіндегі әмбебап мағыналық принципі, яғни терминнің аудармасына деген академиялық көзқарас сақталмайды. Көпшілік жұрттың оны қалай қабылдайтыны, аударма терминнің тілдік ортаға сіңісу мәселесі ескерілмейді. Содан келіп бір сөзді бірнеше нұсқада аудару проблемасы пайда болды. Академиялық көзқарас соңғы жылдары қаптап кеткен сөздіктерде де сақталмаған. **Өкінішке қарай, академик Ә.Қайдаровтың сонау 90-жылдардың басында айтқан: «Қазақ тілінің терминологиясы түрлі жағдайларға байланысты бүгінде дағдарысқа ұшырап отыр: оның ғылыми принциптері жаңа үрдіске бағыт-бағдар беріп, алда жүріп отырудың орнына артта қалып, термин практикасы аяқасты болып бара жатыр. Осының салдарынан әркімнің өз білгенінше термин жасауы немесе оны ауыстыруы тәрізді бейберекет әрекетке (анархия) жол беріле бастады» деген сөзі бүгінгі күні күрделі проблемаға айналып, алдымыздан шығып отыр.**

Осы орайда Терминкомға тиісті мәртебе берілсе, біздің жұртшылыққа тарап, қоғамдық пікір туғызатын ресми құжаттарымыз бен баспа басылымдарымызда бұрыннан екшеліп, електен өтіп, қалыптасқан сөздер мен тіркестерді әркімнің өз бетінше бұрмалап жазуына, жаңа сөздердің баламасын долбарлап жасай салуға жол берілмес еді-ау деген ой келеді.

Франция сияқты әлемге әйгілі дамыған елдің президенті Француз Миттеран терминкомның жиналысын өзі басқаратын болған. Бұл – Франция президентінің істейтін жұмысы жоқ немесе біздің президентіміз де Терминкомды басқарсын деген сөз емес. Бұл факт терминдерге осындай мән берсе де артық болмайды дегенді білдірсе керек. Ал біздің Терминком болса, әлі күнге дейін консультативтік-кеңесші орган мәртебесін қанағат тұтып отыр.

Адам психологиясы бір нәрсені жаңадан жасап, қиналғаннан гөрі дайынды пайдаланғанға бейім. Сондықтан біздің ғылымға талаптанған жастарымыз ғылым саласындағы, оның ішінде заң ғылымы саласындағы зерттеулерін қазақ тілінде жазуды, ондағы атау сөздер мен терминдерді қазақшаға аударғанды жан қинайтын артық жұмыс санайды. Ал орыс тілінде біршама пысықталып, дайындалған терминдер, терминология бар. Оның үстіне, көпшілік ғылыми әдебиеттер, мақалалар негізінен орыс тілінде және басқа тілде. Сол себепті орыс тілінде жазғанды жөн көреді.

Тіліміздегі, оның ішінде ұлттық заңнамадағы терминдерді бірізге түсіру қажет. Бұл – елдігімізге сын. Ол үшін терминдерді ретке келтіріп алу керек. Содан соң халықаралық теорияның қазіргі принципіне сай терминдерді стандарттау және өзара үйлестіру жұмысына көшуіміз қажет. Себебі біз халықаралық құқық теориясынан, оның терминологиясынан тыс қала алмаймыз.

Үлкен проблеманың бірі – мемлекеттік тілдегі терминдік қордың әлі жеткілікті деңгейде қалыптаспағаны. Еуропаны айтпағанда бұрынғы ТМД елдерімен салыстырғанда да біз бұл жөнінен көп кенжелеп қалғанбыз. Мысалы, кейбір Балтық жағалауы елдерінде мемлекеттік терминология комитеттері бекіткен терминдер санынан біздегі бекітілген терминдер әлі де аз.

Жоғарыда біз орыс тіліндегі терминологияның артықшылығы жөнінде айттық. Ал енді орыс терминологиясы да жоқтан бар болып, аспаннан аяғы салбырап түсе қалған жоқ. Кезінде КСРО халықтарының мемлекеттік тілі – орыс тілінің қоғамдық өмірдің барлық саласында жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында термин мәселесімен арнайы түрде айналысатын, білікті ғалымдар мен әлеуметтанушылардан құралған Ғылыми-техникалық терминология комитеті құрылып, оған ғылыми-зерттеу институттары бағындырылды. Яғни, ол – жүйелі түрде жүргізілген жұмыстың жемісі. Біздің қазіргі Мемтерминкомды білікті аппараты, қажетті қаржысы бар тұрақты жұмыс істейтін мемлекеттік органға айналдырудың кезі келді. Сондай жағдай жасалғанда ғана, одан нәтижелі жұмыс талап етуге болады. Ал Мемтерминкомның консультативтік кеңесші орган ретіндегі қазіргі жағдайымен ұлттық терминдерімізді қалыптастыру сияқты үлкен жұмысты тиянақты жүргізу әсте де мүмкін емес. Кеңесші орган болғандықтан оның шешімдерінің де жалпыға бірдей міндетті күші болмайды.

Терминология бүгінгі күні ең күрделі және проблемасы көп сала. Қазір жарыса шығып жатқан жаңа сөздер көп. Сөздіктердің өзі ала-құла. Кәсіби, салалық, ғылыми терминдердің әр жерде әр түрлі жазылуы бәрімізді жаңылдырады. Сондықтан заң, медицина, техника, экономика, әлеуметтану, саясаттану және тағы басқа салалардың өзіне тән терминдері мен атау сөздерін қамтитын 30 томдық сөздікті қайта пысықтаудың да уақыты келді.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасында терминологиялық ахуалға сипаттама беріліп, ұлттық терминологияны дамытудың негізгі міндеттері белгіленді. Олардың бәрін тізбей-ақ бір-екеуіне тоқталайық.

Біріншісі: «Мемтерминкомның мәртебесі өзгертіліп, оның міндеттері, құрылымы қайтадан қаралып, жаңа бағыттары белгіленген ресми орган ретінде бекітілуі қажет» дейді.

Екінші: мемтерминком қабылдаған сөздерді Үкімет қаулысымен бекіту қажеттігі айтылады.

Ал енді алға қойылған осы міндеттердің орындалуы қалай. Тұжырымдамада Мемтерминкомды мемлекеттік орган ретінде құру бірінші міндет ретінде белгіленгенімен, ол әлі күнге шешімін тапқан жоқ. Терминком бекіткен сөзді алуға да, алмауға да болады, өйткені ол кеңесші орган...

Терминком қабылдаған сөздер Үкіметтің қаулысымен бекітілсін деген нұсқау да орындалған жоқ.

Сондықтан Тұжырымдамада белгіленген міндеттердің орындалу жайына мониторинг жүргізіп, терминология үшін аса маңызды міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету керек. Заң жобаларымен жұмыс істеу барысында терминологияға қатысты көптеген проблемаларға кезігіп жүрміз. Бұл жалпы термин жасау ісіне тән проблемалар, өйткені экономиканың, ғылым мен білімнің, техниканың түрлі салалары бойынша ұлттық терминологияны қалыптастырып, жетілдіріп отыру күн тәртібінен түспейтін мәселе. Бұл ұзақ уақытқа созылатын іс екендігін бәріміз де жақсы білеміз. Қазіргі жаһандану кезеңінде қазақ терминологиясын жасау, оны қалыптастырып, дамыту оңай шаруа емес, өйткені осы жаһандану процесімен талай-талай жаңа ұғымдар тұрмысымызға еніп жатыр. Бұл біз үшін ғана емес, әлем жұртшылығы үшін де үлкен проблема. Ендеше заңнама тілінің өзегі ретінде терминологиямызды түзу бүгінгі күннің ерекше талабы.

КІРМЕ ТЕРМИНДЕРДІ ТІЛ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫНА САЙ ИГЕРУ

Қарлығаш АЙДАРБЕК, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Терминология бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымының докторы, доцент

Елбасымыз Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу» дей келіп, ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту қажеттігін баса айтқан еді.

Осыған байланысты «тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани код» ретінде XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектерін, тілтанымдық мұрасын әрдайым назарда ұстауымыз қажет.

Шеттен енген термин сөздерді қазақ тілінің заңдылықтары бойынша бейімдеуде А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы сынды ағартушы ғалымдардың ұстанымдарын басшылыққа алу қажет. «Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылғы 27 наурыздағы санында жарық көрген мақаласында А.Байтұрсынұлы сөз басына ереже жасауға болмайтынын, ондай емле қолайлы, оңай емле болмайтынын ескерткен болатын. Сондықтан шеттілдегі термин сөздерді қазақ тіліне бейімдеген кезде А.Байтұрсынұлы бастаған зиялылардың еңбектерінің негізінде қазақ тіліндегі нормаларды нақтылап алып, сол принциптерге бағындыру қажет.

Қазақ тілінде дыбыстардың тіркесуінде заңдылық бар:

- Сөз басында екі дауыссыз қатар келмейді.
- Екі дауысты дыбыс қатар келмейді.
- Сөз соңында үнді мен қатаң дыбыстардың тіркесі ғана (*қант, жент, қарт, салт,* т.с.с.) келген, басқа дыбыс тіркесі (қатаң мен қатаң, үнді мен үнді, қатаң мен үнді, ұяң мен ұяң, т.с.с.) қазақ тіліне жат. Сондықтан шеттілден енген сөздердегі жат қолданыстарды қазақ тілінің заңдылығына бейімдеу керек. Яғни *съезд, подъезд, разъезд*, т.с.с. сөздердегі **д** әрпін түсіріп жазу керек. Қазіргі кезде *поезд* сөзі *пойыз* түрінде жазылып жүр. Осы ұстаным басқа сөздерге де қолданылуы керек.

Мемлекеттік тілдің терминологиялық қорының үлесі төмендегіше анықталды:

терминқордың жалпы саны – 333 000 (100%);

халықаралық терминдер– 33 479 (10,6%);

ұлттық тіл негізінде игерілген халықаралық терминдер – 6 317 (1,90%);

өзге тілді термингеұлттық тіл қосымшалары жалғануы арқылы жасалған терминдер – 293 204 (87,5%);

Терминологияларға қойылатын нормативтік шарттар: Жүйелілік, біріздiлiк, термин мен ұғымның бірмағыналылық сәйкес келуі; Семантикалық дәлдік; Қысқалық; терминдер жарыспалылығы мен варианттылығын айқындап, қажеттілерін енгізу.

ҚАЗАҚ ТЕРМИНЖАСАМЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ҚАҒИДАТТАРЫ

(А.Байтұрсынұлы)

1. Ұлттық терминқор қалыптастырудың ішкі көзі қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша ұтымды пайдалану;

2. Қазақтың өз тілінен табылмаған терминдерді басқа түркі халықтарынан іздеу;

3. Европа халықтарының бәріне де сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ терминдерді қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп алу;

4. Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминдік атауларды мүмкін болғанынша қазақшаға аударып қолдану, аударуға келмейтіндерін қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау.

БАРЛЫҚ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІНДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН ТЕРМИНЖАСАМ ҚАҒИДАТТАРЫ

1. Өз тілі негізіндегі терминжасам.
2. Өзге тілдерден термин қабылдау.

Өзге тілдерден термин қабылдау барысында әлем тілдері негізгі екі принциптің бірін басшылыққа алады:

1. Орфографиялық принцип;
2. Орфоэпиялық принцип.

Қазақ терминжасамында терминдерді латын графикасы негізінде қабылдауда орфоэпиялық принцип басшылыққа алынсын

Терминдерді латын графикасы негізінде қабылдауға байланысты А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты терминология бөлімінің ұстанымы:

1) өзге тілдерден терминдерді қабылдауда делдал тілдің (орыс тілі) көмегінсіз тікелей түпнұсқа тілден алынсын;

2) қазақ тілінің терминжасам элементтері мағынасына қарай барынша тиімді пайдаланылсын;

3) қазақ тілінің терминжасам элементтерінің мүмкіндігі болмаған жағдайда терминдер түпнұсқа тілдің транскрипциясына (орфоэпиясына) орай латын графикасында таңбалансын;

4) түпнұсқа тілдің транскрипциясы (орфоэпиясы) негізінде латын графикасында таңбалау барысында өзге тілдерден енген терминдер қазақ тілінің фономорфологиялық ерекшеліктері мен **үндестік заңына** сәйкес алынсын.

Әзірлеген Ж.САДЫХАНҰЛЫ

(Басы 1-бетте)

Кезінде Араб халифаты өзінің Шығыстағы ықпалын жоғалта бастағасын түркілер мен берберлерден тұратын жалдамалы жауынгерлердің тұрақты гвардиясын құруға мәжбүр болған еді. Артынша аталмыш гвардия далалық «құлдармен» толықтырылды. Араб елдерінде олардың аттары «гулям» деген атаумен танылды. Гвардияшылар 865 жылы билікке мықтап құрық салды. Он жылдың ішінде олар төрт халифты ауыстырды. Бұл жайында белгілі түрколог Лев Гумилев: «Барлық мұсылмандар халифы түрік ғұламдарынсыз бір сағат та билікті ұстап тұра алмады, ал олар халифтың ықыласынсыз жат елде үстемдік жасай алмас еді» деп жазды. Халиф Мутасимнің арқасында түркі текті мәмлүк Ахмат ибн-Тұлын Мысырда наместник болды. Ол 869 жылы Сирия мен Палестинаны өзіне қосып алды. Дәл сол уақытта Мутасим құл базарларындағы барлық еріксіздерді сатып алып, өзінің ғұламдар гвардиясын нығайтып жатқан еді. Фатимидтер әулеті тұсында Мысыр жауынгерлері ақ және қара мәмлүктерден құралды. Оңтүстік орыс далаларынан, қазақ жері мен Кавказдың етегінен шыққан түркі тілді мәмлүктер Ніл өзені бойындағы Ар-Руад (Аль-Бахр) аралында бірігіп, өздерін «бахриттер» деп атады.



МЫСЫР МӘМЛҮКТЕРІ ҚАЙ ТІЛДЕ СӨЙЛЕГЕН?

Ал «бүржиттер» атанған судандықтар мен берберлер цитаделі Каир қаласына қоныс тепті. Осы кезде тарихи отандарынан алыстап қалған мәмлүктер этникалық белгілері бойынша топтаса бастады. 1051 жылы халиф Хәкімнің жеке гвардиясы мен түркі текті мәмлүктер арасында қақтығыс бұрқ ете қалды. Олардың күресі 1062 жылға дейін созылды. Осы жолғы шайқаста мәмлүк-бахриттер судандық негрлердің тас-талқанын шығарды. Сол уақыттан бастап халифаттағы бүкіл билік іс жүзінде мәмлүк-бахриттердің қолдарына көшті.

Үш ғасырдай мерзімге созылған тәуелсіз мәмлүктер билігі шеңберінде сұлтандардың екі түрлі жүйесі айқындалып шықты. Оларды алғашқы казармасы Аль-Бахр аралында орналасқандықтан, Бахр сұлтандары атанған әулет пен Каир шаһарындағы Аль-Бурдж цитаделін жайлағандықтан, Бүржит сұлтандары деген ат алған Қалауынның гвардиясын құрады. Бұлардың алғашқысы 1201-1382 жылдар аралығында, соңғысы 1382-1517 жылдар аралығында билік тізгінін ұстады. Бахриттер арасында билікті мұрагерлік жолымен қалдыру ұстанымы сақталса, буржиттер бұған рұқсат еткен жоқ, мұның орнына көнетүркілік сеньорат жүйесіне ұқсас үрдіс қалыптастырды. Осы соңғы гвардияның алғашқы жасақтарын сұлтан Бейбарыстың Қырымдағы Солхаттан (қазіргі Судак қаласы) шыққан ізбасары Қалауын жасақтады. Осылардың бәрін екшей келгенде, бахриттер мен бүржиттерді батыс және шығыс түркі халықтарының өкілдері ретінде қарастыруға да болатын сияқты.

Мысыр мәмлүктерінің тарихын зерттеген ғалымдардың барлығы да олардың өзгелерден әрдайым ерекшеленіп тұрғанын әуелі ауызға алады. «Х-ХІІІ ғасырларда мұсылман елдеріне тап болған түркілер өздерінің батылдық, адалдық, төзімділік, жағымпаздықты қабылдамаушылық, екіжүзділіктің болмауы тәрізді «текті жабайыларға» тән қасиеттерін сақтап қалды» деп жазады бұл турасында К.Э.Боскворт. – Сондықтан арабтар түркілерді дұрыс көріп, олардың өрлік, еркіншілік, қол және үй жұмыстарын істеуден бас тартушылық секілді «арыстан мінездерін» жоғары бағалады; бұйрыққа бейім қасиеттері түркілерді ұрыстар мен жорықтарда барын салуға итермеледі. Мәмлүктер дәуіріндегі түріктерге Шығыста мынадай: «Түркілер басқа денеге түсіп, кейін өсіп-өнгесін ұлы дәулеттердің патшалық тәждерінің сәнін келтіретін жақұтқа айналатын бір түйір құмға ұқсайды» деген өте дәл мінездеме берілді. Тап осы үрдіс Араб халифатының да басынан өтті.

Әлбетте, Мысыр мәмлүктерінің шын мәнінде кімдер болғанын анықтау үшін этнос ұғымының құрамдас элементтерінің бірі болып табылатын олардың тілі мәселесі осы жерде бірінші болып көтерілер еді. Ал зерттеуші ғалымдар сол замандарда мысырлықтардың қарым-қатынас тілі рөлін батыс қыпшақтардың тілі атқарғанын айтады. Мұның өзі тарихи деректермен дәлелденеді. Мұнда назарға әуелі Каирде XI-XV ғасырларда құрастырылған сөздіктер мен тіл глоссарилері ілігеді. Әскердегі және тәж төңірегіндегі сияқты мемлекеттік-әкімшілік тілдің түркі тілі болғанын сол кезеңдердегі «Аттуфхат-уз-закия» жинағының өзі қуаттай түседі. Аталмыш жинақты автор арабтардың түркі тілін үйренуге бет алған шағында жазып шыққан сыңайлы. Тағы бір ғалымдар мәмлүктер тілін құмық-қарашай-малқар тілінің бір диалектісі есебінде қарастырады. Осы ретте Махмуд Қашқаридың «Дивани лұғат-ат-түрк» еңбегін мәмлүк-араб тіліндегі алғашқы сөздік санаушылар да баршылық. Бұдан шығатын бірден-бір қорытынды – мысырлық мәмлүктер тілі қазіргі заманғы қазақтар, құмықтар, қарашай-малқарлар, татарлар, башқұрттар, қырым татарлары (қырымлылар), ноғайлар мен қырғыздар сөйлейтін түркі тілінің қыпшақ тобына жатқан. Ал мәмлүктер заманында түркі ұлыстарының тілі, М.Қашқаридың аталмыш сөздігінде келтірілген азын-аулақ айырмашылықтарды айтпағанда, шын мәнінде бір тіл дерлік қалыпта болған. Бұл тілдік тұтастық ХХ ғасырға дейін алаңсыз жалғасып келді. Бұған дәлел, өткен ғасырдың орта тұсына дейін бұл халықтар өзара сөйлескенде бір-бірлерін еш қиналыссыз түсіне беретін. Қазақтың «Татарға тілмәш не керек» деген қанатты сөзі сол кезден қалған.

Бұдан шығатын бірден-бір қорытынды – мысырлық мәмлүктер тілі қазіргі заманғы қазақтар, құмықтар, қарашай-малқарлар, татарлар, башқұрттар, қырым татарлары (қырымлылар), ноғайлар мен қырғыздар сөйлейтін түркі тілінің қыпшақ тобына жатқан. Ал мәмлүктер заманында түркі ұлыстарының тілі, М.Қашқаридың аталмыш сөздігінде келтірілген азын-аулақ айырмашылықтарды айтпағанда, шын мәнінде бір тіл дерлік қалыпта болған. Бұл тілдік тұтастық ХХ ғасырға дейін алаңсыз жалғасып келді. Бұған дәлел, өткен ғасырдың орта тұсына дейін бұл халықтар өзара сөйлескенде бір-бірлерін еш қиналыссыз түсіне беретін. Қазақтың «Татарға тілмәш не керек» деген қанатты сөзі сол кезден қалған.

Сан ғасырлар бойы Еуразияның алып атырабында Аттила империясы, Авар (Ауар) қағанаты, Түрік қағанаты (бірінші және екінші), Ұлы Бұлғария, Хазар қағанаты, Печенег ордасы, Дешті Қыпшақ, Алтын Орда секілді түркі тілдес ұлыстардың әрқилы бірлестіктері үстемдік құрды. Бірақ осы этнонимдердің, яғни тайпалық-ұлыстық бірлестіктердің аты өзгергенімен, оны құрайтын тұрғындардың тілі өзгерген жоқ. Осы жерде біздің кейін Египет мәмлүктері ұланының қатарына кірген түрлі түркі халықтары өкілдерінің де мұнда өздерінің тілдерін бірге ала келгенін батыл айта аламыз. Өйткені бұл гвардияның құрамындағы сарбаздардың дені түркі тілдестер тобынан еді. Біз бұған сол жауынгерлердің жеке есімдеріне шолу жасап өту арқылы да анық көз жеткізе аламыз.

Әдетте осы антропонимдердің (есімдердің) шығу тегін зерттеудің негізінде халықтардың құралу, орналасу және көшіп-қону тарихына көз жеткізуге болады. Ғалым Л.Згуста Қара теңіздің терістей және терістей-шығыс жағалауында антикалық дәуірлерде қанат жайған қалалар тұрғындарының есімдерін зерттеу арқылы осы аумақ халықтарының этникалық құрамын анықтауға қол жеткізген. Орта ғасырлардағы Германияда кездесетін есімдіктерге терең бойлап бару тәсілімен Р.Фишер мен Э.Эйхлер бастаған ғалымдар тобы славян-герман этнолингвистикалық байланысының деңгейін айқындаған. Көне замандағы Наири-Урарту патшалығының этникалық тегін грузин оқымыстысы Г.Меликишвили осылай зерттеп білген. Ал Таяу Шығыстың мәмлүктері мен ғұламдарының есімдері олардың түркі тектес болғандарын бірден айна-қатесіз алдымызға жайып салады. Зерттеушілер бұл жерде мәмлүктер есімдерін бірнеше топқа бөліп қарастырады. Бұлардың бірінші тобына қыпшақ сөздерін негізге алатын есімдердің үлкен бөлігі кіреді. Екінші тобы оғыз тілді сөздерден туған есімдерден құралады. Бірақ бұл бөлініске тек қана тілдік мәліметтер негізінде қарар болсақ, қателікке ұрынған болар едік. Себебі қыпшақ және оғыз диалектілері бір-бірімен қатты араласып кеткен. Бұларды бұлайша бөлудің өзі шарттылық сипатқа ие екені анық. Батыс тарихшылары бір халық – түркілерді әр дәуірде скиф (сақ), массагет, ғұн, оғыз, қыпшақ, татар деп әр түрлі атаған. Көптеген зерттеуші ғалымдар атап көрсеткендей, түркілер есімдері оның тілі тәрізді көп аса өзгеріске түсе қоймайтын тұрақты болып келеді. Олар тамыры терең тарихтың тарауынан күні бүгінге дейін өзгеріссіз дерлік қалпында жетіп отыр. Содан бері антропонимикаға бір фактор – ислам дінінің қабылдануы ғана өзінің ықпалын жасаған.

Тағы бір айта кететін жайт, түркі халықтары балаға қойылған ат оның келешек тағдырын да шешіп береді деп есептеген. Осы есімде адам жанының бір бөлшегі болады деп санаған. Қойылған ат кісіге бойтұмар, оққағар, сақтаушы иесі ретінде қызмет еткен. Сондықтан түркі есімдерінің көбі ертедегі германдардағы тәрізді жауынгерлік-сарбаздық мағыналарға көбірек ие болған. Соның арқасында олардың арасында Қылыш, Қанжар, Санжар (тесіп өтуші), Елбұз (елбұзар), Тоқмақ (түйреуіш), Құтұз (жынды, сотқар), Жарбаш (бас шабушы) секілді есімдер жиі кездескен. Түркілерде аттары аң атауларынан тұратын кісілер де көп ұшырасады. Олар осының негізінде сол жануарларға тән мықты қасиеттер сол адамның бойына қонады деп білген. Бұдан кейін хан, қан, би, бек, тегин, тархан, шад, жабғы сынды титулдар араласқан аттар алға шығады. Түрколог Л.Гумилевтің байқауынша, түркілер еуропалықтар тәрізді туғаннан өлгенге дейін бір атпен байланысып, жабысып қатып қалмаған. Түркітің аты оның қоғамда алатын орны мен салмағын көрсетіп тұратын болған. Міне, осы есімдікке байланысты тұрақтылық қалып Мысыр мәмлүктерінің түркі тілді болғандарын байқатады.

Орта ғасырлардағы Мысырда түркі тілін зерттеуге қатысты қолжазбалардың көп болғаны да біраз жайдан хабар берсе керек. Бұлардың ішінен «Мукаддимат-ал-адаб» (ХІІ ғ.), осыған ұқсас араб-парсы-түркі-моңғол сөздігі, Джемалдин-ат-Туркияның «Ал-каванин-ал-куллийали дапт-ал-лугат-ит-турки», «Булгатул муштаг» (XIV ғ.), Ашшузур-аз Захабияви ал-гат-ил-Ахмадияның «Фил-лугат-ит-туркиясы» (XV ғ.) жақсы танымал. Мәмлүк-қыпшақ тіліне қатысты араб тілінде жазылған мәнбелердің арасынан 1245 жылы Мысырда құрастырылып, 1894 жылы голланд ғалымы М.Т.Хоутсма Лейденде баспадан шығарған сөздікті, араб филологы Абу Хайан 1313 жылы Каирде жазған «Китаб-алидрак-ли-лисан-ал-атрак» атты грамматика кітабын атап өтуге болады.

Бір өкініштісі, қыпшақ (половец) одағының халықтары өздерінің туған отанындағы көне Отырар, Итиль, Бұлғар қолжазбаларын сақтап қала алмады. Мұның есесіне бүкіл араб әлемі половецтердің әдеби мұраларын бүгінгі күнге дейін жеткізіп беріп отыр. Сол еңбектер Мысырда түркі тілінің үстемдік құрғанын көрсетеді. Бұған мына мысал тағы бір дәлел. Сұлтан Бейбарыстың жеке хатшысы Ибн Абеззахр өзінің күнделігінде 1264 жылғы 4 қыркүйекте Мысыр елшілерін Алтын Орданың ханы Беркенің қабылдағанын айта келіп, былай деп суреттейді: «Сұлтанның (Мысырдың) хаты түркіше жазылған еді. Олар (татарлар) бұған қатты қуанды». (В.Тизенгаузен, «Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды», стр.308). Екі елдің – Мысыр мен Ұлығ Ұлыстың (Алтын Орданың) арасындағы сол кезеңдердегі алмасылып тұрған хаттар түгел қыпшақ тілінде жазылған. Мәмлүк сұлтандары билік құрып тұрған дәуірлерде қыпшақтар бірқатар көркем әдеби шығармалар жазып шыққан екен. Солардың арасында бірнешеуі сақталып қалған. Айталық, бүгінде Париждегі ұлттық кітапханада жалғыз ғана тізімі тұрған «Хосроу-Шырын» дастаны. Қолжазбаны Дешті Қыпшақтан шыққан түркі Берке Раких 1383 жылы Мысырда қыпшақ-мәмлүк тілінде құрастырған. Ол Египетке Алтынбұғамен бірге келіп, осында заң жүргізуші болып қалып қояды. Осы деректің өзі сол уақыттары Мысырда қыпшақ тілінің басым басыңқылыққа ие болып тұрғанын білдіреді. 1391 жылы оңтүстік-орыс даласынан келген қыпшақ Саиф Сарани атақты «Гулистан бит-тюрки» атты еңбегін жазып бітіреді. Ол Мысырдың түркі текті әмірі Тайхасуға арналыпты. Бұдан кейін Сарани ұлы атабек Мұзаффардин ибн Зангиге бірнеше кітап арнайды. Оның қаламынан туған кітаптар қыпшақ-мәмлүк және араб тілдерінде жазылған.

Ал Мысырда қыпшақ-мәмлүк тілінде жазылған атақты шығарма «Искандернама» поэмасы болған. Онда XIV ғасырдағы Сұлтан Ахмадтың Бағдаттан қашу, Ақсақ Темірдің Османлы Түркиясына жорық жасау, сұлтан Баязид Йылдырым (Найзағай) мен Алтын Орда ханы Тоқтамыстың қаза табу оқиғалары суреттеледі. Ахмедтің дастаны тілінде жалпы түркілік пласт айқын байқалғанымен, онда қыпшақтық элементтер басым көрінеді. Бұл кезеңдерде мұндағы әдебиетшілердің көбі оңтүстік-орыс далаларынан шыққандар еді. Сол себепті Мысыр мен Сирияда қыпшақ мәдениеті дамып жатты. Бұл XIII ғасырдың екінші жартысынан XVI ғасыр басталғанға дейін Мысырдың қыпшақ мәмлүктерінің қолында болып, алыстағы отандары – Алтын Ордамен дипломатиялық, саяси және мәдени тығыз байланыс орнатылуының нәтижесі еді.

Серік ПІРНАЗАР

ИМАН АЙНАСЫ

ТАРИХТАН – ТАҒЫЛЫМ, ТҰЛҒАДАН – ТӘЛІМ...

Жуырда Елордада Қазақстан және Ресей мұсылмандары діни басқармаларының ұйымдастыруымен «Рухани Жібек жолы. Ислам және жастар: қазіргі заман сын-қатерлері» атты IV Халықаралық ғылыми-діни конференция өтті. Конференция жұмысына ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев, Ресей мұсылмандары діни басқармасы және Ресей мүфтилер кеңесінің төрағасы, мүфти, шейх Равиль Гайнутдин, Өзбекстан мүфтиі Усмонхон Алимов, Қытай Ислам қауымдастығының төрағасы Хасан Фа Мин, Қырғызстан мүфтиі Мақсатбек қажы Тоқтомушев, Моңғолия мүфтиі Батырбек Хадыс, Финляндиядағы Ислам орталығының төрағасы Гүлтен Бедретдин ханым, т.б. дін қайраткерлері, діни саладағы мемлекеттік органның басшылары, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Жастар жылы аясында өткен конференция мақсаты – өскелең ұрпақты деструктивті ағымның ықпалынан сақтандыру, оларға дұрыс діни ақпарат жеткізу, діни экстремизм мен терроризмді алдын алу мақсатында Еуразия және Орталық Азия елдері дін қайраткерлерінің күшін біріктіру, тәжірибе алмасу, «Рухани жаңғыру» идеясын насихаттау, жаһандық діни мәселелерді шешуде жаңа әдіс-тәсілдерді ұсыну, ұлтаралық, конфессияаралық диалогты нығайту, т.б. Халықаралық шараның ашылуында баяндама жасап, ойларымды ортаға салдым, ұсыныс-пікірлерімді білдірдім. Айтылған пікірлерімді оқырман назарына ұсынуды жөн көрдім.

Қарт тарихтың қатпарларын парақтар болсақ, қазіргі қазақ топырағы мен Орта Азияға Ислам дінінің таралуы сонау VI-VIII ғасырларда басталғанына куә боламыз.

Халқымыз хақ дінді қабылдап қана қойған жоқ! Түркілердің ішінен көптеген дін ғұламалары шыға бастады. Әл-Фарабилер мен Баласағұнилерді, әс-Сығанақилар мен Кердерилерді, күллі түркі халқының рухани ұстазы саналатын Қожа Ахмет Ясауиді айрықша атап өтуге тиістіміз. Ежелгі Мәуреннахр – Исламның таралу аймағы болумен қатар, асыл дініміздің даму, өркендеу орталығына айналды.

Мың жылдық тарихы бар, Ұлы даланы мекендеп келе жатқан жұртымыз орта ғасырларда әлемдік қарым-қатынастан да шет қалмады. Еуропа және Азия елдерімен Жібек жолы арқылы сауда жасады. Сол замандарда өркениеттен қол үзбей, тегі мен тарихын, мәдениеті мен әдебиетін жаңғыртты. Ұлы Жібек жолының көп бөлігі Орта Азия мен Қазақстан жерінде орналасуы халқымыздың мәдениетін, рухани мұрасын байыта түсті. Бұл құбылыс Қазақ топырағында жазу, сәулет, қол өнерінің дамуына оң әсер етті. Осынау оң үдеріс байырғы бабаларымыздың интеллектуалдық өміріне өзгеріс әкелді. Алысты жақын етіп, Орта Азия мен Еуропаны байланыстырған сауда жолының бойында тарихи мешіттер мен кесенелер бой көтерді.

Отырықшылық мәдениет қалыптасты. Осы кезеңде пайда болған Отырар, қазіргі Түркістан, Сауран, Сайрам, Тараз, т.б. қалалар сауда жолы болып қалмастан, дүниежүзі өркениетін тоғыстырып, адамзат қоғамының дамуына өшпес үлес қосты. Көшпелі мәдениет пен отырықшы өркениеттің өзара байланысы түркі жұртының құндылықтары мен мұрасын байыта түсті. Ұлы Жібек жолы тек сауда мен экономиканың, өркениет пен мәдениеттің орталығы ғана емес, түрлі діндердің таралу аймағы болғаны тарихтан белгілі. Осы ретте ата дініміздің Жібек жолы бойындағы көптеген қалаларда терең тарала бастағанын айрықша атап өткім келеді.

Тіпті тарихи деректерде Ислам дінінің будда, христиан діндерін, зороастризмді ығыстырып, ысырып, қанатын кеңге жайғаны айтылады. 853 жылы Тараз бен Мерке шаһарында өзге діннің (христианның) ғибадатханасы (шіркеуі) мешітке айналғаны жайлы сенімді мәліметтер кездеседі.

Тарихи қалаларда үлкен мешіттердің салыну себептері Ислам дінін ұстанатын халық санының көбеюімен түсіндіріледі. Біз, дін қызметкерлері, тарихшы-ғалымдар, зиялы қауым өкілдері тарихымыздың осынау сәулелі сәттерін ұрпаққа жан-жақты насихаттай бергеніміз абзал.

Өткенсіз болашақ жоқ. Біз өткеннен өнеге алған халықпыз. «Рухани Жібек жолы. Ислам және жастар: қазіргі заман сын-қатерлері» атты IV Халықаралық ғылыми-діни конференцияда әріптестеріме Ұлы Жібек жолы елдерінің рухани картасын жасауды ұсындым. Рухани карта өскелең ұрпақтың тарих пен руханият саласына қатысты сұрақтарына жауап беретін бейнебір бағдаршам, шамшырақ болуы тиіс деп есептеймін. Тарихынан тағылым алған, ал тарихи тұлғалардан тәлім көрген ұрпақ діні мен дәстүрін үйлестіріп, өнегелі өмір сабақтастығын қалыптастырмақ. Бұл бастама тарихшы ғалымдар мен дін ғұламаларының Жібек жолы тарихын ғибраттың көзімен қайта зерттеуін қажет етеді. Бұл жұмысты жүйелі жүзеге асыру үшін Жібек жолы елдерінің Діни басқармалары арасында «Дін және өркениет» жобасын қолға алудың маңызы үлкен екенін айрықша атап өттім. Аталған жобалар мен ұсыныстарды талқылау үшін арнайы бірлескен жұмыс тобын құруды ұсындым.

Расында, біз қай салаға жауапты тұлғалар болсақ та тәуелсіз Қазақ елінің болашағы, бірлігі мен игілігі жолында бірігіп, тізе қосып, ұлы мақсаттарды жүзеге асыруымыз керек. Алла Тағала Құран Кәрімнің «Әли-Имран» сүресінде: «Сендердің араларыңда (адамдарды) жақсылыққа бастайтын, ізгілікке бұйырып, жамандықтан шектейтін бір қауым болсын. Міне, бақытқа кенелетіндер солар» деп баяндайды.

Алла Тағала баршамызды адамзатты жақсылыққа үндеп, Құдайға құл, пайғамбарға лайықты үмбет болуды, ортақ мақсаттарымызға бірге жетуді нәсіп еткей! Әумин!

Серікбай қажы ОРАЗ,
Қазақстан Мұсылмандары
діни басқармасының төрағасы,
Бас мүфти

ТҰСАУКЕСЕР

Азаматтың суреті

«БОЗМҰНАРДАН» «БЕГЗАТ СӨЗГЕ» ДЕЙІН...

Қазақстан Жазушылар одағында белгілі жазушы Жәди Шәкенұлының алты бірдей кітабының тұсауы кесілді. Бұл кеште жазушының «Бозмұнар» романы, «Алтай алыптары», «Оспан батыр және Шығыс Түркістан мәселелері» атты зерттеу еңбектері, «Қытай қазақтарының әдебиеті» атты әдеби сын-зерттеулері, «Бегзат сөз» атты кітаптары оқырманға жол тартты. Сонымен бірге оқырмандар сұранысы бойынша «Қаралы көш» кітабы Ахмет Байтұрсынұлы үлгісіндегі төте жазумен қайта жарық көрді.

Әсел САРҚЫТ
«Ана тілі»

Тұсаукесер рәсімін Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары, ақын Бауыржан Жақып жүргізді. «Жұлдыз» журналының бас редакторы, ақын Ғалым Жайлыбай, жазушы Жанат Ахмади, әдебиеттанушы Темірхан Тебегенов, этнограф Болат Бопай, «Ер Жәнібек» халықаралық қорының президенті Жеңіс Түркия, Оспан батырдың немересі Өркен Нәбиұлы кітаптардың тұсауын кесіп, жылы лебізін білдірді.

– Жәди Шәкенұлы шығармашылығы арқылы қазақ тарихының, бізге, Қазақстан оқырмандарына, беймәлім тұстарын ашып көрсетіп келеді. Сондай-ақ Шығыс Түркістан, Шыңжаң қазақтарының әдеби сөздік қорындағы терең мағыналы сөздерді көбесін сөкпей сақтап, оқырманға жетікізді. Бүгінгі әдеби айналымға еніп отырған романдарында да осы қазақ сөзінің каймағы бұзылмаған бұрынғы ата-бабалық үлкен оралымдарын қолданумен ерекшеленеді, – деді Т.Тебегенов.

Ал Жәди Шәкенұлы болса, Қытайдағы бес миллион қазақтың әдебиетін, мәдениетін, руханиятын атамекенге жеткізу үлкен жүк екенін айтты.

– Біз сол жүкті жеңілдетуге қарлығаштың қанатымен су сепкендей аз да болса үлес қосқымыз келді. Мысалы, Оспан батырдың 120 жылдығына орай жарық көрген «Оспан батыр және Шығыс Түркістан мәселелері» деген еңбегімде Шыңжаңда болған үлкен-үлкен күрестер туралы, сондағы Оспан батырдың қайраткерлігі жөнінде баяндауға тырыстым. Ал «Қытай қазақтарының әдебиеті» кітабымда арғы беттегі ағайынның жоғалуға таяу қалған әдеби мәселесі сөз болады. Елбасымыз «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында: «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы» деп айтады. Сол тұрғыдан келгенде тарихымызды, төл мұратымызды ұрпақтың санасына тереңдей сіңіру осы буынның борышы деп есептейтін болсақ, шеттен келген қаламгер ағайын сол мақсатта шама-шарқынша еңбек етіп жатыр, – деді ол.

Айта кетейік, қаламгер Жәди Шәкенұлы 1967 жылы Қытай аумағына қарасты Өр Алтайда дүниеге келген. 1997 жылы Атажұртқа оралған соң «Шалқар», «Қазақ әдебиеті», «Жас қазақ үні» газеттерінде жауапты қызметтер атқара жүріп, «Бір уыс сәуле» прозалық, «Жүрек неге жылайды» әңгімелер жинағы, балалар әдебиеті тақырыбында «Ақ балапан», «Арманшыл бала» кітаптары жарық көрді. Ал елінің азаттығы үшін арпалысқан Елісхан туралы «Қаралы көш» романы түркі тіліне аударылған.

ЖИЫН

ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Алматы технологиялық университетінде «Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің жаңа белесі» атты жиын өтті. Жиынды аталған университеттің «Қазақ тілі қоғамы», «Мемлекеттік және шетел тілдері» кафедрасы, «Қазақ тілі» әдістемелік бірлестігі бірлесіп ұйымдастырды.

Сонымен, елімізде латын графикасын енгізудің өзектілігі қандай? Жаңа емле-ережесі бойынша кірме сөздерді жазу ұстанымы, әдістемесі, ұлттық әліпбидегі біріккен сөздердің жазылу емлесі қандай болмақ? Медициналық терминдерді латын әліпбимен жазуда кездесетін қиындықтарды шешу жолдары, латын әліпбиіне көшудегі түркі тілдес мемлекеттердің тәжірибелері қандай? Осы және өзге де өзекті мәселелерді қамтыған жиынды Алматы технологиялық университетінің бірінші проректоры, техника ғылымының докторы, профессор Бауыржан Нұрахметов жүргізіп отырды.

Ол өз сөзінде латын әліпбиіне көшудің маңыздылығына тоқталып, «Мемлекеттік және шетел тілдері» кафедрасының ұйымдастыруымен университет қабырғасында атқарылып жатқан шараларды атап өтті. Білім ордасының «Технолог» газетінде былтырдан бастап латын қарпімен мақалалар жарияланып келе жатқанын, сонымен қатар «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында арнайы қор ашылғанын тілге тиек етті.

Негізгі баяндаманы «Мемлекеттік және шетел тілдері» кафедрасының оқытушысы, педагогика ғылымының магистрі Айнұр Абдықадырова жасады. Аталған кафедраның аға оқытушысы, университеттегі «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы Қарлығаш Әбдірахманова латын әліпбиіне көшу барысындағы атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Жиын барысында Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, филология ғылымының докторы Қ.Қалыбаева, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкерлері, филология ғылымының кандидаттары Д.Пашан, А.Солтанбекова, Г.Көбденова, С.Асфендияров атындағы ҰМУ «Тілдік пәндер» кафедрасының доценті, филология ғылымының кандидаты Т.Зайсанбаев, ҚРМУ «Тіл пәндері» кафедрасының қазақ тілі пәнінің оқытушысы Р.Құлабаева, ҰҚК академиясының доценті, филология ғылымының кандидаты Г.Бірәлі, АТУ Роболаб-робототехника зертханасының жетекшісі Н.Жұмахан және т.б. сөз сөйлеп, ой-пікірлерімен бөлісті. Заман ағымына қарай балабақшада халықаралық тіл деген желеумен ағылшын тілін үйрету басталғанын, соның салдарынан анасының сүтімен келген ана тіліне шорқақ ұрпақ өсіп келе жатқаны айтылып, латын әліпбиін үйретуді балабақша-мектептерден бастау қажеттігі сөз болды. Мамандар тарапынан U(ұ) және Y(у) әріптерінің орны ауысса, бұл латын әліпбиінде ұ мен ү-ні ажыратуға жеңіл болар еді деген ұсыныс айтылды.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, латын әліпбиінің еліміз үшін берері мол. Өйткені латын әліпбиі арқылы көптеген кірме сөздерді өзіміздің тіл заңдылықтарына ыңғайлауға негіз бар.

Бағдагүл БАЛАУБАЕВА,
Гүлбақыт ЖАНҰЗАҚ

(Басы 1-бетте)

ЖУРНАЛИСТИКА – ҚОҒАМДЫҚ ИНСТИТУТ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСА АЛДЫ МА?

Есенгүл КӘПҚЫЗЫ, модератор:

– Өздеріңізге белгілі, осы жолғы біздің талқылайтын тақырыбымыз – теле-ақпараттық саясат, оның бүгіні мен ертеңі. Соның ішінде тек қана ақпараттық саясат емес, телевизияның тілі, ақпараттың бағыт-бағдары, телеконтент, т.б. мәселелер. Бұл қазір бүкіл қоғамды алаңдатып отырған ауқымды мәселе. Неге? Өйткені мемлекеттің ақпараттық саясаты – демократияның бет-бейнесі деп айтамыз. Соңғы кезде телеарналарда ойын-сауық бағдарламалардың, түрлі шоулардың көбейіп кеткені рас. Бірақ бір өкінштісі, осындай шоулардың көрермені көп, рейтингілері де жоғары болып тұр. Көрерменнің деңгейі соған дейін түсіп кетті. Өздеріңізге қоятын алғашқы сұрақ: Қазіргі теле-ақпараттық саясаттың бет-бейнесін сіздер қалай көресіздер? Осы қалпымызбен кете берсек, журналистика дами ма?

Қасым АМАНЖОЛ, халықаралық «Азаттық» радиосының Қазақстандағы өкілі:

– Менің ойымша, ең басты мәселе бұл – ақпаратты жеткізу. Ал ақпараттық саясат заманына сай дамып отырады. Бір кезде радионың дәурені жүрді. Одан соң кәдімгі желілік-толқынды телеарналардың дәуірі жүрді. Одан кейін кабельдік телеарналар келді. Енді интернеттің, интернет-телеарналардың заманы келді.

Шоу-бағдарламалардың рейтингілері жоғары болатын себебі – жеңіл тақырыптардың көрермені қашанда көп болады. Бұл әлемнің барлық елінде солай.

Ал енді бүгінгі теле-ақпараттық саясаттың мәселелеріне келетін болсақ, әсіресе Қазақстанда журналистика саяси-қоғамдық мәселелерді қалай талқылай алып жатыр, ол азаматтық-қоғамдық институт ретінде қалыптаса алды ма? Бұл өте маңызды мәселе деп ойлаймын. Журналистиканың негізгі тапсырыс берушісі – саясат болғандықтан мұның барлығы саясатқа тікелей қатысты. Мысалы, саясат бір жақты болса, журналистика да бір жақты болады. Оның ішінде телеарна да, барлығы біржақтылық сипатқа ие көшеді.

Қазір телеарналар арасында рейтингке талас науқаны жүріп жатыр. Бірақ ол рейтингтер көбіне-көп «чернуха» сипатындағы хабарлар арқылы, яғни «өлтіріп кетті, зорлап кетті» дегендей ақпараттар негізінде жиналуда. Мен халықаралық тәуелсіз ақпарат құралының, Қазақстанда азаматтық қоғам, ашық қоғам қалыптастыру үшін қалыптасқан Батыс баспасөз құралының өкілі ретінде айтарым, бізде коммерциялық мақсат болмағандықтан, рейтинг қуалау мақсаты болмағандықтан халықтың саяси журналистикаға, саяси тақырыптағы телеөнімге деген сұранысының еселеп, күн сайын өсіп бара жатқанының куәсімін. Бүгінде «Youtube» желісі негізгі платформаға айналып бара жатыр. «Фейсубк» те солай. «ВК» деген топтар бар. Олар аздап болса да дамып жатыр. Қазір әлеуметтік желінің заманы, сол жерде бұқаралық ақпарат құралының телеплатформасын ашып, жақсы бағдарламалар жасауға болатынын іспен дәлелдеп келе жатырмыз. Күн сайын дерлік ақпараттық бағдарлама шығарып отырамыз.

Өкінішке қарай, Қазақстанда 30 жыл бойына журналистика тәуелсіз қоғамдық институт ретінде қарастырылмады. Жақсы журналистік мектеп қалыптасқан жоқ. Сол себепті тележурналистика өнер ретінде дамып, оның сайыпқыран өкілдері қалыптаса алмай қалды. Ондайға мүмкіндік болмады. Айту керек дүниені айта алмадық, жазу керек дүниені жаза алмадық, шығаратын дүниені шығара алмадық. Журналистика барлық уақытта насихатпен айналысты. Соның әсерінен бұл салада бәсекелестік жүрген жоқ. Бәсеке болмағаннан кейін өте қиын. Басқа біреу жүргізсе, оның дәл бүгінгідей рейтингісі болмас еді.

Тағы бір айтарым, біздің телевизия саласында саяси-сараптамалық бағдарлама жоқ. Апталық бағдарламалар бар. Әлбетте, ол әлі солай келе жатыр. Кейде «WhatsApp» желісі арқылы тарап, халық көріп қойған дүниелер апталық бағдарламаның тақырыбына арқау болып жатады. Бұл – халыққа қызық емес болуы мүмкін. Бар болғаны осындай тақырыптарға белгілі бір лауазымды тұлғалардың пікірлері қосылып, апталықта көрсетіледі. Бірақ ол сараптамалық емес, апталық бағдарлама. Ал қазақ тілінде сараптамалық бағдарлама жоқ. Көкейімізде мынаны жасасақ деген ой тұрады, бірақ оны біз істей алмаймыз. Себебі бәріне түсінікті ғой деп ойлаймын. Егер біз журналистиканы шын мәнінде қоғамның келбеті, қоғамның айнасы ретінде қалыптастырғымыз келсе, ең бірінші журналистер – өзіміз тату болуымыз керек. Осы дөңгелек үстелге шақырту алған кейбір журналистердің бүгінгі жиынға келмей қалуынан-ақ олардың журналистикаға деген көзқарасын білуге болады. Сын болса, оған өздерінің қарсы аргументін айтуы керек. Мен нақты мынадай жұмыс жасадым дегендей... Қазір бәрінің көзі ашық, көкірегі ояу. Дұрыс болмаса, дұрыс емес деп сын-пікірлерін жазатын көрермен көп. Қазақ журналистерінің уатсаптағы тобына қосылдым. Ал осыны әрі қарай дамытып, журналистер арасындағы өзара бірлікті, ынтымақты күшейтетін болсақ үлкен күшке айналар еді. Шынтуайтына келгенде, журналистика өзімізден басталады ғой. Біз бір-бірімізді танимыз, көрген жерде сәлеміміз түзу, бірақ арамызда бірлігімізді көрсететін, мысалы «мынаны неге айтпаймыз, мына мәселені неге көтермейміз, бұл жағдайды осылай талқылайық, қажет болса бойкот жариялайық» дейтіндей ұсыныстар, бастамалар жоқ.

Телеарналардағы тіл мәселесіне келетін болсақ, ол, өкінішке қарай, осы бағытымен кететін сияқты. Дүмбілез тілге айналып барады. Облыстардағы телеарналар не көрсетіп жатыр, не айтып жатыр екен деп зер салып қарап жүремін. Сол арналарда айтылып жүрген жергілікті, аймақтық диалект-сөздер республикалық арналардағы жаңалықтардың мәтіндеріне де еніп, дикторлың сөзімен таралып кетіп жатады.

Ғалия ӘЖЕНОВА:

– Мені толғандыратын мәселе – журналистикадағы екі әлем. Қазақтілді және орыстілді әлем. Кейде айтады, неге орыс-қазақ болып бөлінеді деп. Сырттан келіп ешкім бөліп жатқан жоқ қой. Мысалы, қоғам үшін маңызды мәселені айтпасақ – бөлінгеніміз. Орысшамен салыстырғанда қазақ тілді журналистика әлсіз, анау-мынау деген сияқты әңгімелер көп айтылады. Оның барлығы ақыр аяғында өзіміздің үндемей қалуымыздан туындайды. Қоғамда резонанс тудырған мәселелер айтылмай қалып жатады. Соны бас редакторлар, олардың орынбасарлары аталған мәселе туралы шағын хабар түрінде болса да жария етсе, оны ешкім байқамас та еді. Есесіне оқырманның оң бағасын алар еді. Содан кейін бір түсініксіз мәселе – журналистердің әлі күнге дейін мәртебесінің жоқтығы. «Біз қайда қараймыз, апай?» деп маған жас журналистер хабарласады. «Біздер не бюджеттік мекемелердің арасында жоқпыз, не бизнестің арасында жоқпыз, біз кімбіз?» дейді. Мұғалімнің де статусы бар «мұғалім» деген, ал журналистің статусы жоқ. Үйі жоқ, үй алуға кезекке де тұра алмайды. Жалақысы қалай есептелетіні белгісіз. Осындай мәселелер аз емес.

Гүлмира ӘБІҚАЙ, «КТК» телеарнасының журналисі:

– Қасымның айтқанымен келісемін, біз телевизияның нарқасқа өкілдерін дайындай алмай қалдық. Жаңа Қасым өз сөзінде тәуелсіз арнадан келгенін айтты, мен оны бұрынғы «Шынның жүзінен» келгендей көріп отырамын және солай қабылдаймын. Телевидение саласында өз бағдарламасын шын ниетпен, шынайы жүректен жүргізген жүргізушілер халықтың жадында сақталып қалады. Халық оларды іздейді, сұрайды. Саусақпен санарлық болса да, елімізде ондай жүргізушілер бар. Мысалы, Нұртілеу Иманғалиұлы «Еуразия-1» арнасында заң хабарын жүргізіп жүр. Ел ол хабарды Нұртілеу Иманғалиұлы жүргізеннен кейін көреді, өйткені ол кісіні таниды, біледі.

ТЕЛЕДИДАР – ЖЕКЕ МҮДДЕЛЕРДІҢ АЛАҢЫ БОЛМАУЫ КЕРЕК

Нұртілеу ИМАНҒАЛИҰЛЫ, тележурналист:

– Бұл жерде әңгіме көп. Мысалы, мен теледидар мамандарын екі топқа бөлемін. Телевидениенің өсіп-өркендеуіне біліп-білмей үлес қосқан журналистика бар. Телевидениенің мүмкіндіктерін өзінің жеке мүддесіне пайдаланған журналистика бар. Мұндайлар көп. Неге деген сұраққа жауап жоқ. Менің пайымдауымша, 61 жылдық тарихы бар телевидение ғылыми тұрғыдан зерттелмей, оның мәселелері ғылыми айналымға түспей, белгілі бір ғылыми дәлелдер жасалмай, телевидениенің проблемасы таусылмайды. Қазіргі телевидение саласында Қасым Аманжол сияқты жігіттер жүрсе, телевидениеге кез келген адам келіп, ойына келгенін жасайды деп ойламаймын.

Мәселе шеберлікке келіп тіреледі. Мысалы, Ресейдің телебағдарламаларының көбі Бастыстың көшірмелері. Бірақ олар шеберліктің арқасында оны орыстың өзінің хабары, төл бағдарламасы етіп жібереді. Димаш алғаш рет Қытайдың сахнасын бағындырып елге оралғанда, Ресейдің 5-6 арнасы бір-біріне ұқсамайтын 5 түрлі хабар жасады. Соның бірі – Орталық телеарна. Олар Димаштың болмысын бар қырынан ашты. Тіпті дауысының ерекшелігін бір құрылғылар арқылы талдап берді. Ал біз болсақ «Димаш талантты әнші», «Бұл – Құдай берген бала» деп құр тамсанудан аса алған жоқпыз. Бізде маман жоқ екен! Димаштың әншілік дарынын талдап беретін музыка маманы да жоқ екен!

Менің түсінігімде, телевидение ол тек журналистика ғана болмауы керек. Оны биік өнер деңгейіне көтеретін адамдар пайда болғанда біраз мәселе күн тәртібінен өзінен өзі түсіп қалады. Бүгінде Қазақстанның 27 жоғары оқу орны журналистерді дайындайды екен. Соған қарамастан тележурналистер, телережиссерлар, телемамандар жоқ. Біз журналистика факультетін 50 адам бітірдік. 10 жылдың ішінде 50-дің 40-ы ел танитын журналиске айналды. Соның ішінде телевидениеде жүрген мен секілділерді емес, Қайнар Олжай, Дидахмет Әшімханұлы сияқты жазатын журналистерді елдің бәрі таныды. Бұл жерде айтайын дегенім, кадр мәселесі маңызды әрі ол үлкен дүние.

Теле-ақпараттық саясат жөнінде айтар болсақ, біз шындықты қаймықпай бетке айтатын мәдениетті қалыптастырғанда мәселе Үкіметті немесе билікті сынауда емес, ғылыми деңгейдегі, қазақтың баяғы салт-дәстүріндегі, мәдениеттің биік деңгейіндегі шындықты айта алатын шамаға жеткенде, осы жерде айтылып отырған көп проблема күн тәртібінен түсіп қалады. Ол да, сен де, мен де өтірік айтамыз. Өтірікті былай қойып, айтып отырған өтірікті біліп отырып, соған өтірік сенетін дәрежеге жеттік. Міне, мәселе қайда.

Осыдан біраз жыл бұрын мені журналистика факультетіне мұғалімдік жұмысқа шақырды. Бір-екі сабақтан кейін барғым келмей қалды. Студенттердің маған қойған сұрақтарына қарным ашты. Кілең «Қалай танымал болдыңыз? Қанша костюміңіз бар?» деген сауалдар. Біздің кезіміздегі қойылатын сауалдармен салыстырып отырып: «Жауап беруге қиын сұрақтар екен» дедім. Мен бүгінде мамандығыма байланысты қуаныштар мен өкініштердің басын қосатын жасқа келдім ғой деп ойлаймын. Жастар танымал болмай-ақ қойсын. Бірақ мықты маман болса екен. Менің ұстанымым осы. Бізде маман жоқ! Көбі мені мықты дейді. Келісе алмас едім. Тәжірибем шығар, мінезім шығар, аға буыннан алған тәлімім шығар. Мен маман емеспін. Журналистика, менің түсінігімде, қоғамды өзгертпейді. Бірақ қоғамды өзгертетін проблемаларды, мәселелерді көтере алады. Бізде қазір бүкіл телевидениеде, әсіресе қазақ телевидениесінде «шоу» деген жанрдан басқа жанр жоқ. Журналистиканың 7-8 жанрын қамтып, көрерменге сапалы бағдарлама ұсынып отырған жалғыз Алматы облыстық «Жетісу» деген арна бар.

Бір нәрсенің басын ашып алуымыз керек, телеөнімді тек телевидение жасайды. Басқасы жасай алмайды. Телеарнада істеу үшін тым болмағанда технологиядан хабарың болуы керек. Технология саған, сенің идеяңа жұмыс жасағанда ғана сен тележурналиссің. Егер жоғарыда айтқанымдай, телевидение шын мәнінде өнер деңгейіне көтерілсе, бүгінгі әлеуметтік желі оның қолына су құя алмас еді.

Нұртілеу ИМАНҒАЛИҰЛЫ

Ғалия ӘЖЕНОВА

Қасым АМАНЖОЛ

Айгүл ІСМАҚОВА

ТЕЛЕДИДАР БҮГІН және ЕРТЕҢ

Қасым АМАНЖОЛ: – Әлеуметтік желі – құрал ғой. Менің ойымша, әлеуметтік желі бәрібір дәстүрлі телевидениеңі жеңеді. Ең бастысы, ақпарат жеткізу ғой. Ол өнерді сол әлеуметтік желіде жасаймыз. Ресейде Дудь деген жүргізуші бар. Мен Познерді емес, Дудьті көрем. Познер маған ескі заман сияқты болып көрінеді. Дудь болашақ сияқты көрінеді. Бұл орайда айтайын дегенім, біз Қазақстанда интервьюер тудыра алған жоқпыз.

Риза ИСАЕВА:

– Бізде телеөнімдердің сапасы нашар болатын себебі, қазақтілді медианалитиктер жоқ. Көбі орыстілді болған соң, олар үшін қазақтың өнері бар ма, күйі бар ма, беймәлім әлем. Сондықтан олар көрерменге өтеді-ау деген жанрларды сала береді. Ол жанрлардың ішінде не бар, бұл жағы маңызды емес. Ең бастысы – сандық көрсеткіш. Праймтаймға «Жайдарманды» қою керек пе, «Жайдарманды» қояды. Телевидениенің тағы бір ақсаған себебі, оның астанаға көшірілуі болды деп есептеймін. Мықты мамандар Алматыда қалып қалды. Ол да сапаға тікелей әсер етті. Мұны дайындалған хабарлардан, оның тілінен көріп, байқауға болады. Жалпы журналистерді – өз ісіне берілгендер мен нан табудың жолында жүрген журналистер деп екіге бөліп қарастыруға болады. Бізде екінші топта жүргендер көбірек. Түн бойы отырып сценарий жазады, аудармa жасайды, таңертең сюжет жасауға барады...осылай жүргенде шала-шарпы дайындалған дүниелер пайда болады. Қазіргі тілдегі кемшіліктердің де орын алуы содан. Егер бізде қазақтілді медиамамандар көбейетін болса, сапа тұрғысынан көп нәрсе өзгеретін шығар.

Қасым АМАНЖОЛ: – Қоғам қандай, біз қандай ұрпақ тәрбиелеп жатырмыз, сондай журналист болады. Қазіргілер: «Айтатын боламыз, көрсететін боламыз» деп сөйлейді. Телеарна тілін сауатсыздық жайлады. Жазатын адамдар телеарналарға келмейді. Мен баяғы Шерхан Мұртаза сияқты бұл салаға жазушылықтан келгендерді айтпай-ақ қояйын. Бүгінде Қайнар Олжайдың деңгейіндегі тілді терең меңгерген адамдар жоқ. Ең бір өкіністісі, мәтін жаза алмайтын адамдар телеарналардағы тілшілердің мәтінін тексеріп отыр. Тілді білмейтін адамдарды тәрбиеледік. Тіліміз қазір тіл емес.

Гүлмира ӘБІҚАЙ: – Былтыр күзде UIB университетінің шақыруымен, журналистика бөлімінің студенттеріне шеберлік дәрісін оқыдым. Сөйлестік, сонда байқағаным, бәрінің мақсаты бір – эфирден көріну. Эфирден әдемі болып көрінсе, әдемі көлікті тізгіндесе дегендей... Ал жаңалықтарға барып, хабар дайындауға құлшынып тұрғандары жоқ. Өзіміз кезінде «КТК»-ның жаңалықтар қызметінде істедік. Журналистік қызметтің қиыншылықтарын да көрдік. Қазіргілер мұндай ауыр еңбекке барғысы келмейді. Тек ойын-сауық жур-

САЯСАТЫ:

Бақыт ЖАҒЫПАРҰЛЫ

Гүлмира ӘБІҚАЙ

Риза ИСАЕВА

Азаматтың суреттері

налистикасына барсақ дейді. Ойлары сол ғана. Мен оларға «ойын-сауық журналистикасы» дейтін журналистиканың жоқ екенін айттым. Нағыз «сойқан» осындай студенттер оқу бітіріп, журналистикаға келгенде бастала ма деп қорқамын. Олардың жанында бүгінгі айтып жүрген кемшіліктеріміз түк болмай қалатын шығар. «Супер жұлдыздар» сонда пайда болады. Оларды бидай мен астықтың, киім-кешектердің қымбаттағаны еш қызықтырмайды. Тек ойын-сауық бағдарламаларын жүргізсе болды. Соған қарап қарным ашты...

ҚОНЫР ҮННЕН АЙЫРЫЛЫП ҚАЛДЫҚ

Бақыт ЖАҒЫПАРҰЛЫ: Жарықтық, Әнуарбек Байжанбаев Сауық Жақанова апайға: «Әй, Сауық, мына хабардың бір әрпін қисатпай жеткізде пе, жеткізе алмадық па?» деп айтады екен. Әңгіме осы әріптен шығады. Жаңа Ғалия әпке: «Тіл тазалығын, бәлкім, мектептен бастармыз» деп жақсы айтты. Мен сіздерге мынадай жағдай айтайын: Осыдан екі жыл бұрын бес жастағы қызымды балабақшаға бердім. Екі айға жетпей шығарып алдым. Себебі сол балабақшаға барып жүрген уақытта қызым «н» деген әріпті айтпайтын күйге түсті. Өзім түпкілікті айналысып жүріп, жеті ай дегенде әрең айтқыздым... Осыдан бірақ уақыт бұрын бір кешке барғанымызда жүргізушінің, өзі танымал тұлға, әріптерді дұрыс дыбыстамайтынын көріп таңғалдық. Осындай адамдар ертең радио мен теледарнадан хабар жүргізеді. Ал телеарна мен радио көрермен мен тыңдарманға ерекше әсер етеді. Мысалы, Нұртілеу аға мен Қасым хабар жүргізгенде солардың эфирде өзін ұстауына, сөйлеу мәнеріне, тіпті киім кисіне еліктеген ұрпақ өсті. Ал қазір телевидениеге келіп жатқан қыз-жігіттерді тыңданысшы, сөйлеу мәнері табиғи емес. Біз қазақтың қоңыр үнінен айырылып қалдық. Радиодан тәжірибеден өтуге келген жастардың көбі монтажды, хабар жасау, сауалнама алу жолдарын үйренеді де: «Енді телеарнаға қалай жұмысқа тұруға болады?» деп сұрайды. Неге? Себебі бірден танымал болғысы келеді. Білесіздер, Қазақстандағы электронды бұқаралық ақпарат құралдарының атасы – радио. Кешегі Абдолла Сүлеймен, Бақберген Табылдиев ағалар да радиодан шындалып, телеарнаға барды. Ал біз сол кісілерден қалған мектепті бұзып алдық. Кезінде қаншама әріптесіміз қысқартуға ұшырағанда ортадағы буын үзілді. Өзім соның куәсімін. Мысалы, кешегі Жолымбет Кейкелов, Дүйсенбек Қанатбаевтар пышақ кескендей қысқартуға кеткен кезде орнына кімдер келді? Тәжірибеден өтіп жүрген, радионы мәнсінбейтін адамдар жұмысқа тұрды. Одан кейінгі сан түрлі саяси дүрбелеңдердің кезінде де сондай жағдай болды. Нұртілеу ағанын: «Қасымдар кетіп қалды» деп отырғаны – сол уақыт. Сондай өкілдер келді де біздің радио мен телеарнаға қожа бола бастады. Осынның зардабын бүгін біз көріп отырмыз. Сол себепті радионың да, телеарнаның да мектебін қайта қалыптастыру керек. Біздің телеарна мен мемлекеттік радионың ақсап отырған бір мәселесі – осы.

Екіншіден, Риза дұрыс айтты, біздің радио 2012 жылы Астанаға көшті. Қазір сол жақтан эфирге шығып жатқан балалардың кемшілігін түзетемін деп жаман атты болдым, шыны керек. Көбі дұрыс сөйлемейді, әріптерді дұрыс айтпайды. Мәселе қағазға қарап, судыраптап оқуда емес. Мысалы, менің ойымша, радиожурналистің қолында сүзгіден өткен, бас редактор қол қойған сценарийі болуы керек. Оған қоса он импровизация жасай алатын ұшқыр ойлы болуы шарт. Ал бізде ондай нәрсе жоқ. Әсіресе радиода. Баяғыда бір басшы: «Сен неге сағат жетідегі эфирге жетіге он минут қалғанда келіп, хабар жүргізе салмайсың?» деп еді. Ал сондай деңгейдегі адамдар басшы болса, оның қарамағындағы журналист қайда барады? Сонның барлығы біздің эфирдегі тіліміздің, мәдениетіміздің бүлдіреді.

Журналистердің әлеуметтік мәселесін айтып отырсыздар ғой. Жасырудың қажеті жоқ, саяси науқандарда журналистер мемлекеттік қызметкер бола қаламы, ал саяси науқан өтіп кеткенней кейін түкке де керегімез жоқ. Мысалы, мемлекеттің жеңілдетілген ипотекалық бағдарламасымен біздің әріптестер үй ала алмайды. Сенініз-сенбеніз, 2012 жылы Астанаға көшіп барған журналистер әлі үйлі бола алмай жүр. Одан бері жеті жыл өтті. Осыған адам сене ме? Ал үйі жоқ, күйі жоқ адам қалай дұрыс әпір жасай алады? Эфир дұрыс жасалмаса, көрермен де, тыңдарман да тарта алмайсыз. Мысалы, телевидениеде сіздің бет-бейнеңіз, сөзініз, киіміңіз, қимылыңыз көрмендегі тартады, радионы тыңдап келе жатқан адамға үн, дауыс, сценарий де солай әсер етеді.

Нұртілеу ИМАНҒАЛИҰЛЫ: Қазір телеарнаның бәрі «айтатын боламыз», «хабарлайтын боламыз» деп сөйлейді...

Қасым АМАНЖОЛ: Бүкіл қазақ радиосы солай сөйлейді...

Нұртілеу ИМАНҒАЛИҰЛЫ: Мұнымен ғылым айналысуы керек. Егер мектептің өзін ғылым арқылы қалыптастырмасақ, осы көргеніміз көрген болады да тұрады. Бұған ғылым өзінің сөзін айтып, тұжырымын жасауы керек.

Қасым АМАНЖОЛ: Сіздердің буын ғылымсыз-ақ әлдекайда таза сөйледі ғой...

Бақыт ЖАҒЫПАРҰЛЫ: Мәселе мынада. Біздің радио Астана және Алматы студиясы болып бөлінеді. Мен Алматы студиясы үшін жауап беремін. Ал Астанадағы эфирді сол жақтағы басшылары өздері тексереді, қарайды. Бізде осындай көзге көрнейтін шекаралар бар. Ұжым екіге бөлінген соң, сол жақтағы басшылармен келіспей қалатын тұстарымізді болады. «Қазақ радиосы» мен «Шалқарға» «ЖұлдызФМ» болу шарт емес. Ұлттық арна мәселесінде де солай. Ең бірінші тілді түзеу керек.

Гүлмира ӘБІҚАЙ: Радиода тек тіл емес, сөйлеу мәнері де өзгеріп кеткен. Жүргізушілер орыс, ағылшын радиожүргізушілеріне еліктейтін сынды.

Бақыт ЖАҒЫПАРҰЛЫ: Осы үрдіс телеарнаға да келді ғой. Біздің бір әріптесіміз бар, соның «н» мен «с» әріптерін дұрыс сөйлей алмайтын хабарын көріп-көріп, қаншама баланың тілі бұзылды. Ол туралы жазылды-айтылды. Қысқасы, солардың бәріне тыйым салып, экраннан аластату керек.

Айгүл ІСМАҚОВА: Радионың танерденгі бағдарламасы бар. Жүргізуші жігіттері қазақша сөйлемейді. «Н», «л», «с» деген әріптерді айтпайды. Шоу жасағандарына өздері мәз болып отырады...

Бақыт ЖАҒЫПАРҰЛЫ: Біз қазір аптаның бес күнін екіге бөліп алдық. Сейсенбі, бейсенбі күндері Қазақ радиосының таңғы эфирі Алматыдан, қалған үш күнде Астанадан шығады. Жұма күні «Шалқар» радиосының эфирі Алматыдан шығады. Осы күндері радионы тыңдап, өзініз салыстырып көріңіз...

Қасым АМАНЖОЛ: Осы «Қазақстан» телерадиокорпорациясында тіл тазалығы, дұрыс сөйлеу бойынша тренерлер бар ма?

Бақыт ЖАҒЫПАРҰЛЫ: Астанада былтыр құрылған, бірақ жұмысы тоқтап қалды.

Айгүл ІСМАҚОВА: «КТК» арнасында орыстілді сараптамалық бағдарлама бар. Сонын жүргізушісі хабарын жоғарыдан сөйлеп отырғандай өктем мәнермен жүргізеді.

Қасым АМАНЖОЛ: Жалпы батыс журналистикасында кіжінін сөйлеуге тыйым салынады. Адам эмоциясын ояту мақсатында солай сөйлеу манипуляция болып саналады.

Айгүл ІСМАҚОВА: «КТК» арнасы бұрын жақсы еді. Қазір біртүрлі шоуларға бет бұрып барады. Ол да ауитория жинау үшін керек шығар. Бірақ телевидениені тек шал мен кемпір ғана көрмейді ғой. 15-20 минуттық болса да, қазақ тілінде сараптамалық бағдарлама керек сияқты.

Гүлмира ӘБІҚАЙ: «Аптап» деген бағдарлама бар, көресіз бе?

Айгүл ІСМАҚОВА: Оны көремін. Содан басқа ештене жоқ. «КТК»-ның абыройын сол жігіт жалғыз өзі көтеріп тұр. Сосын жұрт «31 арнаны» қарайды. Олар ақпаратты қысқа да нұсқа, нақты береді.

Қасым АМАНЖОЛ: Рейтинг бойынша «Еуразия» арнасы бірінші орында...

Бақыт ЖАҒЫПАРҰЛЫ: Рейтинг демекші, ол да кейде өтірік жасалады...

Нұртілеу ИМАНҒАЛИҰЛЫ: Қазіргі жасалып отырған рейтинг өтірік. Оны жасап отырғандар ақша табудың жолын біздің басшыларға басқаша түсіндіріп қойған, болды. Басқа ештеңе жоқ. Мен телерадиокорпорацияны басқарып отырған кезде рейтингті өзім жасадым. Нәтижесі жер мен көктей.

Айгүл ІСМАҚОВА: Иә, олар рейтингті қолдан жасайды. Қарайған ел «31 арнаны» қарайды. Бұл менің сол арнаға бүйрегім бұрылғандықтан емес, шынында солай. Олар шындық қалай бар, солай айтады. Қасым «мемлекеттік арналар шындықты айта алмайды» деп айтып отыр ғой. Бірақ «31 арна» ретін табады. Көріп қалған сияқты, сығалап тұрған сияқты қылып болсын айтып береді. Осындай амалдарын табу керек. Нұртілеу, «30 қойын дәптерім бар» деп отырсыз ғой. Соларды кітап қылып шығарыңыз. Студенттер, қызметте жүрген журналистер оқысын. Мысалы, біздің Әдебиет және өнер институтында «Өнер, телевидение, кино» деген бөлім бар. Бірақ ішінде бірде-бір тележурналист маманы жоқ. Бізге ешкім келмейді. Өйткені еңбекақысы 30 мың теңгеден басталады. Кәсіби маман сабақ бермеген соң, жастар Сәуле Жанпейісованы танымайды. Сондықтан да сараптамалық бағдарламаларды шетке ысырып тастады да, телевидениені құдалық сияқты шоуға толтырып жіберді. Қазір адамдар Google-ден оқып алады да, өзін білімдімін деп ойлайды. Интернеттен ақпарат алу мен оның меңгеру екеуі екі түрлі нәрсе ғой. Бұл университетті кеше бітірген журналиске де қатысты. Дипломы бардың бәрі білімді емес. Ресейдің телевидениесін қарасаң, бәрі орнында. Шоулары бар, бірақ ол мемлекеттік, ұлттық мүддені қорғап тұр. Қай бағдарламасын қарасаң да, «Біз ұлы орыс халқымыз» деп отырады. Ал бізде ондай жоқ.

Гүлмира ӘБІҚАЙ: Біздің телешоулар саяси бір оқиғаны мәселе етіп көтерсе, сол күні оның рейтингі төмендейді де, басшылық журналиске ескерту береді. Қазір біз Қасымды эфирге қайта шығарып, саяси әсер етеді. Мысалы, Нұртілеу аға мен Қасым хабар жүргізгенде солардың эфирде өзін ұстауына, сөйлеу мәнеріне, тіпті киім кисіне еліктеген ұрпақ өсті. Ал қазір телевидениеге келіп жатқан қыз-жігіттерді тыңданысшы, сөйлеу мәнері табиғи емес. Біз қазақтың қоңыр үнінен айырылып қалдық. Радиодан тәжірибеден өтуге келген жастардың көбі монтажды, хабар жасау, сауалнама алу жолдарын үйренеді де: «Енді телеарнаға қалай жұмысқа тұруға болады?» деп сұрайды. Неге? Себебі бірден танымал болғысы келеді. Білесіздер, Қазақстандағы электронды бұқаралық ақпарат құралдарының атасы – радио. Кешегі Абдолла Сүлеймен, Бақберген Табылдиев ағалар да радиодан шындалып, телеарнаға барды. Ал біз сол кісілерден қалған мектепті бұзып алдық. Кезінде қаншама әріптесіміз қысқартуға ұшырағанда ортадағы буын үзілді. Өзім соның куәсімін. Мысалы, кешегі Жолымбет Кейкелов, Дүйсенбек Қанатбаевтар пышақ кескендей қысқартуға кеткен кезде орнына кімдер келді? Тәжірибеден өтіп жүрген, радионы мәнсінбейтін адамдар жұмысқа тұрды. Одан кейінгі сан түрлі саяси дүрбелеңдердің кезінде де сондай жағдай болды. Нұртілеу ағанын: «Қасымдар кетіп қалды» деп отырғаны – сол уақыт. Сондай өкілдер келді де біздің радио мен телеарнаға қожа бола бастады. Осынның зардабын бүгін біз көріп отырмыз. Сол себепті радионың да, телеарнаның да мектебін қайта қалыптастыру керек. Біздің телеарна мен мемлекеттік радионың ақсап отырған бір мәселесі – осы.

Екіншіден, Риза дұрыс айтты, біздің радио 2012 жылы Астанаға көшті. Қазір сол жақтан эфирге шығып жатқан балалардың кемшілігін түзетемін деп жаман атты болдым, шыны керек. Көбі дұрыс сөйлемейді, әріптерді дұрыс айтпайды. Мәселе қағазға қарап, судыраптап оқуда емес. Мысалы, менің ойымша, радиожурналистің қолында сүзгіден өткен, бас редактор қол қойған сценарийі болуы керек. Оған қоса он импровизация жасай алатын ұшқыр ойлы болуы шарт. Ал бізде ондай нәрсе жоқ. Әсіресе радиода. Баяғыда бір басшы: «Сен неге сағат жетідегі эфирге жетіге он минут қалғанда келіп, хабар жүргізе салмайсың?» деп еді. Ал сондай деңгейдегі адамдар басшы болса, оның қарамағындағы журналист қайда барады? Сонның барлығы біздің эфирдегі тіліміздің, мәдениетіміздің бүлдіреді.

Журналистердің әлеуметтік мәселесін айтып отырсыздар ғой. Жасырудың қажеті жоқ, саяси науқандарда журналистер мемлекеттік қызметкер бола қаламы, ал саяси науқан өтіп кеткеннен кейін түкке де керегімез жоқ. Мысалы, мемлекеттің жеңілдетілген ипотекалық бағдарламасымен біздің әріптестер үй ала алмайды. Сенініз-сенбеніз, 2012 жылы Астанаға көшіп барған журналистер әлі үйлі бола алмай жүр. Одан бері жеті жыл өтті. Осыған адам сене ме? Ал үйі жоқ, күйі жоқ адам қалай дұрыс әпір жасай алады? Эфир дұрыс жасалмаса, көрермен де, тыңдарман да тарта алмайсыз. Мысалы, телевидениеде сіздің бет-бейнеңіз, сөзініз, киіміңіз, қимылыңыз көрмендегі тартады, радионы тыңдап келе жатқан адамға үн, дауыс, сценарий де солай әсер етеді.

Нұртілеу ИМАНҒАЛИҰЛЫ: Қазір телеарнаның бәрі «айтатын боламыз», «хабарлайтын боламыз» деп сөйлейді...

Қасым АМАНЖОЛ: Бүкіл қазақ радиосы солай сөйлейді...

Нұртілеу ИМАНҒАЛИҰЛЫ: Мұнымен ғылым айналысуы керек. Егер мектептің өзін ғылым арқылы қалыптастырмасақ, осы көргеніміз көрген болады да тұрады. Бұған ғылым өзінің сөзін айтып, тұжырымын жасауы керек.

Қасым АМАНЖОЛ: Сіздердің буын ғылымсыз-ақ әлдекайда таза сөйледі ғой...

Бақыт ЖАҒЫПАРҰЛЫ: Мәселе мынада. Біздің радио Астана және Алматы студиясы болып бөлінеді. Мен Алматы студиясы үшін жауап беремін. Ал Астанадағы эфирді сол жақтағы басшылары өздері тексереді, қарайды. Бізде осындай көзге көрнейтін шекаралар бар. Ұжым екіге бөлінген соң, сол жақтағы басшылармен келіспей қалатын тұстарымізді болады. «Қазақ радиосы» мен «Шалқарға» «ЖұлдызФМ» болу шарт емес. Ұлттық арна мәселесінде де солай. Ең бірінші тілді түзеу керек.

Гүлмира ӘБІҚАЙ: Радиода тек тіл емес, сөйлеу мәнері де өзгеріп кеткен. Жүргізушілер орыс, ағылшын радиожүргізушілеріне еліктейтін сынды.

Бақыт ЖАҒЫПАРҰЛЫ: Осы үрдіс телеарнаға да келді ғой. Біздің бір әріптесіміз бар, соның «н» мен «с» әріптерін дұрыс сөйлей алмайтын хабарын көріп-көріп, қаншама баланың тілі бұзылды. Ол туралы жазылды-айтылды. Қысқасы, солардың бәріне тыйым салып, экраннан аластату керек.

Айгүл ІСМАҚОВА: Радионың танерденгі бағдарламасы бар. Жүргізуші жігіттері қазақша сөйлемейді. «Н», «л», «с» деген әріптерді айтпайды. Шоу жасағандарына өздері мәз болып отырады...

Бақыт ЖАҒЫПАРҰЛЫ: Біз қазір аптаның бес күнін екіге бөліп алдық. Сейсенбі, бейсенбі күндері Қазақ радиосының таңғы эфирі Алматыдан, қалған үш күнде Астанадан шығады. Жұма күні «Шалқар» радиосының эфирі Алматыдан шығады. Осы күндері радионы тыңдап, өзініз салыстырып көріңіз...

Қасым АМАНЖОЛ: Осы «Қазақстан» телерадиокорпорациясында тіл тазалығы, дұрыс сөйлеу бойынша тренерлер бар ма?

Бақыт ЖАҒЫПАРҰЛЫ: Астанада былтыр құрылған, бірақ жұмысы тоқтап қалды.

Айгүл ІСМАҚОВА: «КТК» арнасында орыстілді сараптамалық бағдарлама бар. Сонын жүргізушісі хабарын жоғарыдан сөйлеп отырғандай өктем мәнермен жүргізеді.

Қасым АМАНЖОЛ: Жалпы батыс журналистикасында кіжінін сөйлеуге тыйым салынады. Адам эмоциясын ояту мақсатында солай сөйлеу манипуляция болып саналады.

Айгүл ІСМАҚОВА: «КТК» арнасы бұрын жақсы еді. Қазір біртүрлі шоуларға бет бұрып барады. Ол да ауитория жинау үшін керек шығар. Бірақ телевидениені тек шал мен кемпір ғана көрмейді ғой. 15-20 минуттық болса да, қазақ тілінде сараптамалық бағдарлама керек сияқты.

Гүлмира ӘБІҚАЙ: «Аптап» деген бағдарлама бар, көресіз бе?

Айгүл ІСМАҚОВА: Оны көремін. Содан басқа ештеңе жоқ. «КТК»-ның абыройын сол жігіт жалғыз өзі көтеріп тұр. Сосын жұрт «31 арнаны» қарайды. Олар ақпаратты қысқа да нұсқа, нақты береді.

Қасым АМАНЖОЛ: Рейтинг бойынша «Еуразия» арнасы бірінші орында...

Бақыт ЖАҒЫПАРҰЛЫ: Рейтинг демекші, ол да кейде өтірік жасалады...

Нұртілеу ИМАНҒАЛИҰЛЫ: Қазіргі жасалып отырған рейтинг өтірік. Оны жасап отырғандар ақша табудың жолын біздің басшыларға басқаша түсіндіріп қойған, болды. Басқа ештеңе жоқ. Мен телерадиокорпорацияны басқарып отырған кезде рейтингті өзім жасадым. Нәтижесі жер мен көктей.

Айгүл ІСМАҚОВА: Иә, олар рейтингті қолдан жасайды. Қарайған ел «31 арнаны» қарайды. Бұл менің сол арнаға бүйрегім бұрылғандықтан емес, шынында солай. Олар шындық қалай бар, солай айтады. Қасым «мемлекеттік арналар шындықты айта алмайды» деп айтып отыр ғой. Бірақ «31 арна» ретін табады. Көріп қалған сияқты, сығалап тұрған сияқты қылып болсын айтып береді. Осындай амалдарын табу керек. Нұртілеу, «30 қойын дәптерім бар» деп отырсыз ғой. Соларды кітап қылып шығарыңыз. Студенттер, қызметте жүрген журналистер оқысын. Мысалы, біздің Әдебиет және өнер институтында «Өнер, телевидение, кино» деген бөлім бар. Бірақ ішінде бірде-бір тележурналист маманы жоқ. Бізге ешкім келмейді. Өйткені еңбекақысы 30 мың теңгеден басталады. Кәсіби маман сабақ бермеген соң, жастар Сәуле Жанпейісованы танымайды. Сондықтан да сараптамалық бағдарламаларды шетке ысырып тастады да, телевидениені құдалық сияқты шоуға толтырып жіберді. Қазір адамдар Google-ден оқып алады да, өзін білімдімін деп ойлайды. Интернеттен ақпарат алу мен оның меңгеру екеуі екі түрлі нәрсе ғой. Бұл университетті кеше бітірген журналиске де қатысты. Дипломы бардың бәрі білімді емес. Ресейдің телевидениесін қарасаң, бәрі орнында. Шоулары бар, бірақ ол мемлекеттік, ұлттық мүддені қорғап тұр. Қай бағдарламасын қарасаң да, «Біз ұлы орыс халқымыз» деп отырады. Ал бізде ондай жоқ.

Гүлмира ӘБІҚАЙ: Біздің телешоулар саяси бір оқиғаны мәселе етіп көтерсе, сол күні оның рейтингі төмендейді де, басшылық журналиске ескерту береді. Қазір біз Қасымды эфирге қайта шығарып, саяси

ШАРА

Биыл Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының жарияланғанына екі жыл толады. Соған орай Талдықорған қаласындағы «Рухани жаңғыру» орталығында облыстық өңірлік сараптамалық кеңестің кезекті отырысы өтті. Отырысқа кеңес мүшелері, үкіметтік емес ұйым өкілдері қатысты.

РУХАНИЯТҚА СЕРПІН БЕРГЕН...

Жиында кеңес төрағасы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры Қуат Байміырзаев «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша жаңа міндеттер туралы кеңінен баяндады.

– «Рухани жаңғыру» бір жылдық, екі жылдық бағдарлама емес, ол ұзақ мерзімге құрылған. Сол арқылы жастардың санасезімінде ұлттық менталитет қалыптасады. Тарихымызды қайтадан түгендеуге арналған «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаланың да мәні тереңде, – деген Қуат Маратұлы мектеп оқушыларымен, жоғары оқу орындарының студенттерімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеудің маңыздылығына тоқталды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 2017 жылы 319 жоба, ал 2018 жылы 323 жоба іске асты. Талдықорған қаласында республиканда тұңғыш Рухани жаңғыру орталығы ашылды. Осы жөнінде баяндаған Рухани жаңғыру өңірлік жобалық кеңсе жетекшісі Дана Дүйсенова облыс аумағында екі жыл ішінде атқарылған іс-шаралармен және алдағы уақыттағы жоспарымен бөлісті.

– Мақала аясында түрлі шара ұйымдастырып келеміз. Айталық, «MUST SEE» атты әдістемелік материалдың тұсаукесері, «дөңгелек үстел», жобалар көрмесі, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениетті ілгерілету» тақырыбында І халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, семинар-кеңес, кездесулер өтеді, – деді Дана Алмазқызы. Бағдарлама шеңберінде биыл «Ұлы Даланың мәңгілік мирасы – Манас» атты қырғызқазақ зиялыларының III форумы, «Алтын Адам ізімен» халықаралық экспедициясы секілді ірі жобалар жүзеге аспақ.

Отырыс соңында ұсыныстар айтылып, облыстық өңірлік сараптамалық кеңестің мүшелері алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар жайын пысықтады.

М. ДАНИЯРҰЛЫ
Алматы облысы

ТӘЛІМ

Ата-анаға құрмет – мерейлі міндет

Алматы облысы Алакөл ауданының мешіт жамағаттары «Ата-анаға құрмет – асыл міндет» акциясын бастап, нәгілікті шараның ұйымдастырылуына ұйытқы болды.

Үшарал қаласындағы аудандық орталық мешітте шымылдығы түрілген шарада Алла үйіне үзбей қатынап жүрген иманды азаматтар бірігіп, әке-шешелерін руханият ордасына жиды. Ата-ана мен баланың арасындағы қарым қатынас пен құрмет жайында айтылған уағыздан кейін арнайы дайындалған сыйлықтарын әке-шешелеріне табыстаған мешіт жамағаттарының көздерінен еріксіз тамшылаған жастан іңкөр махаббат пен риясыз сезімді аңғарғандай болдық. Жүрек түкпірінен ақтарылған ізгі ниет пен тілектерден кейін ақ дастарканда бас қосылып, дуалы ауыз ақсақалдар мен әз әжелердің батасы тыңдалды.

Айдана СМАҒҰЛОВА

БІЛІМ КӨКЖИЕГІ

Әрбір оқу орнының жетістігі – шәкірттерге берілін жатқан сапалы біліммен өлшенері хақ. Бұл ретте ұлағатты ұстаздардың еселі еңбегін де назарсыз қалдыруға болмас. Мәселен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлемдегі ең үздік 800 университеттің арасында 220 орынға ие болып, QS «World University Rankings» халықаралық рейтингісінде тағы 16-орынға көтерілгені еліміз үшін қуанышты жайт болса, бұл да аталған оқу орнында қызмет етіп жүрген ғалымдар мен ұстаздар қауымы еңбегінің көрсеткіші екені сөзсіз.

ҒЫЛЫМДАҒЫ ҒИБРАТТЫ ЖОЛ

Химия ғылымының докторы, профессор Айман Шалдыбаева жөнінде сөз қозғайтын болсақ, ең алдымен, осындай дәрежеге тынымсыз ізденісінің, талапшылдығының арқасында қол жеткізгенін айтар едік. Ол жемісті еңбек жолында ғалым ретінде қалыптасудың көптеген сатыларын өтті. 1967 жылы С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың аспирантурасын тамамдаған соң, химиядан кандидаттық, одан кейін докторлық диссертацияларын қорғады. Химия дейтін күрделі саланы біліктілікпен меңгеріп, 1998 жылы профессор дәрежесі берілді. Ұзақ жылдар бойы ҚазҰУ-дың химия факультетінің бірқатар кафедраларында инженер, аға ғылыми қызметкер, доцент ретінде қызмет етті.

«Оқу – инемен құдық қазғандай» деп халқымыз тегін айтпаса керек. Демек, ғылым мен білім жолында шығармашылық жетістіктерге жете жүріп, басшылық қызметті атқару да адамға көп жауапкершілік жүктейтіні белгілі. А.Шалдыбаеваның әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дан бөлек Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде кафедра меңгерушісі болып қызмет етіп келгені де тұлғаның біліктілігіне деген зор сенім деп айтуға болады. 2002 жылдың қыркүйек айынан қара шаңырақ – ҚазҰУ-на оралып, аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының профессоры болып қызметін жалғастырды.

Жоғарғы білімді педагог арнайы курстар бойынша қазақ және орыс тілдерінде дәріс оқып, зертханалық жұмыстар жүргізді. Бакалавриатта «аналитикалық химия» жалпы курсы бойынша дәріс оқып, зерханалық сабақтар өткізді. Ал докторантурада бірнеше элективті пәндерден дәріс және тәжірибелік жұмыстар өткізді. 10-нан астам оқу-әдістемелік құралдарын жазды. Әрбір ғалымның байлығы – оның төл туындылары, қолынан шыққан еңбектері екені айтпасақ та түсінікті. Бұл орайда А.Шалдыбаеваның 120-дан астам ғылыми-әдістемелік мақалалары республикалық және халықаралық басылым беттерінде жарық көріп, әріптестері тарапынан лайықты бағасын алды. Ғалымның жетекшілігімен шәкірттері кандидаттық диссертацияларын сәтті қорғады. Аталған жұмыстар әр жылдары ҚазКСР Ғылым академиясының, ҚазКСР Ұлттық академиясының жоспарларына енген бағдарламаларға сәйкес орындалды. 2006-2008 жылдары 14 ғылыми-зерттеу жұмыстары жарық көрді, 2005-2008 жылдары оның жетекшілік етуімен 2 кандидаттық диссертация қорғалды.

Бүгінде мерейлі жетпіс жасқа толып отырған Айман Мағзұмқызының бойына ана сүтімен, әке қанымен берілген тектілік, қарапайымдылық, адамгершілік тәрізді қасиеттер молынан ұшырасады. Замандастары, әріптестері арасында сыйлы, шәкірттері үшін ардақты тұлға.

А.МҰСАБЕКОВА,
Л.КҮДРЕЕВА

ТІЛДІ МЕҢГЕРУ МЕКТЕБІ

(Ғалым Шамғали Сарыбаевтың тілдік рухани мұрасы)

Фаузия ОРАЗБАЕВА,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, педагогика ғылымының докторы, профессор

Жаратылыс атаулының күрделі де жұмбағы мол күрделі құбылысы – тіл. Тіл – адамдардың ой-санасының, ішкі жан дүниесінің көрінісі. Нақтырақ айтқанда, тіл – адамзаттың рухани азығы, адамдардың бір-бірімен сөйлесу, пікір алмасу, ой бөлісу, түсінісу құралы; адамдардың коммуникативтік бірлестігі. Қазақ елінің рухани тамырын сақтай отырып, әлемдік өркениетте өз орнын иеленуіне ықпал ететін басты фактор – бәсекелестікке қабілетті интеллектуалды ұлт қалыптастыру, білігі мен білімі терең ұрпақ тәрбиелеу. Адамзат тілін зерттейтін лингвистика ғылымы педагогика, психология, әлеуметтану, философия, т.б. ғылым саларымен тоғыса отырып, олармен сабақтаса дамиды. Ұрпақ тәрбиелеу жолында бұл ілімдердің әрқайсысының өзіндік алатын орны бар.

Көп ұлт өкілдері тұратын біздің елдегі титулды ұлт – қазақ халқы. Қазақтар бала оқыту мен білім беру ісіне қай кезде де ерекше мән берген, қолындағы барын баласын оқытуға жұмсаған. Оның себебі, біріншіден, қазақ халқы – ондаған ғасырлар бойы эпостардан сусындаған, батырлық пен батылдықты ту етіп ұстаған, табиғатында өнерге деген құштарлығымен ерекшеленген, оқу мен білімге, өнер мен ілімге жаратылысынан жақын ел. Екіншіден, «оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» деген ұғымды халық санасына сіңіре білген ұлт зиялыларының, халық даналарының, Алаш арыстарының, ағартушы демократтардың көреген ойлары мен атқарған істері ұлттың білім-ғылымының өркен жаюына игі әсер еткен. Үшіншіден, сөз өнерін қадірлеп, «өнер алды – қызыл тіл» дей отырып, бар білімі мен білігін, философиялық ой-тұжырымдарын сөзбен түйіп, тілді мәдениеттің көрсеткіші деп санаған. Ұлттың бойындағы бар қасиеттер бейнелі, бедерлі көркем сөзінен көрініс тапқан.

Осындай ұлт болмысы мен ұлттың табиғатын аңғартар құндылықтардың өз тамырын тереңнен тартатынын баса айтуға тиіспіз. Ел, жер мәңгілігін қамтамасыз етер, ұлт табиғатын жарқыратып ашар белгілердің негізгісі – Қазақ елінің рухани әлемін танытар мәдени-генетикалық код. Ұлттық код. Осы ретте ұлттық кодтың басты қайнарлары қатарында аса көрнекті қайраткерлер мен ғалымдардың, ұлт ұстаздары мен көсемдерінің, ұлы ағартушы-педагогтардың кейінгіге қалдырған рухани мұраларын бөліп айтуға тиіспіз.

Ұлылар бар ғұмырын сарп еткен сондай асыл қазыналарымыз – білім мен ғылым, тіл мен әдебиет, өнер мен мәдениет!

Тіл мен білім туралы ұлы ойшыл, ғалым, ағартушы, этнограф Шоқан Уәлиханов: «Тіл – қай халықтың болсын басты белгісі», «...білім беру ісі жалпы адамзаттық сипатта болуға тиіс. Ал ұлттық сипат ортаның және оқу жүргізілетін тілдің әсерімен пайда болады» десе , ұлы ақын, қазақ халқының рухани көсемі, дана Абай: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі – ақымақшылық. Ғылым – Алланың бір сипаты» деп, ғылымды бәрінен жоғары қояды.

Сол сияқты ағартушы – педагог Ыбырай Алтынсарин: «Өнер – білім бар жұрттар тастан сарай салғызды» деп жырласа, «Асыл сол – ақыл-білім бойда барлық» деп ойын түйеді ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы.

XIX ғасырдың екінші жартысында оқу ағарту ісіне, білім мен ғылым салаларына тыңнан түрен салған ұлы тұлғалар Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрім Құдайбердіұлы секілді алашойлы ұлыларымыздан қалған бай рухани мұраның өскелең ұрпаққа берері мол. Олар – қазақ халқының жай-күйін, қоғамдық-әлеуметтік жағдайын зерттеп-зерделеп, келешек ұрпақтың қамын ойлаған рухани көшбасшыларымыз. Бұл тұлғалардың ой-пікірін, ағартушылық қызметін, еңбегін ХХ ғасырдың басында Алаш арыстары Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Құдайберген Жұбанов, Қошке Кемеңгерұлы, Телжан Шонанов жалғастырды. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов бастаған ұлт зиялылары қоғамның барлық салаларына, руханият әлеміне толық араласып, елдік мүдде жолында тізе қосып еңбек етті. Бұл кезеңде мәдени-рухани арналар айқындалып, ұлт мұратын дұрыс жолға қоятын тың бағыттар белгіленді. Ұлт, жер, тіл ұғымдарына қатысты мәселелер қозғалды. Оқу мен жазуға, сауаттылық пен салауаттылыққа, білім мен ғылымға байланысты оң шешімдер шықты. Ұлттық бірегейлікті іске асыратын шаралар айқындалды.

ХХ ғасырдың отызыншы жылдарында педагогикалық пікірлер ғылыми негізделіп, гуманитарлық, жаратылыстану бағытындағы салалар айқындалып, оқу мен білім жаңа арнаға түсті, пәндік бағдарламалар әзірленді, оқулықтар жазылды, оқу құралдары шықты. Бұл жұмыстың бастауында көрнекті тілші ғалымдар Сәрсен Аманжолов, Телжан Шонанов, Ғали Бегалиев, Сейіл Жиенбаев, Қажым Басымов, Шамғали Сарыбаев, т.б. тұрды.

Тілші Шамғали Харесұлы Сарыбаев – жиырмасыншы ғасыр басында рухани кеңістігімізде тілдің ғылыми-методологиялық іргесін қалауға, тіл білімінің жан-жақты дамуына ерекше үлес қосқан аса көрнекті педагог-ғалым. Ол – Қазақ Елінің рухани әлемінде тіл мен әдебиеттің, діл мен мәдениеттің өркениетке жетуіне аянбай еңбек еткен тұлғалардың бірі. Шамғали Харесұлы – лингвистика, фольклористика, педагогика, психология салаларына қатысты елеулі еңбектер қалдырған, оқу, білім, ғылым методологиясын анықтап-айқындаған, әдіснама мен әдістеме ілімдерін байланыстыра зерттеп, методиканың өзекті мәселелерін саралап, талдаған, халықты сауаттандыру үшін оқулықтар жазған, ұрпақ білімін өрістету жолында соңына мол мұра қалдырған ғалым.

Тіл білімінің көрнекті маманы Шамғали Сарыбаев 1893 жылы 3 наурызда Батыс Қазақстан облысы Орда ауданында дүниеге келген.

Көрнекті тілшінің өмірбаяны Ә.Әбдірахманов пен Е.Ділмұхамедовтың мақаласында былай баяндалады: *«1913 жылы Шамғали Орынбордағы «Хусаиния» атты жәдит медресесіне келіп түседі, онда жүріп орыс тілін үйренеді. Ол татар әдебиетінің Абдулла Тоқай, Қаюм Насри сияқты классиктерінің шығармаларын өте көп оқиды, татардың ірі жазушысы Ғалымжан Ибрагимовпен танысады. «...Хусаиния» медресесін бітіріп шыққан соң, Түркістан маңындағы Жаңа Икан қыстағында русско-туземная школаның мұғалімі болып қызмет еткен. Мектеп жабылған соң, Қазалы маңына келіп ауыл мұғалімі болып істейді. Шамғали осы кезде Ғани Мұратбаевпен танысады, содан бастап екеуі айрылмастай дос болады. 1918 жылы Шамғали Ташкентте болған Түркістан Республикасы ағартушыларының 1 съезіне делегат болып қатысады».*

Шамғали Харесұлы педагогтық, ғылыми-әдіскерлік жолға үлкен ұстаздық мектептен өтіп, дайындықпен келген.

Ғалымның педагогикалық мұрасы бастауыш мектеп қандай болу керек, мұғалімге қойылатын талап қандай, шебер мұғалім бейнесі қалай қалыптасады деген сұрақтар төңірегінде өрби келіп, мектеп қабырғасындағы бала тәрбиелеуді жолға қою, оқу-білім ісін жақсарту, жақсы ұстаз даярлау мен бала оқыту, білімді маман әзірлеу, ізденгіш шәкірт тәрбиелеу сияқты мәселелерді кеңінен қамтиды.

Көрнекті тіл маманы Шамғали Сарыбаев лингвистика, методика, педагогика, психология, фольклористика, аударма мәселелерімен айналысқан. Осы тұрғыдан келгенде, тілші білім беру ісінде баланың, оқушының, ересектердің қабілеті мен мінез-құлқын, сұранысы мен талабын, ойлау жүйесі мен өмірлік тәжірибесін ескеріп отыруды, әр адамның психологиясын, жай-жағдайын, көңіл-күйін, сезім-сенімін біліп оқытуды басты ұстанымдар деп есептейді. Тілді меңгеруде оқушылардың психологиялық ерекшелігіне ден қою арқылы адамның ойлау, қабылдау, пайымдау, талдау қабілетін кеңейтіп, оның ішкі жан дүниесін байытуға болатынына айырықша мән береді.

Педагог-ғалым Шамғали Сарыбаевтың оқу-ағарту ісіне қатысты елеулі мұрасы – сауат ашу жолындағы іргелі еңбектері мен оқулықтары, түзген бағдарламалары мен «Әліппе» құралдары. Тілшінің жазған әліппелері төменгі сынып оқушыларынан бастап ересектерге дейінгі білім сатыларын қамтиды. Олар ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында елді сауаттандырудың қоғамдық-әлеуметтік талаптарына жауап берген, сол кезеңдегі оқу мен білім берудің сапасын арттырған, білім беру жүйесін дұрыс жолға қойған елеулі еңбектер болды.

Осы кезеңдердегі Ш.Х.Сарыбаевтың педагогикалық көзқарастары мен ұстаздық тәжірибелері «Сауатсыздықпен күресу жолдары», «Тіл құралды оқытудағы тәжірибелер», «Мектеп тәжірибелері» атты мақалалары «Жаңа мектеп», «Еңбекші қазақ», «Еңбек» атты газет-журналдарда жарияланған. Ғалым Шамғали Сарыбаевтың артына қалдырған мол мұрасы тіл білімінің теориялық және әдістемелік мәселелерін қатар игеруге арналған.

Ғалымның теориялық тұрғыдан талдап, зерделеген тіл білімінің салалары – фонетика, морфология, грамматика мәселелері. Ш.Сарыбаев «Түрліше жазылатын бір мәнді сөздер туралы», «Емле жүйелері», «Грамматикалық мағына деген не?», «Табыс жалғауының тасалануы», «Төрт етістік» атты мақалаларында септік, етістік категорияларының құрамдық көрсеткіштерін, олардың грамматикалық категориялармен байланысын, қимыл етістіктерінің қызметін саралап талдайды. Аталмыш мақалалар лингвистикадағы көкейтесті мәселелерді ғылыми қағидаттар негізінде дәйектегенімен құнды.

Тілші фонетиканың объектісі –дыбыстарды сөз еткенде, ең алдымен, олардың жасалу ерекшелігіне, дыбыстау мүшелерінің қызметіне көңіл аудару қажеттігін айтады. Мәселен, Шамғали Сарыбаев дауыссыз дыбыстарды жасалу орнына қарай ажыратқанда, тіс дыбыстарын тіл-тіс дыбыстары деп атаған дұрыс, сонда оларды меңгеру тез әрі оңай болады деп есептейді. Бұл мәселе жөніндегі пікірін ғалым: «Бұлай деуіміздің себебі: тіс дыбыстарының бірін айтқанда, мысалы т-ны айтқанда, тілдің ұшы мен жоғарғы күрек тіс соқтығады. Сүйтіп, т-ны дыбыстау үшін тіл мен тістің ортақ «еңбегі» бар. Олай болса, тіс дыбыстары деп аталып жүрген дыбыстарды тіл-тіс дыбыстары деп атасақ, ол дыбыстар танымал болар еді, танымалдық аттарынан да білініп тұрар еді. Аттарынан заттары білініп тұрса, ондайларға түсіну оңай болмақ» деп түйіндейді. Дәйекті, қарапайым тілмен баяндалған зерттеу нысанын оқушы да, мұғалім де тез ұғынып, жеңіл игереді. Мұндай пікір-көзқарастар Сарыбаевтың дауысты-дауыссыз дыбыстар, етістік, етіс, шақ категорияларына қатысты еңбектерінде де жалғасын табады.

Ш.Сарыбаевтың пунктуация мәселелеріне арналған еңбектері қазақ тілінің сөздік қорын сақтай отырып, емле ережелерін дұрыс қолдануға арналған. Жазу сауаттылығы мен емле жүйесі, олардың басты ұстанымдарын айқындау мәселелерін қарастыратын тілші зерттеулері – жазуда латын әліпбиіне негізделген емлені біріздендіруге бағыт беретін бағалы еңбектер. Осыған байланысты ғалымның қаламынан туған «Емле жүйелері», «Ы, І-нің жазылуы туралы», «Қосымшалардың өзгеруіндегі қайшылық», «Грамматикалық тақырыптарды оқытқанда, орфографияны қатыстырып отырудың жолдары», «Күнделік керектер», т.б. осы сияқты еңбектері мен мақалалары тіл ғылымының көкейкесті мәселелерін қозғауымен маңызды.

Педагог-ғалым Шамғали Сарыбаевтың артына қалдырған бағалы, мол тілдік рухани мұрасы қазақ тілін оқыту әдістемесі мәселесіне арналған.

Тәжірибелі әдіскер методика ғылымын бағдар мен бағдарламаға, оқулық пен оқу құралдарына, тақырып пен тақырыпшаларға, тапсырма мен нәтижеге ажырата келіп, оларды бір – бірімен сабақтастыра қарастырады. Ұстаз теориялық қағидаларды тәжірибе арқылы тексеріп, сабақ беру үстінде берілген материалдың оқушыға қаншалықты түсінікті екенін бағамдап отырады. Бұл – сабақтың сапасын арттырудың бірден-бір ұтымды тәсілі. Осы ретте Алаш арыстарының бірі, қазақ тіл білімінің ғылыми негізін салушы Құдайберген Жұбановтың: «Білімге айналмаған ғылым – пайдасыз ғылым. Ғылымды білімге айналдыратын – мектеп» деген кемел ойы еріксіз еске түседі. Қызмет етіп жүрген жылдардағы тәжірибесін жинақтап, тілші 1944 жылы «Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту методикасы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды.

Аталмыш диссертация – қазақ тілін оқыту әдістемесі саласына арналған тұңғыш ғылыми еңбек.

Шамғали Сарыбаевтың әдістеме іліміне қатысты зерттеулері екі саланы қамтиды. Бірі – қазақ мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесі, екіншісі – орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесі.

Жалпы әдістемелік еңбектер әртүрлі мақсатта, әртүрлі бағытта жазылады. Кейбір зерттеулер жалпы бағыт беру тұрғысынан айтылып, мәселенің ғылыми тетігі айқындалмайды. Енді бірде тақырыпты оқытудың амал-тәсілдері көрсетіліп, алынған тақырыптың басқа мәселелермен байланысы берілмей жатады. Кейде ұсынылған тақырып толық қамтылмай, мәселені меңгерудің бірер үлгілері ғана айтылып, қалғаны мұғалімге қалады. Әдістеменің бұл амалдарының қай-қайсысы да қажеттілікке және сұранысқа орай өз орнымен қолданылады.

Ғалым Шамғали Харесұлы еңбектерінде берілген әдістеме түрі, біріншіден, тақырып пен оған байланысты мәселелерді толық және жан-жақты сөз етеді. «...Методика екі түрлі жолмен баяндалады: бірінші жол – грамматикалық тақырып алынады да, методика сол тақырып бойынша жазылады, мұның арқасында оқулықтағы тақырыптың мазмұны бөлшектелмейді, методика тақырыптағы тақырыпшаларды түгел қамтиды» дей келіп, тілші өз кітаптарында осы түрді жүзеге асыратынын айтады. Бұл тілшінің оқыту ісіне жоғары талап қоя отырып, әдістеме ілімінің басты қағидаларын терең игергендігін аңғартады.

Екіншіден, Ш.Сарыбаев оқытушы тұлғасына, мұғалім шеберлігіне, оның білімі мен білігінің дамуына қажет факторларды анықтап, кемшіліктерді көрсетіп, одан шығудың жолдарын көрсетеді. Мысалы, әдіскер Ш.Сарыбаев мұғалім туралы бірде: «Кейбір мұғалімдер үйреткенін су сияқты, оқушылардың ұғымын ыдыс сияқты көріп, сабақ үйрету үшін айтылған сөздердің бәрі шайқалмастан, төгілместен ыдысқа құйылғандай болады деп түсінеді. Ондай мұғалім сабақ тақырыбын құр сөйлеп, түсіндірумен ғана қанағаттанады. Сабақ тақырыбын меңгеру үшін, құр сөйлеп түсіндіру жеткіліксіз» десе, келесіде оны мынадай деп суреттей келіп: «Адам тұратын үйдің қалай салынатындығын ауызша айтқан адамның бәрі бірдей үй салатын шебер болмайтыны сияқты методикалық ережелерді жаттап алған мұғалімдердің бәрі бірдей пәнін ойдағыдай оқыта алмауы мүмкін. Мұғалімдер тілдік тақырып пен оны оқыту методикасын бірінен-бірін айыра да біліп, сонымен бірге бірімен-бірін байланыстыра да білулері керек» деп түйіндейді.

Үшіншіден, Шамғали Харесұлы сабақта тақырып,тақырыпшалар, оларға қажет әдістемелер, тілдік материалдар, пікірлер, көрнекіліктер, ситуациялар, яғни «сабақ барысында болатын моменттердің бәрі бірдей»\Ш.С.\ қамтылып, ескерілуі жақсы методиканың кепілі деп біледі. Шындығында, қазір комплекстік оқытудың тиімді екені өмірде дәлелденіп, ғылыми-практикалық жағынан толық іске асырылғаны аян.

Төртіншіден, тиімді методиканың басты ұстанымдары – сабақтастық, жүйелілік, сатылай дамытушылық, түрлендірушілік, сәйкестендірушілік, қызықтырушылық деп есептей келе, тілші ғалым: «тақырыпшаларды оңай жерінен бастап, бірте-бірте қыйынына қарай сатылай көрсету дегеніміз - методикалық қағыйда болады» деп, әдістеменің қазіргі уақытта ұтымды саналатын заңдылықтарын сол кездің өзінде дәл таныған.

Бесіншіден, ғалым жаңадан сан әдісін іске қосып, салыстырмалы әдістің қолданымдық түрлерін өзгертті. Қайталау әдісін түрлендіре отырып, әдіскер: «Қайталану біркелкі болмай, түрліше болу керек. Балалар ұғымының түрлілігіне, мұғалімнің сабақ беру сапасына, тақырыптың оңай-қыйындығына, оқушылардың сабаққа көңіл қоюына қарай сабақ барысындағы қайталау әлденеше рет құбылып отырады» деп түсіндіреді.

Алтыншыдан, тілшінің әдіскерлік пікірлерінің ішінде ерекше орын алатын – ойды жинақтап, түгел айтуға; қажет ойды түйіндеп айтуға баулитын әдіс-тәсілдер. Ол: «...кез келгенін айттырмай, бір шетінен бастап ретімен саната көрсете айттырамыз. Бұлай еткенде оқушылар ойына алғанын түгел айтуға үйренеді. Түгел айтуының себебі – мұнда әрі реттік, әрі көрнекілік қасиет бар» дейді. Тілші ойдың рет-ретімен, жүйелі жеткізілуіне ерекше мән береді.

Жетіншіден, тілші-ғалым қолданған тіркестер мен терминдер – тіл білімі тарихында лингвистикалық сөздік қорды тың ұғыммен байытқан, рухани құндылықтарымызды жаңғыртқан, қазақтың сөз байлығын кеңейткен бірліктер. Мысалы, дыбыстарды айыра таныту жолы, ретімен саната көрсету, үдетпелі жолмен жинақтау, тілсіз схема, жабық схема, бас тақырып, қосалқы тақырып, тақырыпшалық талдау, жыйнақ талдау, шумақ талдау, үлестік талдау, шумақтық үлес талдау, жыйнақтық үлес талдау, т.б. тәрізді сөздердің мағынасы мен мәнін, қолданымы мен қызметін түсініп, сөз байлығымыздың бір арнасы ретінде пайдаланған жөн. Себебі бұл тілдік парадигмалар ұлттың рухани тамыры болып табылатын қазақи төл ұғымдарды білдіреді.

Шамғали Сарыбаевтың әдістемелік еңбектерінің өзіндік ерекшелігі – қажет мәселелерді ірі-ұсақ демей, түгел қамтып, жинақтап, талдап беруінде. Барлық проблема бір-бірімен байланыста, ұштаса, сабақтаса оқытылғанда ғана нәтижелі болады. Әдіскер-ғалым өз еңбегі туралы былай дейді: «Бұл айтқанымыз жалпы методикадан қашу емес, қайта әр тақырыпшаға сәйкес жалпы методиканы (дидактиканы) жалпы методикаға айналдыру, атап айтқанда, дидактикалық ережелерді методикалық қалыпқа түсіру болып шығады». Тілшінің осы айтқанын растайтын еңбек ана тілі мұғалімдеріне арнап жазған 1933 жылы баспадан шыққан «Күнделік керектер» атты кітабы.

Ф.ғ.к., доцент Майра Шорақызы Сарыбаева мен ф.ғ.д. Құралай Бимолдақызы Кудеринова «Латын жазулы еңбектер: Ш.Х.Сарыбаевтың «Күнделік керектері» атты мақалада бұл кітап туралы: «...бізді қызықтырған «Күнделік керектер» – құнсызданған қазіргі өзекті мәселеге арналады. Тақырыбының өзі қызық: «Тыңдау жолдары», «Баяндамаға қалай даярлану керек», «Қалай баяндамалау керек?», «Тыңдағысы келмеу неліктен?», «Тыңдап отырып, демал», «Өзіңмен өзің болып кетпе», «Еліктіре де, тексерте де сөйле», «Таныстан жатқа, бөлшектен бүтінге», «Қалай сөйлеген сөз қонымсыз болады?» деп, еңбектің мәні мен сипатын ашады.

Сонымен қатар ағартушы-педагог Ш.Сарыбаев халықтың рухани байлығы болып табылатын шешендік сөздерді, ұлттық құндылық болып саналатын ақын-жыраулардың шығармаларын сақтау, жинау, дәріптеу үшін де атсалысқан. Ол халық ауыз әдебиетін, оның ішінде, ақын-жыраулардың поэзиясын жинақтап, оны мәдени, көркем құндылықтарымыздың бірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуді мақсат еткен.

Тілші поэзия алыбы Жамбыл Жабаев өлеңдерін жинап, «Жамбыл – теңі жоқ алып ақын» деген баға беріп, газетке жариялаған. Газетке алғаш шыққан Жамбыл Жабаев туралы мәліметті тілші И.Ұйықбаев «Ана тіліміздің жанашыры» атты мақаласында атап көрсетеді: «Халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаев жөнінде тұңғыш дерек Ш.Сарыбаевтың «Қазақ әдебиеті және оны жинау жолдары» деген мақаласында айтылады». Осы мәселе жөнінде Шамғали Сарыбаевтың өзі: «...1923 жылы болса керек. Алматыға қарасты Ұзынағаш деген жерде жүздеген үй тігіліп, Жетісу батырақтарының тойы болды. Жетісу обкомының бірінші секретары Бәрібаев Жұбаныш жолдас мені шақырып алып, мыңдаған кедей-батырақ, орта шаруаларға ойын-сауық ұйымдастыруды тапсырды. Облатком председателі Ораз Жандосов арқылы Жетісудағы жергілікті ұйымдардың көмегімен сол тойдағы ақындарды жинап, өлең айтқызып, домбыра тарттырмақшы болдым. Ақындардың арасында жүріп, олардың қандай өлең білетіндерін, қай жылы туғандығын, дауыстарының қалай екендігін және бұлардан басқа да мағлұматтарын жинап алдым» деп жазады.

Педагог Шамғали Харесұлы Сарыбаевтың зерттеу еңбектері – өзінің рухани тамырын сақтай отырып, әлемдік озық мәдениет пен өркениеттен үлгі ала білетін, ой-санасы алғыр, бәсекелестікке қабілетті ұлт пен ұрпақ қалыптастыру жолында өзекті болып табылатын маңызы зор, пайдасы мол, адам жанын рухани байытатын, педагогика ілімінің өрісін кеңейтетін еңбектер. Күрделі дәуірмен бетпе-бет келіп, тоталитарлық жүйенің қыспағына қарамай, ұлттық сананы оң бағытта дамытуға ықпал еткендер көшінде Шамғали Сарыбаев есімі де бар екені даусыз.

Шамғали Сарыбаев – халық ағарту ісінің кең өріс алуына елеулі үлес қосқан ұлағатты ұстаз, шебер әдіскер, ізденімпаз мұғалім, талантты тәрбиеші, парасатты педагог, білімді де білікті ғалым. Ұлт руханияты мен біліміне мол еңбек сіңіріп, танымы терең, тағылымы мықты ұрпақ тәрбиелеуге бар өмірін сарқа жұмсаған, ұлт биігіне көтерілген тұлғаның туған халқымен бірге жасары күмәнсіз.

БІЛІМ

Жастар үшін қызмет етуге әркез дайын

Мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық унверситетінде «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша білім алып жүрмін. Талай жанның арманына айналған қара шаңырақта білім алу бақыты маған да бұйырыпты. Расымен-ақ, «Казгуград» қалашығы деп аталып кеткен құтты мекен, өз біліміне сенетін, дарынды, талантты жастардың ортасы мені ең алғаш келген күні-ақ өзіне баурап алды.

Бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 15 факультет бойынша студенттерді дайындайды. Екі жарым мыңнан астам профессор-оқытушылар білім беруде. Университетімізде оларға барлық жағдай қарастырылған. Университетте ТМД бойынша өте ауқымды «әл-Фараби» кітапханасы, 1600 көрерменге арналған Ө.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, спорт кешені, технопарк, медициналық орталық, 18 студенттер үйі, қызмет көрсету орталығы орналасқан. Сонымен қатар әр жыл сайын шәкірттердің озық ойлары мен тәжірибесін жинақтау мақсатында «Фараби оқулары» атты конференция өткізіледі. Сондай-ақ мен осы конференцияға қатысып, ҚазҰУ-дың 85 жылдығы қарсаңында, «ҚазҰУ-дағы 85 атау» деген ғылыми жұмысымды көпшілікке таныстыратын боламын. Онда ҚазҰУ-дағы 200-ге жуық жалқы есімдерді жинақтап, соның ішінде 85 үйірмелер атауына талдау жұмысын жүргізіп шықтым.

Қарашаңырақ дарынды, білімді, білікті, ізденімпаз жастардың басын біріктіріп отырған киелі шаңырақ. Мен ҚазҰУ-да өткізген әрбір сәтімді ең бір бақытты кездерім деп бағалаймын. Білім алып жатқан студентке әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенті болу – асқақ арман, зор мәртебе және үлкен бақыт. Еліміздің үздік оқу орны ұлттық университетіміз жалынды жастар үшін қызмет етуге әркез дайын.

Аружан БЕЙБІТБЕКОВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті
Фатима ҚОЗЫБАҚОВА,
жетекшісі, тарих ғылымының кандидаты, профессор

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ

Болашақтың бағдары

Алматы облысы Райымбек ауданы Қарасаз ауылдық кітапханасында «Латын қарпіне көшу – болашақтың бағдары» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Ауыл тұрғындары, мектеп оқушылары қатысқан жиында кітапхана оқырмандары өздерін толғандырған ойларды ортаға салып, мемлекеттік тілдің латын әліпбиіне көшуінің тиімділігін талқылады.

Латын қарпіне көшу мәселесі еліміз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен бері талқыланып келеді. ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2012 жылы 2025 жылға дейін латын қарпіне көшу қажеттігін «Қазақстан – 2050» Стратегиясында мәлімдеген болатын. Яғни 2025 жылға қарай ісқағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтар мен құжаттарды латын әліпбиімен бастыру қажеттігін алға тартып, еліміз үшін маңызды қадам жасаудың кезеңі келгендігін ұғындырған еді.

Ең бастысы, латын қарпіне көшу қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін нығайтуға ықпал етері анық. Себебі әлемдік тілдермен тең дәрежеде қолданылып, қолданылу аясы кеңейетін тіліміз алыс-жақын шет мемлекетте жүрген қандастарымызбен қарым-қатынас жасауда аса тиімді болмақ. Латын таңбасын ертеден пайдаланатын әлемнің 100-ден астам мемлекеті барлық деңгейдегі құжаттар мен ісқағаздарына осы әліпбимен жазады.

Түркі халықтарының ішінде Түркия мемлекеті 1929 жылы алғашқы болып латын әліпбиін қолданысқа енгізген. Ал ТМД кеңістігіндегі туысқан Әзербайжан 1992 жылы, Өзбекстан мен Түрікменстан елдері 1993 жылы латын жазуына көшкен-ді. Қазақстан 1929-1940 жылдар аралығында латын жазуын пайдаланғаны тарихтан мәлім. Бірақ Кеңес одағының идеологиялық ұстанымына орай, күшпен кирилл қарпіне көшірілген Қазақстан халқы өткен ХХ ғасырда үш рет әліпби ауыстырды. Атап айтқанда, орта ғасырлардан бастап 1929 жылға дейін қолданылған араб графикасы саяси жүйенің әсерімен латын қарпіне ауыстырылады. 1929 жылдан 1940 жылға дейін ұлт руханиятына үлес қосқан латын әліпбиінің орнына кирилл әрпі келіп, бүгінгі күнге дейін қолданылып келді.

Ғаламтор желісіндегі деректерге сүйенсек, бүгінде әлем елдерінің 70 пайызы латын жазуы арқылы білімді меңгеріп, ғылыми зерттеумен айналысуда. Бұл – оқу-ағарту, жоғары білім, ғылым, саясат пен техника, мәдениет пен өнер, спорт, қорғаныс салаларына қатысты жазбаша ақпараттың барлығы латын әліпбиімен жазылады, қоғамдық өмірдегі жаңалық атаулы осы графикамен таралады деген сөз.

Мөлдір САТЫМҚҰЛОВА,
Қарасаз ауылдық кітапханасының қызметкері

Алматы облысы

ЖОҒАЛҒАН МЕМЛЕКЕТ

Ғалым Болат Көмеков көне мемлекетті қалай тапты?



Жанболат АУПБАЕВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Бұл кісімен менің танысуым мүлдем кездейсоқ, күтпеген жайттан басталды. О баста болашақ мақалама кейіпкер болатын басқа адамды іздеп жүргенмін. Ол – 1961–1966 жылдары Египеттегі Асуан плотинасын салуға қатысқан Ақыш Ермеков деген қандасымыз еді. Мұрағаттардағы деректерге қараймын, бұл ағамыздың туып-өскен жері белгілі, шетелге аттанғанға дейінгі еңбек жолы, Мысырдағы жұмыс істеген кездері, бәрі-бәрі анық. Бірақ, иә, бірақ кейінгі өмірі туралы мәліметтер өте аз. Түрлі ізденіспен осылай көп уақыт өткен. Бір күні «Социалистік Қазақстан» газетінің 1964 жылғы мамыр айындағы №19 нөмірінен «Отандастарымыз Африканың ұлы құрылысында» атты ТАСС хабарындағы деректі ұшыратпасым бар ма?! Ол: «Ніл өзеніндегі Асуан плотинасын салысуға келген көпұлтты кеңес мамандарының қатарында А.Дүйсенов, Б.Көмеков, А.Ермеков секілді қазақ жігіттері бар» деген жүгіртпе жолдар еді.

«Мынау қай Көмеков? – деймін дағдарып. – Бұл қазіргі есімі елге белгілі ғалым ағамыз ба, жоқ әлде басқа адам ба?» Осындай оймен «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясының 5-томын қолға алдым. Рас екен! 1963 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің шығыстану факультетін бітірген Бөкең, Болат Ешмұханбетұлы Египетке аттанады. Сөйтіп, 1964-1965 жылдары сондағы Асуан плотинасына көмекке жіберілген кеңес мамандарына аудармашы қызметін атқарады. «Болды! Бітті! – дедім энциклопедиядағы мына анықтаманы оқыған мен сол сәтте іштей күбірлеп. – Өзім көптен бері іздеп жүрген Ақыш Ермековті білетін адам табылды! Оны бұл кісінің Ніл бойында көрмеуі, бірге жүрмеуі мүмкін емес». Сөйттім де ғалым ағамыз жұмыс істейтін елордадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне қоңырау шалдым.

– 1957 жылы, – деді кездесуден кейінгі алғашқы аман-саулықтан соң әңгімесін бірден бастаған Болат Ешмұханбетұлы, – мен Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетіне оқуға түстім. Мұндағы өзім білім алатын шығыстану факультетіндегі тәртіп өте қатал еді. Әр студенттің жүріс-тұрысынан бастап, сабаққа дайындалуы, семинар мен курс жұмысына қатысуы, бәрі-бәрі қатаң қадағаланатын. 3-4 курсқа келгенімізде Таяу Шығыс елдеріне барып, тәжірибеден өту басталды. Оқу бағдарламасының сондай кезекті үдерісінде мен төрт студенттің бірі болып Сирия астанасы Дамаскіден бір-ақ шықтым. Бұл 1960-1961 жылдар еді. Жастық шақтың алғырлыққа толы уақыты ғой. Сол сапарда өз басым шетел дегеннің не екенін түйсініп, ондағы өмірдің қандай болатынын біліп қайттым.

Өстіп жүргенде біздің университетті бітіретін кезіміз – 1963 жыл да келіп жетті. Диплом қорғағаннан кейінгі ректораттағы әңгімелесуде комиссия мүшелері мені өздеріне қалдыруға шешім қабылдағанын айтты. Сол кездегі энтузиазм мен романтика және патриотизм-ай, десеңші, шіркін! Мен жоғарыдағыдай ұйғарымға көнбедім. Ташкентте қалмай, Алматыға, ондағы Ғылым академиясына барғым келетінін айттым. Отырғандар бастарын шайқады да, Мәскеуден келген өкілге қарады. Ол кісі: «Таңдауыңыз солай болса, қайтеміз. Барыңыз. Бірақ өзіңіздің қазіргі таңда елімізге өте қажет маман, керек кадр екеніңізді ұмытпағаныңыз жөн. Егер өмірде, тіршілікте кездейсоқ жағдай, күтпеген қиындықтар кездесіп жатса, бізге хабарласыңыз. Жерде қалмайсыз. Көмектесеміз!» деп қолыма бір телефон нөмірі жазылған қағазды ұстатты. Содан не керек, көп кешікпей жүрегім алып-ұшып Алматыға жеттім. Сөйтсем...

Осы жерге келгенде кейіпкеріміз үнсіз қалды. Әңгіме иесінің содан біраз уақыт өткеннен кейін барып қайта жалғаған сөзінен біз мынаны ұқтық. Ол таудай талаппен өзіміздің академияның есігін ашқанда алдымен көріп, жолыққан адамы Әбдуәли аға Қайдаров еді. Сол кездері мұндағы Тіл білімі институты директорының орынбасары болып істейтін Әбекең оны жақсы қарсы алады. Әңгіменің мән-жайына қаныққан соң арабтану саласына байланысты өздерінде бір орынның бар екенін айтып, құжаттарын институт басшысы Ісмет Кеңесбаевқа көрсетуге уәде береді. Арада апта өтеді. «Хабар болмай тұр. Шыда» дейді директордың орынбасары. Жаңа ай да жетеді. «Мен айтып-ақ жүрмін. Ыңғай бермейді. Үлкен кісі ғой. Сәлем беруге кіріп, жағдайыңды өз аузыңмен айтқаның дұрыс шығар» деп ақыл-кеңес береді Әбекең... «Жарайды» деп қабылдауға жазылған кезегі жетіп, академиктің кабинетіне енгенде естіген жауабы: «Біз сені шақырғамыз жоқ. Бос орын бар деп кім айтты? Көмектесе алмаймыз» деген сөз болды. «Бұл қалай? Бір штат бар еді ғой. Мүмкін емес» деп ыңғайсызданған директордың орынбасары кейіпкерімізге енді келісімшартпен «Арабша-қазақша сөздіктің» сұлбасын жасауға кеңес береді. Болат Ешмұханбетұлының бұған онша зауқы соқпайды. Байқап қараса, біріншіден ол әлі басы ашылмаған дүние сияқты. Екіншіден, ғылымдағы қалыптасқан қағида бойынша мұндай еңбекті біреу емес, бірнеше адам бірігіп қолға алуы керек.

«Жоқ, бұл болмайды» деген оның көз алдына кенет Ташкент, ондағы өзі оқыған университет елестеді. Ойына сондағы Мәскеу өкілінің бұған берген қағазы түсті. Содан жалма-жан есін жиып, Коммунистік проспект пен Жамбыл көшелерінің қиылысындағы қалааралық телефон байланысы стансасына тартсын. Қажетті нөмірге тапсырыс беріп, кезегін күтіп отырсын. Динамиктен өзін шақырған дауысты естіп, кабинадағы телефон тұтқасын алсын. Алматыдағы жас маман мұның жағдайын асықпай тыңдаған арғы жақтағы адам бұған төрт-бес күннен кейін қайта хабарласуды өтінді. Сол айтылған шамада операторға тағы тапсырыс беріп, бейтаныс жанмен қайта сөйлескенде: «Мәселеңіз шешіледі. Тез арада бізге жетіңіз» деген жауапты естіп, аң-таң қалды. «Өңім бе, әлде түсім бе?» деп жүріп Алматыдан Мәскеуге аттанды. Қазан вокзалынан түскен соң Қызыл алаңға қарай тартып, үкіметтің сол маңдағы шетелдермен байланыс жөніндегі комитетіне келіп кірді. Осы жерде ол 1961 жылдан бері Кеңес Одағының көмегімен Египетте салынып жатқан ірі құрылыс нысанына араб тілін білетін мамандар жетіспей жатқанын естіді. «Егер баратын ойыңыз болса, өзіміздің Сыртқы сауда өкілдігіндегі 15 күндік тағлымдамадан өткен соң, біз сізді сол жерге жібере аламыз» деді мұнымен әңгімелескен орыс жігіті.

Кейіпкеріміз бұл ұсынысқа: «Тәуекел!» деп бірден келісті. Содан айналасы екі айдың ішінде Ніл өзені жағасындағы Асуан плотинасынан бір-ақ шықты. Мұнда ол бас аудармашы қызметін атқарды. Міндеті – атақты құрылысты салысуға Кеңес Одағынан келген орыстілді мамандар мен араб инженерлері арасындағы сөзді тәржімелеу. Сондай-ақ Асуан плотинасына КСРО Энергетика министрлігі жағынан жауап беретін бас сарапшы Яковлевке қала губернаторының кеңсесінде өтетін жиналыстарда тілмаш болу. Байқап қарайды, тұратын жерлері қолайсыз-ақ. Табиғаты қуаң, құмды дала. Жыл он екі ай бойы көктен нәр тамбайды. Оған әуе айналып жерге түсетін аптап ыстықты қосыңыз. Жер жағдайының осындай қиындығына қарамастан халқы аққөңіл, жайдары. Қырдағы түйе баққан бәдәуи де, ойдағы егін еккен феллах та Ніл өзеніндегі салынып жатқан алып құрылысқа қуанышпен қарайды.

Арада арбаның дөңгелегіндей айналып айлар өткен. Бұл Ніл өзенінің бөгеліп, алып су электр стансасына қажет турбогенераторлардың сәтті қойылған, сондай-ақ цементпен құйылған биік плотина кешенінің бір-біріне жалғасқан блоктары заманауи пульттермен жабдықталып біткен кезі еді. Сондай уақытта Африка құрлығындағы осы ғажап ГЭС-ті көру үшін Кеңес Одағының басшысы Н.Хрущев пен Біріккен Араб Республикасының президенті Гамаль Абдель Насердің келетіні белгілі болды. Мұндай жағдайда өкілдіктегі аударма бюросына тапсырылатын жұмыс белгілі. Ол мемлекет басшылары мен үкімет мүшелерінің сөздеріне тәржіме жасауды қамтамасыз ету. Жоғары дәрежелі меймандар Асуанға келгенше мұндағыларда жан қалмады. Тапсырмаларды қайта-қайта тексеру, атқарылатын жұмыстарды әлденеше рет пысықтау... Нәтижесінде екі ел көсемдерінің жұртшылықпен жүздесіп, еңбек адамдарымен емен-жарқын әңгімелесуі ешқандай ың-шыңсыз, аман-есен өтті. Сонда Асуандағы ресми делегация сапарындағы іс-шараның жоғары деңгейде жүргізілуінде КСРО басшысы Н.Хрущевке консул Аракелянның, ал оған еріп келген одақтық энергетика министрі Непорожныйға аудармашы Болат аға Көмековтің тілмаш болуы айтарлықтай рөл атқарған еді.

– Осы жерде мен өзің айтқан қазақ ағайды көрдім, – деді жоғарыдағы жағдаяттарды рет-ретімен баяндап келе жатқан Болат Ешмұханбетұлы әңгімені енді басқа арнаға бұрып. – Ол кісі құрылыс басында менің жоғарыдағы үкіметтік делегация мүшелерімен жүргенімді көріп бас сарапшы Яковлевке: «Бұл кім?» деп сұрапты. «Сіздің жерлесіңіз. Бізге таяуда келді. Аудармашы» дейді жауап иесі. Осыдан соң, көп ұзамай бейтаныс жанның менімен танысуға арнайы келгені әлі есімде. Шығыс Қазақстан өңірінің тумасы екен. «Атым – Ақыш, фамилиям – Ермеков, мамандығым – монтажшы, – деді гүрілдей сөйлеп. – Өскемен, Ангара ГЭС-терін салысуға қатыстым, 1961 жылдан бері осындамын. Отбасым – Алматыда». Дене бітімі зор кісі еді. Бізден 12 шақырым қашықтықтағы нысанға ерте барып, кеш қайтып жұмыс істеп жүрді. Демалыс күндері маған соқпай кетпейтін.

Осылай 1964-ші жыл өткен. 1965-ші жыл да келіп жеткен. Еңбек демалысы жақындаған сайын кейіпкерімізде маза болмады. Өйткені оған болашақтағы өмір жолы үшін нақты шешім қабылдау керек еді. Не: «Мұнда кел, анда бар» деген күнделікті күйбең жұмыстардың жетегінде жүре беру, не өзі армандаған іргелі ғылым саласына қарай түбегейлі бет бұру. Соңғы оймен бас сарапшы Яковлевке кіргенде, ол тас-талқан болып ашуланды дейсіз. «Не жетпейді саған? – деді. – Табысың жақсы, тамағың тоқ. Беделің де жаман емес. Басқалар мұндай жерге жете алмай жүрсе, архивте қағаз кеміріп, атақ-даңқты содан табамын дегеніңе жол болсын».

Күнде осындай әңгіме... Күнде жоғарыдағыдай тәжіке... Таусылмайтын үгіт... Ақыл-кеңес... Шешуші сөзді бір күні консул Аракелян айтты. «Сіз, – деді бас сарапшыға, – бұл жігітті жақсы көргендіктен, жұмысына көңіліңіз толғандықтан жібергіңіз келмей отыр. Иә, ол бәрімізге ұнайды. Барлығымызға керек кадр. Бірақ кетемін деген адамды ешкім тоқтата алмайды. Осыны түсініңіз. Менің пайымдауымша, бұл болашағы бар адам. Алдына мақсат қойған маман. Ұмтылсын соған... Жетсін арманына! Қиянат жасамайық».

Яковлев көнді. «Бірақ саған айтатын ақылым бар. Былай істе, – деді даусы жұмсарып. – Біздегі былтырдан бергі еңбеккүн ақысы аккордты түрде есептеліп келгенін ұмытпа. Ай сайынғы мұндағы тіршілігіңе қажет деп беріліп келген айлығың, ол – аванс. Ал қалғаны банктегі арнаулы есепшотта сақтаулы. Сол қаржыға мен кезектен тыс жекеменшік көлік сатып алатын шешім шығарып берейін. Көп адамдарға жасала бермейтін бұл жеңілдікті бізге деген адалдығың мен елгезектігіңнің өтеуі деп ұқ. Сөйтіп, Египеттен еліңе жеңіл мәшине мініп қайт. Бұл – бір. Екінші, өмір ғой, жігітім. Тіршілікте бәрі де болуы мүмкін. Егер Алматыға барғанда қиыншылық көргендей жағдай туып жатса, ұялма. Бізге қайта орал. Үйленсең келіншегіме жұмысты қалай тауып беремін демей, ерте кел. Екеуіңді де қызметке аламын.

– Шіркін, сол кездің адамдары-ай! – деді осы жерге келгенде Болат Ешмұханбетұлы көңілі толқып. – Бір мақсат-мұратқа жұмылып, бір идеяға берілген олардың адамгершілігін, қамқорлығын қалай ұмытайын. Осындай ыстық ықыласқа бөленіп, елге қайттым емес пе?!

Бас сарапшыға рақмет! Сөзінде тұрды. Мәскеуге келгенде ол шығарған шешім дайын екен. Сол бойынша кейіпкеріміз жеңіл көлікті еш қиындықсыз алып, оны Жамбылдағы әкесіне әкеліп мінгізді де, өзі Алматыға жетуге асықты. Бұл жолы Тіл білімі институтына жолаған жоқ. Сол академияда жұмыс істейтін Аяпберді досы екеуі тарихшыларды жағалады. Иә, оларға арабтанушы маман керек екен. Ғалым Бегежан Сүлейменовтің бастауымен академик, Тарих және археология институтының директоры Ақай Нүсіпбековтің кабинетіне келіп кіргенде жолы болды. Ол кісі жылы қабылдап, өткен замандарды сөз етпегеннің өзінде, мына XX ғасырдың 30-жылдарына дейінгі кітаптарымыз бен газет-журналдарымыздың араб әрпімен шыққандығын, ал кириллицаны ғана білетін кеңестік дәуірдегі ғылым өкілдерінің оларға тістері батпай, атқаратын істерге қолбайлау туғызып отырғанын қынжыла баяндады. Сөйтті де: «Тарихшылардан тіл маманы болған адамды көргенім жоқ. Ал тілшіден жақсы тарихшы шығатынына сенімдімін, қарағым. Іске сәт!» деп жұмысқа алуға пейілді екенін білдірді. Әңгіменің соңында аспирантура жайын да сөз ете келіп. «Әл-Фараби еңбектеріндегі ежелгі Қазақ елі туралы деректер» тақырыбы бойынша ізденіп көруге ақыл-кеңес берді.

Академик айтқан соң жан қала ма?! Институттағы қызметіне бұйрық шығып, орналаса сала жоғарыдағы тапсырмаға ал келіп кіріссін дейсіз. Ол кезде Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әбу Насыр бабамыз туралы, оның еңбектері жөнінде біздің елдің енді-енді біле бастаған кезі еді. Сондықтан ғұлама ғалымға қатысты дүниелердің бәрін Бағдад, Каир, Ыстамбұл, Тегеран шаһарларындағы ғылыми орталықтардағы дереккөздерден іздеу керек болды. Оған қоса Кеңес Одағымен дос басқа да Таяу Шығыс мемлекеттеріндегі көптомдық энциклопедиялар мен библиографиялық еңбектердегі әр шығармаға берілген қысқаша сипаттамалар да қағыс қалған жоқ. Осындай ұмтылыс барысында ол әл-Фарабидің 60-тан астам еңбегін тауып, танысып шықты. Бірақ... Сәтсіздік... Бұлардан нақты дерек, мәлімет табылмады. Барлығы да трактат. Кілең теорияға құрылған философиялық пайымдау. Дидактикалық ереже-қағидаттар. Осыны жетекшісіне айтайын десе, бекітіліп берілген тақырыбына түк таба алмаған сияқты өзіне ыңғайсыз. Айтпайын десе, бар ақиқат солай болып тұр. Ақыры ғылыми кеңестің бір отырысында: «Тәуекел!» деп баяндауға тура келді. Жоқ, бекер қауіптеніпті. Нақты дәлел-дәйек негізіндегі тұжырымға ғалымдар түсіністікпен қарады. Пікір алысу кезінде Әлекең, Әлкей аға Марғұлан: «Бұлай болған жағдайда тақырыпты өзгерту керек шығар. Мәселен «Ертедегі Қазақ елі көне араб қолжазбалары деректерінде» деп институт басшысына қарады. «Жақсы, – деді Ақай Нүсіпбеков. – Бұл жөнінде Ленинградта не бар екен?» Сөйтті де бәрі ақылдаса отырып Болат Ешмұханбетұлын сондағы Шығыстану институтының нарратив, яғни көне қолжазбалармен шұғылданатын мамандар тобына жіберуге ұйғарым жасады.

...Ал мұндағы жұмыс сұмдық ауыр және өте қиын еді. Негізі I Петр заманынан бастап жиналған Азия, Таяу Шығыс елдерінің араб, иудей, парсы, қытай тілдеріндегі шаң басқан папирустар мен пергаменттер, фолиант, альбом, карталар және факсимилие толы сансыз сөрелерден адам шошитын. Күні бойы жертөледегі тау-тау боп үйілген олардың арасында жүріп жоғарыға көтерілгенде, денең ауыр жүк езіп тастағандай жаншылып шығатын. Бекер обалы не керек, осы ғылым ордасында көптен бері істейтін Анас Бакиоғлы Халилов, Олег Георгиевич Большаков, Петр Афанасьевич Грязневич секілді Шығыс әлемінің білгірлері Қазақстаннан келген жас маманға аталмыш рухани қазына есігін барынша ашып тастап, қолдарынан келген көмегін аяған жоқ.

Осылай қыс, көктем өткен. Мезгіл жазға иек артқанда кейіпкеріміз ежелгі замандағы Қазақ елінің бастау көздері болып табылатын түргеш қағанатына қатысты көне араб дереккөздеріне жеткен. Одан қарлұқтарды бітіріп, қараханидтер тұсындағы жәдігерлерге келген. Содан кейінгі бітірген шаруасы оғыздарға қатысты нарративтер болды. Сөйтіп, VII-X ғасырлар аралығын адақтап шығып, қыпшақтар дәуіріне қарай ойысқан. Байқайды, міне, осы жерден бастап бұрын ғылыми айналымға түспеген бейтаныс сөз ұшыраса бастады. Ол «иемақ» деген атау еді. Келе-келе бұл «қимақ» ұғымына айнала бастады. Мән-мағынасына қарағанда ел мен жерге байланысты айтылғандай ма, қалай? Иә... иә! Оны мұнда болып, көзімен көрген саяхатшылардың «шаһарлар мен кенттер», «мал шаруашылығы», «егін», «қолөнер» деген деректері айқындай түскендей.

«Қызық, – деп ойлады Болат Ешмұханбетұлы. – Оғыздар мен қыпшақтар дәуірінің арасындағы қандай тайпа бұл? Қандай жұрт?». Сөйтті де көне араб жазбаларындағы осы тақырыпқа қатысты өзі ұшырастырған мағлұматтарды тірнектеп жинауға отырды. Қалың шөп арасына түсіп кеткен инені іздегенге ұқсас азапты ізденіс барысында мынадай мағлұматтар белгілі бола бастады. «Қимақтар қырғыздардың солтүстігінде» (Әл-Марвази); «Олардың жоғары дәрежелі басшыларын шадтүтік дейді». (Әбу Саид Гардизи); «Патшасы хақан деп аталады». (Белгісіз парсы саяхатшысының «Худуд әл-алам» жазбасынан); «Хақанға патша әулетінен шыққан адам мұрагер болады». (Әл-Идриси); «Қыс түсе бастағанда олар (қимақтар) әрқайсысы өзінің шама-шарқына қарай қой, жылқы және сиыр етін сүрлеп алады» (Әбу Саид Гардизи); «Ақсүйектері киімдерін қызыл және сары жібектен тіктіріп киеді». (Әл-Идриси); «Оларда қамыс өседі; бұл қамыспен олар жазады» (Әбу Дулаф); «Қимақтардың жертөлелері бар» (Исхақ ибн әл-Хусейн); «Мұндағы тұрғындар тамаққа бадана, бұршақ және арпа салады». (Әбу Дулаф); «Адамдары көшпелі... Алайда жер өңдейді, тұқым сеуіп, егін жинайды... Өсімдік майының орнына мал майын пайдаланады, тоң майды шам етіп жағады» (Әл-Идриси); «Жерінің көбі бау-бақша, ал бақтарының дені жүзімдік» (Әл-Макдиси); «Қолөнер бұйымдарының басынан аяғына дейінгі жұмыстарын өздері істейді. Төңірегіндегілерден көмек сұрамайды және басқаның ақылын керек етпейді» (Әл-Жахиз).

Міне, бұрынғы тарихнамада қарлұқтар, оғыздар деп келіп бірден қыпшақтар дәуіріне өте салатын тұста қандай құнды мәлімет ескерусіз қалып келген десеңізші... Жоғарыдағы келтірілген мысалдар кейіпкеріміздің инемен құдық қазғандай болып еңбектенген ауыр жұмысының азғантай бөлігі ғана. Ал оның екі жылға жуық уақыт бойы тапжылмай отырып тапқаны сол кездері ғылыми айналымға түспеген 70 жаңа дерек еді. Осыларды тап-түйнақтай етіп жазып, Ленинградтың Шығыстану институтындағы өзі жұмыс істейтін түркі-моңғол секциясына өткізгенде, жарты айға дейін жауап болмады. Байқайды, күнде жиналыс. Күнде талқылау. Жиын тақырыбы мұның оларға өткізген ғылыми есебіндегі мәселелер сияқты. Бір күні араб кабинетінің меңгерушісі А.Халилов шақырып алды да: «Осының бәрін өзің таптың ба?» деді тіке қарап. «Әрине, – деп жауап берді бұл ештеңеге түсінбей. – Көріп жүрсіздер. Келгелі ешкіммен сөйлескен емеспін. Ешқайда барғаным да жоқ. Тек осында, қолжазбалар қорында жұмыс істедім емес пе?» «Жарайды, – деді әңгіме иесі. – Сен енді былай ет. Қала шетінде біздің санаторий бар. Соған барып демал. Қарашы, көзің қызарып, жағың суалып не боп кеткенсің өзі? Бұл болмайды ғой. Міне, жолдама. Қалған әңгімені келген соң жалғастырамыз».

Осы жерде, құрметті оқырман, оқиғаны уақытынан оздыра отырып баяндайық. Жағдай былай болған. Болат Ешмұханбетұлы хабарлама-есебін институт басшылығына өткізгенде, мұндағы ғылыми ортада үлкен дүрлігіс басталады. Біреулері айран-асыр кейіппен таңғалады. Екіншілері күмәнданып, сенбейді. Үшіншілері әліптің артын бағып, үндемейді. Төртінші бір топ жаңалық ретінде мойындалуы керектігін талап етеді. «Бірақ қалай, қайтіп? – дейді шаштарын осы шығыстану саласымен ағартқан оқымыстылар. – Аты да, заты да ғылымға әлі белгісіз жас адамның аз ғана уақыт аралығында осындай жанкештілікпен еңбек етуі мүмкін бе? Оның мұндағы көне араб қолжазбаларын жалғыз өзі аударып-төңкеріп шығуға күш-қуаты қалай жеткен? Сондықтан тексеру керек». Сөйтеді де олар Болат Ешмұханбетұлын қала сыртына демалдыруға жіберіп, өздері ол жұмыс істеген жәдігерлерді қарауға кіріседі. Бәрі дұрыс. Атап айтқанда, Қазақстаннан келген маманның қай бумаға қашан тапсырыс бергені, онымен қанша күн жұмыс істеп, одан нені тапқаны, сондай-ақ қор қызметкеріне қай уақытта қайтарғаны анық жазылған. Және сол 70 жаңа дерек табылған әртүрлі қолжазба тігінділерін екі жылға жуық мерзім ішінде «Б.Көмеков» деген адамнан басқа ешбір ізденуші қайта алып қарамаған. Оқымаған.

Құрамы 4-5 сарапшыдан тұратын комиссия жарты ай бойы жоғарыдағыдай тексеру жұмыстарын жүргізіп: «Бұл мағлұмат-мәліметтер ізденуші маманның таза өз еңбегі. Ол тапқан жаңа деректер қордағы көне араб-парсы жазбаларындағы мәтіндермен қайта салыстырылып, тексерілді» деген қорытынды жазылып жатқан кезде біздің кейіпкеріміз де санаторийдегі демалысынан институтқа қайта оралған еді. «Сен білесің бе? – деді кабинетіне кіре берген оны қуанышты жүзбен қарсы алған А.Халилов. – Екі жылда... Иә, бар-жоғы екі жыл ішінде ғылымға үлкен жаңалық әкелгеніңді түсінемісің, көгершінім! Осы мерзім аралығында үлкен бір мемлекет аштың ғой. Дәл солай!.. Тарих сахнасынан із-түзсіз жоғалып кеткен Қимақ атты жартылай көшпелі отырықшы елді таптың емес пе?!» Анас Бакиоғлы Халиловтың қуанышында шек жоқ. Бұған сол жерде О.Г.Большаков, О.Ф.Акимушкин, С.Г.Кляшторный секілді атақты арабтанушылар мен түркологтардың құттықтаулары қосылды дейсіз. Бәрінің айтатындары – жақсы сөз, жоғары баға. Тілейтіндері – ізгі ниет.

– Осындай қуанышты жағдаймен 1970 жылы Алматыға қайттым, – деді өткен күндерін ойлана еске алған Болат Ешмұханбетұлы. – Қолымда – ленинградтық ғалымдардың өзіміздегі Тарих және археология институтының басшылығына арнап жазған хаты. Конвертті ашып, ондағы мәтінмен танысқан академик Ақай Нүсіпбеков маған ерекше бір ризашылық сезіммен қарады да: «Бәрін де өз ретімен бастайық қарағым. Алдымен, кандидаттық диссертацияңды қорғап ал. Қалғанын содан соң көрейік. Жарай ма?» деді қамқор үнмен. Шынымды айтсам, анығын өзім де білмеймін, бірақ кезінде көзімен көргендер сөз етіліп отырған хатта: «Бұл докторлыққа лайық еңбек» деген сөйлемдер бар еді дейді. Ақай аға көпті көрген кісі-тін. Егер сол кездері жасым 30-ға жаңа толған маған бірден докторлықты қорғауға рұқсат берсе, ол уақытта мүлде мүмкін емес деп есептелетін бұл жағдайдан қып-қызыл өрт шығары анық еді. Себебі докторлық реті келіп жатса, біраз уақыттан соң корреспондент-мүшелікке өту, күндердің күнінде академиктікке жету деген сөз ғой. Ал, бірақ, академияда мұндай орындар санаулы-тын. Есептеулі болатын. Сондықтан сені өзіңнің алдыңда әлденеше жыл бұрын қорғап, келесі ғылым сатысына қарай кезек күтіп тұрғандар жақтыра қоя ма? Жоқ. Ақаңның: «Алдымен, кандидаттық диссертацияңды қорғап ал, қалғанын содан соң көрейік» дегені осындай жағдайға байланысты ма деп ойлаймын.

Сонымен, сөздің тоқетері, жоғарыдағы ақыл-кеңестен кейін мен ғылыми жұмысымды жазуға отырдым. Тақырыбым «IX-XI ғасырдағы Қимақ мемлекеті араб дереккөздерінде» деп аталды. Пайдаланатын мағлұмат-мәліметтерім белгілі. Ол күні кеше ғана өзім тапқан 70 жаңа дүние. Сондықтан диссертациямды өте тез жаздым. Бәрін екі жыл ішінде бітіріп, қорғауға шыққанымда, Ленинградтан келген ғылыми жетекшім Сергей Кляшторный мен оппонентім Әлкей Марғұланның сөздері ғылыми кеңес мүшелеріне ерекше әсер етті. Сергей Григорьевич, алдымен, менің зерттеу еңбегімде қазақ халқының арғы тектерінің біріне жатқызуға болатын қимақ ұғымы тарихымызда тұңғыш рет сөз болып отырғанын айтты. Содан соң бұл ел туралы көне араб-парсы қолжазбаларындағы тарихи-географиялық мәліметтердің бәрі жаңа, ғылыми айналымға әлі түспеген тың дереккөздер екеніне тоқталды. Сөзінің соңында ол ғалымдарға саяхатшы Әл-Идрисидің белгісіз болып келген «Сурат әл-ард» картасының табылуы құнды қазына дей келіп, қорғауға ұсынылып отырған еңбекте қимақтарда мемлекет және қала мәдениеті бар деген мәселелердің нақты дәлелмен тұжырымдалғанына баса көңіл бөлді. Ал оппонент Әлекең, Әлкей аға болса, жұртқа менің диссертацияны жазу кезімде Батыс пен Шығыс және КСРО-дағы араб қолжазбаларымен жұмыс істейтін ғалымдардың 500-дей ғылыми еңбегін оқып, танысқандығымды үлгі ете келіп, кандидаттық жұмысыма Мәскеу мен Ленинградтағы көрнекті тарихшылардың кеңесшілік етуі мәселенің кең ауқымда қаралғандығынан хабар береді деді.

– Сөйтіп, – деді кейіпкеріміз әңгіменің соңында, – 1972 жылы мен кандидаттық диссертациямды аман-есен қорғадым. Ол кезде 32 жаста едім. Қуаныштысы, еңбегімнің тың тақырып екендігін ғылыми орта бірден мойындады. Одан да маңыздысы – диссертацияма одақтағы шығыстанушылар ғана оң қабақ танытып қойған жоқ. Шетелдердегі, атап айтқанда, Токио, Вашингтон, Будапешт, Дамаск ғалымдары да жылы пікірлерін білдірді. Бұл сол кез үшін үлкен құбылыс еді. Иә, сол уақыттағы қазақ ғылымы қуатының қандай екенін білдіретін биік мерей болатын.

...Адам өмірінде жұлдызды сәт деген болады. Бұл, әсіресе ғылымда ерекше мәнге ие. Әрине, тіршілікте қуаныштың, атақ пен даңқ, абыройдың өз ретімен келіп жатуы бұл да үлкен жақсылық. Бірақ бұларды жұлдызды сәтпен шатастыруға болмайды. Болат аға Көмеков, мәселен, сонау 70-жылдардан күні бүгінге дейін де көптеген жетістіктерге жеткен жан. Атап айтқанда олар: ғылым докторлығын қорғау, корреспондент-мүшелікке өту, академик атану, зерттеу еңбектерінің шетелдерге жарияланып, жақсы баға алуы... Бірақ ғалымның осы бағындырған биіктерінің ішіндегі ең бір ғажап қайталанбас тамаша еңбегі – тарихта өз орны бола тұра кейін жоғалып кеткен Қимақ мемлекетін тауып, ғаламдық ғылымда жаңалық ашуы дер едік. Біздіңше, кейіпкеріміз өміріндегі жұлдызды сәт осы шығар, бәлкім?! Иә, солай!

НҰР-СҰЛТАН

ЖЫЛҚАМАН БАТЫР

Жылқаман батырды сөз еткенде, алдымен, оның тұстасы әрі жасақ басшысы болған Сартай батыр және 1937 жылы «халық жауы» ретінде атылып кеткен Нұрмағамбет Қосжанұлының «Сартай батыр» дастаны еске түседі. Ақын әрі жырау Нұрмағамбеттің аталмыш дастанында Жылқаман батыр ерекше жырланады. Жылқаман батырдың есімі және оның ерліктері Өмірзақ Жолымбетовтың зерттеу мақалаларында, Зейнолла Шүкіровтың «Сыр бойы» тарихи романында, Әбдісаттар Оспановтың «Жанқожа батыр» кітабында жеткілікті мәлімделген. Бұдан бірнеше ғасыр бұрын өткен ата-бабаларымыздың азаттық жолындағы күресі туралы жазылған қазақтың төл архиві болмады деп айта алмаймыз. Біздің архивіміз — ақын-жырауларымыз жырлап кеткен дастандар мен жырлар. Сонау заманнан ұрпақтан-ұрпаққа ауызекі тілде жеткен бұл мұраларымызды біздің ұлттық кодымыз деп бағалай аламыз. Егер ауызша жеткен деректеріміз, шежірелеріміз болмаса, біз бер жағы жеті ата, ар жағы 30-35 атаға дейін баратын ұрпақтар жалғастығын қайдан білер едік.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласының «Тарихи сананы жаңғырту» бөлімінде: «Көтерілген мәселелер жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді. Сондай-ақ біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты» деген болатын.

Кешегі кеңес кезеңінде қазақ халқының бостандығы жолындағы ерліктерін дәріптемек түгілі, атын атауға тыйым салып, тіпті жырға қосқан Нұрмағамбет Қосжанұлын және басқа көзі қарақты ақын-жырауларымызды атып, асқаны құпия емес. Сондықтан Жылқаман батыр сияқты тарих қойнауында есімі мен ерліктері көмулі жатқан бабаларымызды «тірілтіп», болашақ ұрпақ үшін негізден жатсақ, бір парызымызды орындағанымыз деп білеміз.

Жылқаман батырдың ұрпағы, құрылыс саласының маманы, бүгінде жетпістің бесеуіне келіп қалған зейнеткер, «Жылқаман» ЖШС ұжымының басшысы Нұраш Ідірісұлы кейінгі ұрпақтар атқарып жатқан игілікті істер туралы былай дейді:

— Жылқаман батыр бабамыздың ерлік істері мен мергендігі туралы ауыл қарияларынан естігенімізді бала кезімізден құлағымызға сіңіріп өстік. Бабамыз Арал ауданының Ақбасты елді мекенінде дүниеге келген. Ал бір уыс топырақ Қарақалпақстанның Нұрата өңірінен бұйырыпты. 2004 жылы Қарақалпақ жерінен батыр жатқан зираттан топырақ әкеліп, өзінің туып-өскен жері Ақбасты ауылында белгі қойып, Жылқаман батырды еске алып, насихаттау мақсатында Арал ауданының Ақбасты елді мекеніне Құран бағыштап, ас бердік. Сол жерде жан-жақтан жиналған Жылқаман батырдың ұрпақтары алдағы уақытта атқарылар істерді жоспарлап, уағдаластық. Соның нәтижесінде 2006 жылы республикалық газет-журналдарда Жылқаман батыр туралы мақалалар жарық көрді және Ақтөбе облысы Шалқар қаласында батыр бабамыз есіміне көше берілді. Сол жылы Жылқаман ұжымының қолдауымен «Жылқаман батыр» атты кітап 1000 дана болып шығып, халыққа таратылды. Құрастырушы — сол елдің азаматы Аманжол Сақыпұлы. Жылқаман баба ұрпақтары, қазірде құрметті зейнеткер Шалқар қаласының зейнеткерлер қоғамының басшысы Аманкелді Інжілісұлы, Зейнеткер Мұфтолла Тойбазарұлы, көріпкел жеңгеміз Күләй және өмірден озып кеткен інәміз Бекболат Мағмиярұлы осы игі істе белсене атсалысты. Болашақта да кейінгі ұрпақ бабаны ұлықтау шараларын жүргізе береді деп ойлаймын.

Сонымен, Жылқаман батыр туралы көнекөз қариялардан естігеніміз бен замандастарымыздың жазбаларына сүйене отырып, білгенімізді ортаға салайық.

«Әке балаға сыншы» деген, бала Жылқаманнан әкесі Отыншының күткені көп болса керек. Өйткені әкесі «Ер қаруы — бес қаруы» сайлар алдында ұлына деп алдымен Ресейден мылтық сатып алуы тегін емес. Отыншы бір үйір жылқысын дүмбісі ала шұбар бердеңкеге айырбастаған кезде, қарсыласы: «Оны не істейді, қайран бір үйір жылқы» деп күліпті. Сонда Отыншы: «Ел басына күн туғанда қорғайтын осы «ақшұбар» болады» деген екен.

Нұрмағамбет Қосжанұлының «Сартай батыр» жырына және ел аузындағы әңгімелерге жүгінсек, Жылқаман батыр 13 жасында әйгілі «Мың бала» жасағының құрамында болып, жасақтың хас батырларының біріне айналған. Арал теңізі, Мұғалжар тауы, Жем өзені бойынан құрылған «Мың бала» жасағын басқарған әйгілі Сартай батырдың өзі сол кезде 16 жаста көрінеді. Міне, 13-17 жас аралығындағы өрімдей жас батырлар «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» тұсында үш жүздің басы қосылған, Әбілқайыр хан қолбасшылық еткен хас батырлардың қатарына алынады. Сайрам, Шу, Сарысу, Балқаш көлі, Бұланты, Білеуті өзендері маңындағы қазақтың тағдыры шешілетін қан майданға атойлап кіреді. Сол жан алысып, жан берiскен ұлы шайқастарда мың баланың бес жүздейі мерт болады. Опат болған 500 жасөспірім туралы Нұрмағамбет Қосжанұлының әйгілі дастанында мынадай жолдар бар:

Өрімтал елі үшін жанын қиған,
Жаратқан өздеріне берсін иман,
Халықтың бақыты тек ғиззаттықта,
Байлықтың пайдасы жоқ
жаудан жиған.
Баян еттім қазақтың бір тарихын,
Білгенім сыртқа сыймай, ішке сыйған.
Дұға ет оқи қалсаң бұл дастанды,
Өмірге келген, кеткен мен бір мейман.

Бұланты мен Аңырақайда болған шешуші шайқастарда Жылқаманның аты батырлығымен, мергендігімен шарықтап кетеді. Жылқаман майданға ақшұбармен қатысады. Ақшұбардың оғын ұртына толтырып алады да, атқан сайын оқтап отырады екен. Мылтығын атқан сайын түтіні түтініне қосылады екен. Жылқаманның өзге батырлардан бір ерекшелігі сол, ол — майданға мылтықпен кіруі.

Жылқаманның сұр мергендігі туралы алдында атап өткен кітаптарда, дастанда және кейін бірнеше зерттеушілер жазған мақалаларда нақты айтылады. Зейнолла Шүкіровтың «Сыр бойы» романында Жылқаманның мергендігі былайша суреттеледі: «Үш күнге созылған Құрым бидің асында ат бәйгесі, жорға сүресі өтті. Осы аста Жылқаманның мергендігі төрткүл дүниеге тарап еді. Алтын жамбы атуға ақшұбармен шыққан Жылқаман күн көзінде қылтылдап тұрған бес бірдей күміс тиынды қолымен сыпыра ұрған ұрғандай бірінен соң бірін атып түсірді. Жас баланың өнері жинап тұрған алты Әлімді таң-тамаша қалдырды. Байжан би Жылқаманды бауырына басты. Әйтеке би батасын берді. Сол жылғы елдің әңгімесі Отыншының Жылқаман атты баласының құралайды көзге атқан мергендігі жайлы еді».

Бала Жылқаманның, батыр Жылқаманның мергендігі туралы ел аузында және мынадай әңгіме бар. Бұланты шайқасының алдында үш жүздің билерi, батырлары бас қосып, Әбілқайырды қолбасшы етіп сайлайды ғой. Содан кейін Електен бері қол жинау, соғыс өнеріне машықтандыру Тама Есет Көкіұлына тапсырылады. Қайрақ, Байрақ, Тайлақ батырлар әлімдердің арасына хабар шалып, қол жинайды. «Мың бала» жасағының жас перілері Сартай мен Жылқайдарлар небәрі 15-16 жаста екен. Ал Жылқаман тіпті жас, он үште ғана. Біреулер соны мензеп, балаға обал болмай ма дегенді айтыпты. Мұны естіген Жылқаман ақшұбарын қолына алып, ұртындағы оғын торғайларға қарай бірінен соң бірін жөнелтеді. Мылтықтың түтіні түтініне қосады. Бір мезетте барып тоқтап, торғайларды тексеруге адамдарды жібереді. Барып қараса, торғайлар тек тұмсық ұшынан жараланыпты.

Ал «Сартай батыр» дастанында бұл жағдай былай сипатталады. Қырғауыл Қожа «Мың бала» тобын жассынып, Әбілқайыр жасағына қостырғысы келмейді. Жылқаманды баласынып сөйлейді. Бұған намыстанған Жылқаманды жырау қалай суреттегенін оқиық:

Ашуланып Жылқаман
Қалт, қалт етті, қалт етті,
«Қайтпаймын» деген дауысы
Ақ сұңқардай саңқ етті.
Жалт еткенде ақшұбар,
Мылтықтың даусы таңқ етті,
Қап-қара түтін ішінен
Оқпанның аузы жарқ етті.
Қырғауылдың басынан
Құс телпегі жалп етті.
Мұны көріп тұрғандар
Қарқ, қарқ, қарқ етті.

Дастанда бұдан кейін Жылқаманның Қырғауылды жарақаттамай, қолындағы найзасын, сосын беліндегі темірден құйған қынның бауын дәл көздеп, алдаспапын жерге түсіретіні, қолындағы қамшысынан айыратыны жырланады. Осыдан кейін оның бұл мергендігі Бұланты шайқасында дараланып, Жылқаманның аты асқақтайды.

Он үшінде атқа қонған Жылқаманның кейінгі өмірі де қазақ елінің азаттығы жолындағы күреске толы болды. Ол Қоқан-Хиуа хандықтарынан елді қорғады. Адай-беріш жігіттерімен тізе қосып, түрікпендерді жерімізге кіргізбеді. Өңіріміздің батысын башқұрттардан, қалмақтардан қорғау соғыстарына қатысады. Ресейдің отарлау саясатына қарсы шыққан Батыр сұлтан, Сырым Датұлы, Құлбатыр, Сартай, Жанқожа, Толыбай, Көтібар, Есет, Бекет батырлармен майдандас болады.

Өмірі ат үстінде соғыста өткен Жылқаман батыр не арманың бар деп сұрағандарға: «Ақшұбарымның түтінін түтініне қосқаныммен, оғын оғына қоса алмадым» депті.

Жылқаманның туған, қайтыс болған жылдары туралы екі түрлі пікір бар. Өмірзақ Жолымбетов 1714 жылы туып, 1786 жылы қайтыс болған деген деректі алға тартады. Ал филология ғылымының кандидаты Аманжол Сақыпұлы «Жылқаман батыр» кітабында 1712 жылы туып, 1796 жылы бақилық болған дейді. Үш жүздің басы қосылып, жоңғарларға алғаш тойтарыс берген 1725 жылы Жылқаман 13 жаста болса, демек, 1712 жылы туды деген дерек қисынға келеді дейді.

Тарихта Жанқожа батырға бата берген Жылқаман батырдың ата-тегі былайша тарқатылады: Кіші жүз-Әлім-Шекті (Жаманақ)-Шыңғыс-Жақайым-Көгіс-Торжымбай-Көшімбет-Қарабатыр-Байшеған-Нұралы-Отыншы-Жылқаман. Жылқаманның бес әйелі болады. Олардан Есқұл, Досқұл, Тілеуқұл, Қауқай, Әлмен, Дәрмен деген алты ұл туады. Ал олардан тараған ұрпақтар тек Арал, Шалқар маңында ғана емес, Алматы, Астана қалаларында, еліміздің түкпір-түкпірінде тұрып жатыр.

Қазіргі таңда, болашағымыз ұрпақтарымыз бабамызды қадір тұтып, ұмытпай, батыр бабаның ұрпақтары екендігін еске салатындай Ақтасты елді мекенін Жылқаман батырдың есімімен аталуын сұраймыз.

Он үшінде атқа қонған Жылқаманның кейінгі өмірі де қазақ елінің азаттығы жолындағы күреске толы болды. Ол Қоқан-Хиуа хандықтарынан елді қорғады. Адай-беріш жігіттерімен тізе қосып, түрікпендерді жерімізге кіргізбеді. Өңіріміздің батысын башқұрттардан, қалмақтардан қорғау соғыстарына қатысады. Ресейдің отарлау саясатына қарсы шыққан Батыр сұлтан, Сырым Датұлы, Құлбатыр, Сартай, Жанқожа, Толыбай, Көтібар, Есет, Бекет батырлармен майдандас болады.

Жанғабыл ҚАБАҚБАЕВ,
Қазақстанның Құрметті журналисі,

Бердібай КЕМАЛ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ДҮНИЕ – КЕРУЕН

СӘУЛЕЛІ СӨЗ САРДАРЫ

Қазақ журналистикасында өзіндік орны бар белгілі қаламгер Бекболат Әдетов 81 жасында өмірден озды.

Бекболат ағамыз журналистика саласына тосыннан келген жоқ. Ол әдебиетке, жазу-сызуға жас кезінен-ақ құмар болды. Ақырында ҚазМУ-дің журналистика факультетін ойдағыдай бітіріп шықты. Алматы облыстық «Жетісу», Торғай облыстық «Торғай таңы» газеттерінде жемісті еңбек етті. Әсіресе республикалық «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетіндегі қызметтік жолдары қуатты қалам иесін қалың жұртшылыққа кеңінен танытты.

Бекең журналистика мен көркем әдебиетті қатар алып жүрді. Публицистикалық дүниелерден басқа, «Бәйшешек», «Алтынай», «Жердегі жұлдыздар», «Іңкәр көңіл» секілді әңгімелер мен повестер жинақтарын өмірге әкелді.

Қаламгер шебер аудармашы болатын. Шетел классиктері Мигель Анхель Астуриас Росалистің «Жүгері адамдар», «Дауыл», «Көрдегілердің көздері», Драго Янгардың «Қашқын», Томас Манның «Будденброктар», Э.Ремарктың «Аманат өмір», Генрих Белльдің «Катарина Болюмнің арынан айрылуы», «Балалық шаққа жеген нан» атты шығармаларын туған халқының төлтумасындай тәржімалай білді.

Әріптес ағамыз нағыз тіл жанашыры еді. Бұқаралық ақпарат құралдары мен көркем әдебиеттегі тілді қолданудағы өрескелдіктер туралы ашық та батыл жазды. Бай да кестелі тіліміздің өзіндік өрнегінен, ұлттық бояуынан айрылып бара жатқанына өкініш білдірді. Жанашырлықпен, жаны аши айтылған бұл сын қалам иелерін ойлантып, олардың сөзді игерудегі жауапкершіліктерін арттыратыны анық.

«Мен, негізінен журналиспін. Осы күнге дейін бірдеңе жазсам, мақаламның соңына «журналист» деп жазамын» дейтін өз кәсібін ардақтай білген, болмысы бөлек, жаны жайсаң азаматтың есімі ешқашан ұмытылмақ емес.

«Қазақ газеттері» ЖШС және Серіктестікке қарасты басылымдардың еңбек ұжымдары

Тау мен далаға телі еді

...Сыйлас та, қимас, қаламдас та, қадамдас досыңнан айрылу қандай қиын десейші!

Тау мен даланың мейірімін тел емген перзент еді ол. Тал бойынан таудың тапжылмас табандылығы мен даланың таусылмас дарқандығы түгел табылатын. Тауда туғанмен далаға ғашық боп өскен. Сол сезім оны оқу бітірісімен асқарлы Алатау баурайына байыздатпай, бір қиырдағы Торғай даласына алып барды. Онда ол бір орысы болмаса да, жоғарыдағылардың әмірімен орысша, қазақша шығатын аудандық газетте қызмет істеп, екі тілде еркін жазатын дәрежеге жетті.

Торғайда біраз жыл жемісті еңбек етіп, қазақ баспасөзінің қара шаңырағы – «СҚ»-ға, яғни қазіргі «Егемен Қазақстанға» қарымды қаламгер, қабырғалы қайраткер боп келіп, белді де беделді бір бөлімнің меңгерушілігіне бекітілді. Соның алдында ғана басты басылымға орынбасар болып, сенім артар серік іздеп, алакөңіл болып жүргенде көктен тілесе де келіп тұрғандай болғаны-ай! Бұрын астаналық облыстық «Жетісу» газетінде істегенімде аттай қалап қызметке өзім алғызған әріптесімнен шұрқырай көрiскенбіз. Содан бастап газет сыңды тозбас бір тірлік пушпағын бірге илестік.

Жалпы Бекболат екеуміз бір шаңырақтың астында білек біріктіріп, тілек ұластырып жиырма жылдан астам еңбек етіп екенбіз. Біздің арақатынасымыз басшы мен бағыныштының емес, әмсе аға мен інінің арасындағыдай болды. Қысылғанда кеңесшім, қиналғанда көмекшім болды ол. Басылымның әзекті мәселелері, көтерер тақырыптары жайында көбіне сонымен ақылдасушы едім. Тіпті өз жазғандарымды да соны ала отырып оқып, баспаханаға содан соң ғана жіберетінмін. Содан ба екен, екеуміздің жазу мәнеріміз де, ой өрнегіміз де кейде бір-біріне ұқсап та кеткен.

Асылы ол іске адал, сөзге берік азамат болатын. Сонысы үшін оған мен өзімдей сендім, інімдей жақсы көрдім. Оны өз атымен атамай, еркелетіп көбінесе «Бекай» деуші едім. Өзі де бұны сыйлаған соңғы кітабына «Өзіңіздің Бекайыңыз» деп жазыпты.

Бақұл бол, Бекай! Иманың жолдас болсын!

Сарбас АҚТАЕВ

Төрелік сөз айта алатын

Бекболат Әдетов коммунистік партияның үстемдік құрған уағында өмір сүрген, идеологиясына қанық, соған қарамастан қазақ халқының ұлттық дәстүрін, ұлттық ой-мақсатын жақсы білген адам еді. Бұл кісі білімдарлығымен қоса, ұлтының жөргектен сіңген қасиетті ұғымдарын өзімен бірге алып жүрді. Алла Тағаланың жазуы, дәмі таусылды дегенімізбен, қазақ тілінің құдіретін жүрегімен сезініп, дүниелерге әрдайым шала бүлініп, төрелік сөз айта алатын ұлы азамат еді.

Ол орыс тілін өте жақсы меңгерген, аудармашылық жағынан үздіктер қатарында жүретін. Орысшаға аударғанда қазақ тілінің ерекшелігіне баса мән беріп, ұлттық бояуын жоғалтпай, ана тілімізде сөйлете алатын шеберлігі бар еді. Бұл өте сирек кездесетін жағдай.

Бірде газет шығып жатқан күні, түнгі сағат үште Парижден Олжас Сүлейменов хабарласып, Қонаев туралы мақаласына бір азаттық қосу керек екенін айтты. Қазір нақты қай сөз екенін ұмытыңқырап тұрмын, біздің түсінігімізге келе қоймайтын күрделі сөз тіркесін тың ішінде Бекболат Әдетови оятып, телефон арқылы аудартты. Ертесінде түркі дүниесінің білгірі Олжас Сүлейменовтің өзі таңғалып, кім аударғанын сұрады. Сондай аудармашылық қасиеті бар адам өзін насихаттауды ұната қоймайтын. Соншама білімін, кісілігін, адамгершілігін ешқашан біреуге бұлдамайтын. Сондай ерекше адамнан айрылдық. Уақыт солай болды. Ол кісінің бойындағы барлық үлгі өзгелерімізге жұғысты болсын деп тілеймін.

Жұмабай ШАШТАЙҰЛЫ

Руханият әлемі ойсырап қалды

Бекболат Әбуйірұлы қазақ сөз өнерінің, ұлттық журналистиканың талантты, талғамды, тағылымды тұлғасы еді. Ол бес байлықты толық меңгерген әмбебап азамат болатын: Сөз байлығы. Қазақ сөзінің барша ажары мен базарын, сыры мен сымбатын, құны мен қымбатын тандайына татып бағалаған бахадүр еді. Өнер байлығы. Ұлтымыздың ұлы қазынасы ән өнерін барынша терең, нәзік әрі сәні мен мәнін жан-жақты аялаған қасиеті бар еді. Өзі де домбыра шертіп халық әндерін орындайтын. Ұстаздық ұлағаты. Жеріне тартып жатсынбай жақсы қаламгерлерді бауырына баса баулыды, үлгі көрсетті, ұзеңгі жолдас етті. Салт-дәстүрді сақтау байлығы. Бұл тұрғыда Абайдың: «Ақсақалдар айтпады деп жүрмесін» деген сөзін бойтұмар етіп ұстанды. Мінез байлығы. Адамның ең ұлы байлығын тал бойына толық сіңірген тұлға болатын.

Бекеннің қазасы руханият әлемінің ортасын ойсыратып кеткен қаза. Жатқан жері жарық, иманы жолдас болсын! Жайың жайлы болсын, жайсаң аға, жарқын ұстаз.

Өтеген ОРАЛБАЙҰЛЫ

Сабырлы қалпынан танбайтын

Бекболат ағамен «Социалистік Қазақстанда» бірге қызмет істеген шуақты, сәулелі күндерімізді еске түсіріп отырғаны. Ешқашан көкірегін кермейтін, сабырлы, карапайым қалпынан айнымай, әзілқалжыңға келгенде аттың басын жіберіп, айналасын күлкіге қарық етіп, думанға бөлейтін. Әсіресе сол жылдары әңгіме айтса ауыздарынан алтын ақтарылатын, тауып айтқан сөздері, қалжыңдары бір қаралық әзілдері жарасқан қатарластары Әкселеу, Қойшығара, Совет, Тәжібай, Дәрібай ағалар редакцияның сәнін келтіріп, көрік беретін еді. Ағаның ұжымда беделінің жоғары болғаны ғой, басшылар да, әріптестері де ол кісімен санасатын әрі сауаттылығын, кәсібілігін, кәнігі аудармашылығын мойындайтын. Бірақ қазақ журналистикасының тарихында өз орны бар Бекболат ағаның сол мүмкіндігі, таланты кезінде бағалана қоймағаны өкінішті-ақ.

Мені еркелетіп «СҚ-ның қара қызы, даланың дара қызы» деуші еді. Өзіміз де зейнетке шығып, әже болсақ та, алдымыздағы ағаларымыздың біртіндеп келместің кемесіне мініп кете баруы, бағамызға жетіп, еркелететін үлкендеріміздің сирей түсуі көңілге қаяу түсіреді.

Зады, өлімнің өзі емес, үрейі күшті деп жатушы еді. Аға сол өлімді де, үрейді де сабырмен қарсы алды. Өзін алаңына салып күтіп, шығармашылық адамның жанын түсініп, жағдайын жасап, әрі жазған сызғанын компьютерге басып, реттеп көмекшісі, хатшысы болған Нұрипа әпкемізді өлікті жөнелтудің де оңайға түспейтінін ойлап: «Қорықпа жаным, бәрінің барып жатқан жері ғой. Барайын. Аурудан да шаршадым. Саған да, балаларға да ризамын. Одан да қолыңа қалам ал, кімге хабар бересің, сүйегіме кім түседі, қаралы жиынды кім басқарады – соны жазып ал» деп, құдды өзінің осыдан бір жыл бұрын өткен сексен жас тойына дайындалғандай бәрін ретімен айтады. Бұл да ағатайымыздың соңғы демі үзілгенше сол адами, сабырлы қалпынан айнымаған ақылын, парасатын білдірсе керек.

Иә, аға Сізді аты өшкір жаман ауру шаршатты. Қинады. Енді мәңгілік үйіңізге барып демалыңыз. Жер бесігіңіз жұмсақ болсын... Пейіште нұрыңыз шалқысын...

Гүлзейнеп СӘДІРҚЫЗЫ

ӨНЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІСІ ЕДІ...

Қазақтың өнері мен мәдениеті тағы бір ардақты тұлғадан айырылды. 71 жасында белгілі күйші, музыка зерттеушісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жарқын Шәкәрім дүние салды.

Жарқын Жақиұлы 4 мамыр 1947 жылы Шығыс Қазақстан облысы Аягөз қаласында өмірге келген. Қарағанды музыкалық училищесін, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын тамамдаған. Еңбек жолының әр жылдары Алматыдағы Бүкілодақтық «Мелодия» фирмасының бөлімшесінде күйтабаққа жазу студиясында аға редактор, «Жалын» баспасында редактор болған. Сонымен қатар Республикалық музыка аспаптары музейінің директоры, Қазақ филармониясында күйші-лектор қызметін атқарған. Қазақтың күміс көмей әншісі, актер Әміре Қашаубаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы еңбек жазған. Әміре дауысы жазылған үн таспаны тауып, халыққа жария етті. 1980 жылы «Сазген» ансамблін ұйымдастырып, Қазақ ұлттық аспаптар музыкасы музейінің құрылуына атсалысты. «Қазақстан» телеарнасында «Терме», «Музыкалық киножылнама» атты авторлық бағдарламаларын жүргізді. Ұмытыла бастаған үш ішекті домбыра күйлерін жаңғырта білді.

Ардақты тұлғаның аяулы бейнесі халық жүрегінде ұзақ сақталары анық.

«Ана тілінің» ұжымы

«Қазақ радиолары» ЖШС ұжымы «Бейімбет» қорының атқарушы директоры **Жұмабек ТАБЫННЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты аяулы жары, әріптесіміз Гүлзат Нұрмолдақызына, марқұмның туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

«Қазақ газеттері» ЖШС және Серіктестікке қарасты басылымдардың еңбек ұжымдары «Бейімбет» қорының атқарушы директоры **Жұмабек ТАБЫННЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

«Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан

Шел человек,
Шел степью долго-долго,
Куда? Зачем?
Нам это не узнать...
В густой лощине он увидел волка,
Верней – волчицу,
А вернее – мать.
Она лежала в зарослях полыни,
Откинув лапы и оскалив пасть,
Из горла перехваченного пылала
Толчками кровь,
Густая, словно грязь...

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

БӨРІ

Алтыдамын. Ондық шамның жарығымен үш апатайым дөңгелек жер үстелде сабақтарын оқып жатыр. Мен оқып тастағам. Ұршық зыр айналады. Анам жіп иіріп отыр. Басым тізесінде. Ылғи осылай ұйықтайтынмын. Батырлар жырын, қиссаларды жатқа айтатын. Күнде тыңдай берген соң, жалығып кеттім.

– Тәте, ауылға кино қашан келеді? Ішім пысып кетті, – дедім.

– Айына бір келеді ғой, құлыным. Басқа әңгіме, әжең туралы айтайын, – деді.

...Анамның әкесі Ысқақ жолаушылап кетіпті. Үйде өңкей бала-шаға. Бас көтерер ешкім жоқ. Қораға төбені тырмалап тесіп, қасқыр түскен. Бөрі бәрін біледі. Еркек кіндіктің ересегі жоғын. Менің анам онда, ағасы Сүлеймен он үште болса керек. Содан әжем Ғалия бақырға шоқ салып, қораға барады. Бөрі оттан сескенсе керек, қораға түскен жерінен жанұшырып қашады. Әжем құйрығынан шап беріпті. Жан беру оңай ма? Қасқыр қайырылып келіп, төсін талап жатқанда бақырмен тұмсығынан тартып жіберіпті. Бөрі сұлап түсіпті. Әжем қан-жоса. Он жастағы шешемде ес жоқ. Әжем Қаракесектің Шор бұтағынан тарайтын Құттыбай екенін Тұрсын апайымнан сұрап алдым. Ірі жаратылған, әлді, сұсты адам болса керек. Көп ұзамай әжем көз жұмыпты. Қасқырдың тісі тиген адам ұшынады дейді. Соған қосымша дәлел. Өз көзіммен көрдім. Аққораның жылқысы түнде өріске шығады. Күндіз бие сауылады ғой. Біздің үйдің жалғыз қарагер биесі таң ата қасқа құлынын ертіп қораға келді. Құлынның санынан қан саулап тұр. Қасқыр жұлып алған. Дірілдеп тұр. Тәрізі үйірдің айғыры арашалап қалса керек. Әкем көрді де сирақтарын байлап, бауыздап тастады. Мен безіп кеттім. Қарагер бие шұрқырап тұр. Сөйтіп, осы ғұмырымда құлын етін тұңғыш рет жеген едім. Амалсыздан.

Қыс. Ауылда – омыртқа. Әкем жанынан қалдырмайды. Алты ма, жетінші ма класта оқитын кезім. Ет желінеді, шай ішіледі, арақ ішілмейді. Жіліктің бірін мен мұжимын. Әңгіме. Құдай құлақ берген соң, тыңдайсың.

...Біздің ауылдың тоқты-торымына бір шолақ қасқыр жаудай тиіпті. Ұққаным – Қызыларай жақтан дейді. Бөрінің бөлтіріктерін біздің ауыл жақтың бір аңшысы қырып салыпты.

Миым жете қоймады. Қасқырдың маңдайында қай ауылдыкі деген мөр жоқ қой, деп. Түз тағысы ғой... Содан ақсақалдар пәтуаласты. Ат жаратып, сойыл сайлауға.

Әкем: «Ат ертте» деді. Есік пен төрдей күрең төрт тұяғын тең басып, ұшайын деп тұрған пырақтай пысқырынып тұр екен. Бір аяғына неміс оғы тиіп, сәл сылтитын әкемді демеп жібердім. Аяғында – саптама, үстінде – қасқыр ішік, басында – түлкі тымақ. Сойылын әпердім. Тақымына қысты да, тарта жөнелді. Төртеу ме, бесеу ме, есімде жоқ. Жосылтып барады әкелеріміз.

Бір жұмадан кейін бәрі оралды. Аңшылардың әңгімесі. Шолақ қасқырды тауға жолатпай Дәмбуланның жазығына қаумалап салады. Омбы қарға. Қасқыр болдырады. Әлді аттағылар төніп келгенде бөрі жанұшырып қарсы атылады. Тұмсыққа қайың сойыл сарт ете қалады.

Шолақ қасқыр солай жан тапсырыпты.

***

Осы өмірімде тірі қасқырды үш-ақ рет көрдім. Екеуі қамауда екен. Бірі – Алматы зоопаркінде, екіншісі – Жанбөбекте. Бұрынғы Теңіз ауданы, қазіргі Нұра ауданында. Қапаста тұрса да қасқайып тұр екен екеуі де. Жүні жығылмаған. Азуын ақситады. Көздеріне жанарымды тоқтатып, қарай алмадым. Арқамды сүп-суық леп қарып өткендей болды.

Үшінші рет еркін далада, осы Қарқаралының Темірші тауының етегінде көрдім. «Орталықта» ауыл шаруашылық бөлімінің жап-жас меңгерушісімін. Редакторым болған Рымқұл Сүлейменов ол кезде Қазақстан Компартиясының «Социалистік Қазақстан» (қазір «Егемен Қазақстан») газетінің облысымыздағы меншікті тілшісі. Қызмет орны Рыкенді емес, Рыкең қызмет орнын көтеріп тұрған. Бедел, абырой бір басына жетеді. Ақселеу ағамның жан досы. Іссапарға ылғи мені сұрап алады. Жағам – жайлауда. Көпейіп қалам. Рыкеңнің тақымында есік пен төрдей «Волга». Әлде бір шаруамен сонау қияндағы «Еңбек» совхозына сапарладық. Кітап, газет оқитын совхоз директоры Жұмажан Қасымовты іздеп келеміз. Ол тұста шаруашылық басшыларының көбі оқымайды. Ілу де шалу болмаса. Оның үстіне Ж.Қасымов Алаш арыстарының бірі – атақты Ақбайдың Жақыбының жақын туысы. Қарағаш бөлімшесінде тұратын Берік жездемді жолбасшылыққа алып, Темірші тауының етегіне салынған ойқы-шойқы көтерме жолмен совхоз орталығына келе жатырмыз. Тас Темірші атанған тау жақпар тасты. Атпен түгілі, жаяу әзер шығасың. Сол таудағы бір сайдан қара ноқат көзге ілінді. Аппақ қарда бірте-бірте зорайып барады. Мен «ит» дедім, жездем «қасқыр» деді. Тайыншадай дәу арлан екен. Көтерме жолды кесіп өтпек. Гүрілдеп ағып келе жатқан техникаңызды елең етер емес. Алдымызды кесіп өтуге шақ қалды. Бәрімiздің ықылым заманнан келе жатқан аңшылық инстинктіміз атой салды. Тіпті Рымқұл ағамның да делебесі қозып, шоферіне «бас газды» деп айғайлап жіберді. Әкки қасқыр екен. Жол жиегіне келгенде кілт тұра қалды. Біз екпіндеп өте шығып, тұра қалдық. Түсе-түсе қалып қарасақ, қасқыр әудем жерге барып шоқиып отыр. Ту сыртымыздан өте шығыпты. Қолымызда мылтық түгілі монтировка жоқ. Тас лақтырдық. Бөрі сәл отырды да, тісін ақситып, Татан жаққа қарай жосылта жөнелді. Маған қасқыр бізді келекелеп, мазақтап бара жатқандай көрінді.

– Қасқыр ақылды. Теміршінің биігіне шығып алып, баспалап қарап жатады. Шашау шыққан тоқты-торым, бұзау-торпақты аңдиды, – деп түсіндіріп жатыр Берік.

Қасқырдың ақылы, айласы, жанкештілігі туралы айта берсең, қағаз жетпейді. Бәрі интернетте сайрап тұр. Сонда айтылмаған бірер қасиеті және адам мен тағының қарым-қатынасы – тілге тиек. Баяғының аңшылары қасқырдың апанынан бөлтіріктерін алғанда, түгел қырып салмаған. Бір бөлтірігін тірі тастап кетеді екен. Арланы да, қаншығы да соған алданып, сол аңшының ауылына жауықпайды екен. Бүкіл аң атаулының ішінде қасқыр ғана бөлтірігін жұп болып өсіреді. Аң патшасы дейтін арыстанның еркегі өз күшігін жеп қояды. Қасқыр адамнан да ақылды ма деп ойлайсың. Бүгінгі алименттен қашып жүрген «мігіттеріңнен» бөлтірігін тастамайтын арландар артық емес пе?!

Қазақта «абадан» деген сөз бар. Қасқырға арналған. Неге абадан? Қасқырдың да қасқыры болады екен. «Абаданның Құрткасы бүкіл ғұмырында бір-ақ рет күшіктейді» деп отыратын үлкендер. Бала күнімде мән бермеппін. Яғни абадан қасқырдың «патшасы» деп теңеуге болатын шығар.

Аңшы емеспін, бірақ аңшының баласы болған соң, осы төңіректегі әңгімелерге құлағым түрік жүреді. Әлеуметтік желіде қаптаған аңшы. Бәрі – керемет. Қолдарында оптикалық мылтық, тақымдарында не тікұшақ, не аэрошана. Қасқырларды қынадай қырып, кірпіштей қалап, суретке түскендеріне мәз. Қасқыр алған «батырлар». Осы «батырлар» қасқырмен мылтықсыз жекпе-жекке шыға ала ма? Әй, қайдам!

Бұрын қазақ аңшылары қасқырды атпен соғып алған немесе қақпанмен ұстаған. Өнері асқандары тазылармен, бүркітпен аулаған. Оның өзінде тазының тазысы ғана батылы жетіп, қасқырға шаба алған. Жалғыз-жарым емес, екеулеп, үшеулеп барып қасқырды жеңе алған. Ал бүркіттің бүркіті ғана қасқырға түсе алады. Ақселеу ағамның бір отырыста айтқан әңгімесі ойға оралып отырғаны. «Аспаннан сорғалап келіп «сегіз семсерін» (Абай) қасқырдың басы мен бөксесіне салғанда бөрі тырп ете алмайды екен. Қыранның тырнағының, уысының әлділігі сонша, қасқырдың бас сүйегін тесіп өтіп, бөріні екі бүктеп, омыртқасын опырып жібереді» деп әңгімелейтін Ақаң. Абай атамыз: «Біреуі – көк, біреуі – жер тағысы, Адам үшін батысып қызыл қанға» деп суреттейтін сәт.

Зады, қасқырдың қасиетін ұғыну үшін ұлы Мұхтар Әуезовтің «Көксерегін» және Джек Лондонның «Ақ азуын» оқысаңыз, жетіп жатыр.

Алла тағала құрт-құмырсқа, шыбын-шіркейге шейін жаратқанда қасқырға мейірі түскен бе деп ойға шомасың. «Иттің иесі болса, бөрінің Тәңірісі бар» деп қазақ бекер айтпаған шығар. Соған бірер дәлел. Ресей сатып жіберген Аляскада американдар бұғыларды жей береді деген сылтаумен қасқырларды түк қалдырмай қырып тастапты. Содан бұғы қаптап, бықып кетіпті. Жерде шөп, ағашта жапырақ қалмаған. Табиғат аза бастаған. Шаралары таусылған атқамінерлер осы саланың ғалымдарына жүгінуге мәжбүр болады. «Қасқыр өсіріңдер» деп кеңес беріпті ғалымдар. АҚШ Канададан қасқыр сатып алып, бұл тығырықтан шығыпты. Дәл қазір Франция қасқыр өсіруге бетбұрыс жасағанын интернеттен оқыдым. Интернеттен тағы бір дерек. Дүниежүзінде қызыл кітапқа қасқыр бірінші болып енгізіліпті. Әр жағын тәптіштеу қажет емес шығар.

***

Тарихқа бір иығымды беріп тұрам. Мектепте, университетте оқығанда дүниежүзінде алғаш бір ғана империя бар деп ұғыппыз. Әрине, Рим империясы. Кейін барып оқыдым. Сол кезеңде одан да зор империя болыпты. Ол – Көк Түрік империясы. Бізге оны оқытпады. Л.Гумилев бастаған әділ ғалымдардың еңбектерінде тайға таңба басқандай жазылған мұның бәрі.

Ең қызығы, осы екі империяның тотемдері – қасқыр. Аңыздары да егіз қозыдай. Аңызда Римнің негізін Ромул мен Рем салған. Ромул – тұңғыш патшасы. Екеуін қасқырдың құрткасы (қаншығы) емізіп тәрбиелеген. Біздің дәуірімізге дейінгі 753 жыл деп болжайды Батыс ғалымдары. Қасқыр еміп жатқан қос баланың мүсіні Цицерон ғұмыр кешкен кезде қоладан құйылып, бүгінгі Римнің төрінде тұр. 1960 жылғы Рим олимпиадасының эмблемасы осы қасқыр болған.

Алтай тауынан тарайтын көк түркінің атасы Ашинаны да біздің дәуірде 439 жылы үңгірде қасқыр емізіп, тәрбиелеген деген аңыз бар (Л.Гумилев «Көне түріктер» Алматы. Білім баспасы. 22-бет). Л.Гумилев «Ашин» Қасқыр, бөрі деген сөз, «Ашин – дегдар бөрі» деп жазады осы еңбегінде. Сүйінбай атамыз «Бөрілі менің байрағым» деп тегіннен-тегін жырламайды ғой. Осының бәрін ойға орап, пайымға пайдалану әркімнің ісі. Ендеше Олжас ағатайымның «Волчата» өлеңінің (О.Сүлейменов. «Волчата». «Определение берег». 48-бет. Алматы. «Жазушы». 1976 ж.) қорытындысымен нүкте қойдым.

...И человек пошел своей дорогой.
Куда? Зачем?
Нам это не узнать.
Он был волчатник,
Но волчат не тронул –
Волчат уже
Не защищала мать...

Мағауия СЕМБАЙ

ПЕРДЕСІЗ КӨҢІЛ

ӘУЕНМЕН егіз жүрегі...

Жасынан қасиетті қара домбыраны серік еткен Мәкен Әлиасқарұлы қасиет қонған Нарынқол топырағында, Райымбек ауданының Тегістік ауылында дүниеге келген. Ол балалық шағын соғыс өрті шарпыған ұрпақтың өкілі еді. Әкесі сұрапыл соғыстың құрбаны болды. Ауыртпалықтың бәрі анасы Талжібектің мойнына түсті. Тіршіліктің ноқтасын киіп, өмірдің қызық-қуанышын балаларының жолына арнаған асыл ана бар қиыншылықты бір өзі көтерді. Екі қыз, бір ұлды небір азапты күндерді басынан өткізе жүріп жеткізді. Әсіресе соғыста хабарсыз кеткен жарының түтінін түтетеді деп үміттенген жарымжан жалғызының тілеуін тілеп ғұмыр кешті. Кембағал болса да жөні бөлек қарғасын ешкімнен кем қылмады.

Соғыстан кейін де ел еңсесін бірден көтере қойған жоқ. Тұрмыстың тауқыметін тартып жүрсе де байғұс ананың жарық дүниенің сәулесін көруге зар болған ұлын апармаған жері қалмаған-ды. «Үмітсіз шайтан» деп талай емхана, аурухананың табалдырығын тоздырады. «Аңқау елге арамза молда» дегендей күзгі астық жиналарда ауылдағы момын елден астық, бидай алып, уәдені көл-көсір етіп үйіп-төгіп кететін емші-тәуіптерге де барып, құр босқа шығындалған күндер аз болмаған еді. «Ел құлағы елу» деп шипа іздеп, талай жердің дәмін татты. Бірақ уақыт өте келе бәрінің еш шипасы болмай, әбден тауы шағылып, үміті сөне бастайды. Болған іске болаттай берік болу керек екендігін іштей мойындап, өзін жігерлендіріп, не болғанда да мойымауға бел байлайды. Бірде «Қырғызстанның Фрунзе қаласының маңындағы Тоқмақ қалашығында бір емші бар екен. Сол емші Ресей жақтағы су қараңғы боп қалған полковникті құлантаза айықтырыпты» дегенді естіп, «Жазған құлда шаршау жоқ» деп жолға шыққан болатын. Оның жасаған ем-домынан еш пайда болмайды. Ендігі қалған бір үміт Одессадағы көз ауруханасы еді. Сол кезде Кеңестер одағындағы көз ауруларын емдейтін ең ірі орталық осы қалада болатын. Бірақ оған баруға қысқа жіп күрмеуге келмейді.

Өзге балалар сияқты мектепке барып оқуға зағиптығы кедергі болды. 12 жасқа толғанда ауылдағы көзі ашық үлкен кісілер өзі зерек, ән айтса жұртты баурап алатын өзіне ғана тән тартымдылығы, әдемі үні бар қағылез баланы әлдебір қаладағы зағиптарға арналған арнайы мектепке орналастыру керектігін айтады. Алайда ауылдан ұзап шығып көрмеген бала беймәлім ортаға, бейтаныс үлкен қалаға баруға батылы бармай ауылда қалып қояды. Алайда көз жанары көрмесе де санасы сергек Мәкенді денсаулығындағы ақау еш жасыта қоймаған еді. Арманы асқақ болатын. Өмірге сұмдық құштар еді. Бала кезінен қанша қиыншылық көрді десек те ол үлкендердің мейіріміне қанып өсті. Соғыстан кейінгі жоқшылықты, қиын уақыттың адамдардың басына салған зардабын біліп есейді. Соғыстың салған қасіретін, мұң-зарын сезініп, түйсініп өсті.

Қағілез бала үлкендердің жанынан шықпайтын еді. Үлкен кісілердің жанында көп жүріп, олардың айтқан әңгімелерін тыңдап, құлағына құйып өседі. Табиғаттан берілген құймақұлақтығы бар еді. «Құдай жаратқанды құр етпес» деген. Менің бойымда өнерім бар, серігім – добырам бар ғой» деп өзін-өзі жұбататын. Ал енді қол-аяғы балғадай небір алпамсадай жігіттердің не білімге, не өнерге жарымай жүргендерін көргенде іштей зығырданы қайнайтын. «Шіркін, екі көзім аман болғанда бұлай жүрмес едім-ау! Бір жерден шығар едім» деп армандайтын. Ауылға келген өнерпаздардан естіген әнін сол заматта қағып алып, өздеріне айтып береді екен. Сөйтіп жүріп өнер адамдарының көзіне түседі. «Арман – адамның биік мұраты» дейміз ғой. Сол өнер иелері оның қиялына қанат бітірді.

Қанша өнерлімін десе де, білімінің жоқтығы, тіптен орта білім алмағандығы көңіліне қаяу түсіріп, іштей жанын жей берген еді. Сөйтіп жүргенде әлдекімдерден Куйбышев қаласында зағип жандарға арналған арнайы мектеп бар екендігін біледі. Мәкең әлгі мектепке хат жазып жүріп, зағиптарға арналған Брайэн жүйесіндегі оқулықтарды алдырып, өз бетінше білімін жетілдіре бастайды.

Қаяулы көңіл, жарымжан бірақ рухы мықты жас жігіт қалай да музыкалық жоғары білім алуым керек деген ойға бекінеді. Консерваторияға оқуға түспек болып, Ахмет Қуанұлы Жұбановқа барады. Жігіттің ешқандай арнай білім алмағандығын, музыкалық сауатының жоқтығын көріп, Ақаң: «Айнам, мақсатың дұрыс, бірақ училище бітірмесең, мұнда сені қабылдамайды. Әлі жассың ғой, айналайын, жолың болсын!» деп майдалап шығарып салады. Оқуды кішісінен бастау керектігін ұққан Мәкең музыкалық учмлищеге келеді. Жағдайын айтады. Ондағы бір атқамінер: «Арнайы куәлігің жоқ, сені оқуға қабылдатам деп партиядан шығатын жағдайым жоқ» деп жолатпайды. Ақыры не керек, домбырашылар дайындайтын курсқа келеді. Оны бітіріп, ауданға оралады. Аудандық мәдениет үйінде біршама уақыт үйірме жүргізіп, қызмет істейді. Көкірегі ояу, санасы сергек жан бәрібір өз мақсатынан бас тартпайды. Өз бетінше іздене береді. Ауылға гастрольдік сапармен келген әншілердің, театр актерларының маңынан шықпай жүріп, олардан өнер үйренеді. Әңгімелерін тыңдайды.

Алматыдан жолы болмай, тауы шағылып қайтқан баласының Жамбылдағы музыка училищесіне бармақ ойын білгенде анасы «Оқимын дегенде де үзеңгісіне жармасқандай болмайын. Өз бетімен жөн таба алса, бетінен қайтармайын» деп зағип ұлына іштей қатты алаңдаса да жолына кесе-көлденең тұрмайды.

«Өнерлінің өрісі кең, өресі биік» демей ме? Ақыры өзі армандаған үлкен шаһар Алматыға да жолы түсіп, табаны тиеді. Абай атындағы қазақтың педагогикалық институтының тарих факультетіне түсіп, оны ойдағыдай тамамдады. Оқи жүріп өнерден де қол үзген жоқ. Қайсар жан бәрібір өз дегенінен танбады. Музыкалық білімді бәрібір өз бетінше алған болатын. Зағиптығына байланысты өнер-білімді арнайы оқып білмей, естіп білумен үйренгеннің кейбір олқылықтары да болатын еді. Барлық күйлерді нотаны көрмейтін болған соң есту арқылы үйренетін еді. Өзін-өзі қамшылап, қинап, сағаттар, тіпті кей уақыттарда күні-түні бар уақытын өзін алға жетелеу үшін сарп ететін. Қаншама ұйқысыз түндер өтті десеңізші?! Қатты қиналған кездері көп болды. Алайда сол талмай ізденісінің арқасында оркестрге ілесетіндей деңгейге жетті. Оркестр құрамында ойнауға қанша қызықса да, дирижерлар жолатпайтын еді. Сонда да оркестр сабағы өтетін залдан шықпай, кетпей отырып алады екен. Құр отырмайды, әр дыбысты қадағалап, зердесіне тоқып отырады. Өзіне таныс емес шығарма орылдалған кезде үнін шығармай, іштен тынып тып-тыныш отырады да өзі білетін шығарма ойналған кезде ақырын қосыла жөнеледі екен. Арасында домбырасының құлақ күйін келтіра алмай отырғандарға домбырасын түзеп беріп жүргенін дирижерлар байқап қояды. Бір сарында ойнайтын күйлерге оп-оңай қосыла беретін дәрежеге жетеді. Содан кейін ақырындап үлкен, күрделі шығармалардың негізгі аккордтарын алуға тырысады. Көзі көрмегендіктен ноталарды сипалап оқу үшін өз жазуына көшіріп жазып алатын. Алайда дәл сол кезде оны сипалап оқып отыруға қол да бос емес қой. Сөйтіп жүргенде бір күні әйгілі дирижер, дәулескер күйші, композитор Нұрғиса Тілендиев ағамыздың көзіне түседі. Нұрағаң Мәкеңнің тенор домбыралардың құлағын келтіріп бұрайтынын көріп, қатты риза болады. Содан бастап оған іштарта қарайтын болған.

Арада біршама уақыт өткенде өзінің жеке орындауындағы әндермен көп алдына шыға бастады. Оның салған әндері қазақ радиосы мен теледидары арқылы ұшқан құстың қанаты талар кең байтақ қазақ еліне кең тарап жатты. Тіптен Мәкен Әлиасқарұлының дауысымен бірнеше күйтабақтар да жазылған. Жігері мұқалмаған күйі өмірге құштарлығын жоғалтпаған өнер иесі өзі да талай ғажап туындыларды дүниеге әкелді. Әбдірахман Асылбековтың өлеңімен өрілген «Менің өлкем – Жетісу», өлеңін Ізтай Мәмбетов жазған «Студент сағынышы» және өзінің қаламынан өлең боп өрiліп, ән болып қалықтаған «Қаратау кеші», «Ару қала – Астана» сияқты әндері әнсүйер жұртшылықтың көңіл көкжиегінен орын алып жатты. Бұл шығармаларды Бақыт Әшімова, Ескендір Хасанғалиев, Зейнеп Қойшыбаева сынды өнер шеберлері нақышына келтіріп орындап жүрді. Бала кезден радиодан тыңдап, әндерін өзіне әбден сіңіріп өскен ұстазы Жүсіпбек Елебековтен көп тәлім-тәрбие алды. Арқаның әндерін үйренді. Халық композиторларының, Қазақстан композиторларының әндерін орындады.

Жамал Омарова, Қали Байжанов, Манарбек Ержанов, Рақия Қойшыбаева, Кенен Әзірбаев, Мағауия Көшкінбаев сияқты өнерпаздардың әндерін тыңдап, олардан әнді тыңдарман жүрегіне жеткізе орындау шеберліктерін өз бетінше меңгерді. Ол кезде көп әндердің мәтіні жазылған кітаптар да, ән жинақтар да жоқ болатын. Бұның бәрін радиодан естіп, жаттап алатын еді. Құдай бір нәрсені кем қылып берсе, өзге бір жағынан қабілет пен қарымды аямай беретін сияқты ғой. Мәкеңнің естіп қабылдау қабілеті, жады өте мықты еді. Табиғи талантының арқасында талайларды тәнті етті. Жігерін жанып жүріп, өнерде көптің ықыласына бөленді. Халық әндерін көп орындады. Үнемі ізденісте жүріп, сазгерлік қырын жетілдірді.

«Радио – менің тағдырластарым үшін «үнгазет» деуге болады. Бізді қайрайтын, біздің жанымызды жанитын, ширатататын осы радио болды» деп жазған еді Мәкен Әлиасқарұлы өзі туралы естеліктерінің бірінде. Өзі де автор ретінде Қазақ радиосында көп арнайы хабарлар жасады. Ол хабарлар күні бүгінге дейін Қазақ радиосының Алтын қорында сақтаулы, қаттаулы тұр. 70-тен артық әндер жазды.

Белді журналист ретінде де көп еңбек сіңірді. Еліміздің өнері мен мәдениеті туралы құнды материалдар жазып, елдің рухани өміріне белсене атсалысты. Мәкен Әлиасқарұлы жазушылық қырымен де танылған адам болатын. Соңында «Әншіжүрек», «Замана зардабы» , «Сезім – тіршілік танысым» атты кітаптар жазып қалдырды. Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Журналистер Одағының және Зағиптар қоғамының мүшесі болды.

Нәзік, сыршыл, сезімтал жүректің иесі қайсарлық пен табандылықтың үлгісін көрсеткен болмысы бөлек жан еді. Қиыншылыққа, күреске толы өмір жолы қызықты да ғибратты болды. Талай жақсымен сырлас, сыйлас, дәмдес болды. Шаңырағының шамшырағы, тағдырдың тартқан сыйы – жары Бүбіжан анамыз екеуі ұлағатты ұл, тәрбиелі қыз өсіріп, ұрпақ қызығына бөленді. Үш қыз, бір ұлды ешкімнен кем қылмай, қатарына қосты. Балаларының бәрі жоғары білім алып, түрлі салада маман атанды. Екі қызғалдағы өзінің өмір бойғы арманы – жоғары музыкалық білім алды. Назгүлі бір кездері Нұрғиса Тілендиев ағамыздың қол астында қызмет істеп, «Отырар сазы» оркестрінің белді қобызшысы болды. Ал Жанары бүгінгі таңда Қазақ радиосында музыкалық редактор болып қызмет атқарады.

Балалық шағында қос жанарынан айрылып, зағиптық өмірдің тауқыметін көрсе де тағдырдың сынына төтеп беріп, қиындықпен тайсалмай күресті. Оның өмірге деген құштарлығы біздің кайқайсымызға да үлгі боларлық тағылым. Биыл туғанына 80 жыл толып отырған қажыр-қайраты мол өнер иесінің артына қалған мұрасы бүгінгі ұрпақтың санасынан өшпеуі тиіс. Қайта қанша қиыншылық көрсе де өмірге, өнерге деген құштарлығын жоғалпаған дарын иесінің өнегелі өмір жолын ұрпақ санасында жаңғыртып отыру – бүгінгі буынның парызы десек артық айтқандық емес болар.

Осы орайда Мәкен Әлиасқарұлының туғанына 80 жыл толуына орай кіндік қаны тамған Райымбек ауданынан мектеп немесе көше аты берілсе, ардақты тұлғаның есімін мәңгі есте қалдыру жолында жасалған өнегелі іс болар еді.

Жанар ОРАЗЫМБЕТ,
«Қазақ және Шалқар» радиосы Алматы студиясының жүргізуші-редакторы

СЫР-СҰХБАТ

Қазақтың эстрадалық ән өнеріне өзінің ерекшелігімен, қоңыр мінезімен, табиғи да тұнық дауысымен келген әншілердің бірі де берегейі – Сейіл Аяған. Сонау бір жылдары қолындағы сазды гитарасымен тамылжыған ғажайып әндерді нақышына келтіре шырқаған кезде елең етпеген тыңдарман болмаған шығар, сірә. Иә, Сейілдің әншілік өнері содан бері тек биік шыңдардан көрініп келеді. Кеше әнші Алматыдағы «Алатау» дәстүрлі өнер театрында «Таң самалы» атты шығармашылық кешін өткізген болатын. Кештен кейін әншімен жолығып, сұхбаттасудың сәті түсті.

ТАҢ САМАЛЫ

Азаматтың суреті

– Сейіл аға, ару қаладағы шығармашылық кешіңіз құтты болсын!

– Рақмет!

– Қандай әсердесіз?

– Әсерім өте керемет. Өнерімді бағалап келген әнсүйер қауымға ризашылығым шексіз.

– Концертке кімдер қатысты? Жалпы ерекшелігі неде болды?

– Бұл кештің ерекшелігі деп «Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі мен гитараның қосылуында орындалған әндерді айтар едім. Осы уақытқа дейін гитара мен ансамбльдің үндесуі болған жоқ. Концертке Қорабай Есенов ағамыз қатысты. Сонымен қатар белгілі әншілер – Рамазан Стамғазиев, Ұлту Қабаева, Роза Әлқожа өнер көрсетті. Мықты сазгерлердің танымал әндерімен қатар, өзімнің де бірқатар туындыларымды орындадым. Ақындар да сахна төріне шығып, жырдан шашу шашты.

– Кешіңіз «Таң самалы» деп аталыпты. Қателеспесем, бұған дейін ән жинағыңыз да осы атаумен шыққан еді ғой. «Таң самалын» сіздің төлқұжатыңыз деп айтсақ болатын шығар. Осы әннің тарихына тоқталып өтсеңіз.

– Бұл атақты сазгер, әнші, актер болған Болат Сыбановтың әні. Оның шығармаларын біздің алдыңғы толқындағы қаншама әншілер орындаған. Мен сол «Таң самалы» әнін бала кезімнен жақсы көретін едім. Бұрын үнтаспам шықса, кеш берсем «Таң самалы» деп атаймын деп ойлайтынмын. Сол армандар орындалып келе жатыр. Былтырлары Болат Сыбанов көзі тірі болса 80 жасқа толар еді, соған орай фестиваль ұйымдастырылды. Ол кешке мен де қатысып, фестивальді «Таң самалы» әнімен қорытындыладым. Иә, бұл ән – менің төлқұжатым.

– Өзіңіз үлгі тұтатын ұстаздарыңыз кімдер?

– Мен Қорабай Есенов, Нұрлан Өнербаевпен қатар, менің алдымдағы гитарашылардың бәрін ұстазым деп есептеймін. Жолымен, жасымен келгенде де солай.

– Ал өзіңізден ғана байқауға болатын гитараны домбыраша тарту стилі қалай қалыптасты?

– Бала кезімде әке-шешем домбыра алып берген. Сол кезден түнде тұрып алып, ұйқылы-ояу домбыра тартып, ән айтады екенмін. Оны бірақ өзім білмеймін. Мен үлкен шешемнің тәрбиесінде өскенмін ғой. Өз ата-анам жас, менің бұл қылығымды түсінбей, «түнімен ұйқы бермейді» дейді екен. Сонда үлкен шешем: «Ондайда баланы оятпаңдар, бұл балаға бір нәрсе қонайын деп жүр» депті. Кейін домбырам байқаусызда сынып қалды. Ал ауылдың дүкеніне әрдайым музыкалық аспаптар түгел келмейді. Бір күні әкем маған гитара алып берді. Мен жалпы қазақтың халық әндерін жақсы көремін. Бала кезден Жүсіпбек Елебеков, Манарбек Ержанов, Қайрат Байбосынов, Жәнібек Кәрменов, бертінде Рамазан Стамғазиевтерді тыңдап қалыптастық. Кейін гитараны домбыраша тартып, ән айта бастадым. Осылайша гитараны домбыра сияқты тарту өзімдік стиліме айналды.

– Алматының шығармашылық ортасына біржола қоныс аудару ойда бар ма?

– Мен Алматыға да, Елордаға да шақырылған адаммын. Алматыға қоныс аударып, тұруға болатын да кездерім болды. Бірақ қазіргі таңда елдің ортасындамын, Қарағанды қаласында тұрамын. Әндерімнің бәрін ару қаладағы студияда жазамын. Үлкен концерттерге, ақындардың, сазгерлердің кештеріне қатысып тұрамын. Атақты өңдеушілер Оралхан Сәдуақасов, Ермек Елгезеков, Бейбіт Ақош сияқты үлкен кәсіби ағаларымызбен жұмыс істейміз. Мен ертеректе, 2000 жылдардың бас жағында, осында көп жүрдім. Бірақ елге кеттім. Өйткені ата-анам, отбасым сол жақта.

– Сізге баспана мен гитараны қатар ұсынғанда, гитараны таңдап баршаны таңғалдырыпсыз. Қанша гитараңыз бар? Сыйға алған аспабыңыз көп пе?

– Бір кісінің пәтер немесе гитара деп айтқаны рас. Ол кісі гитарам арқылы әнімді сыйлап пәтер бермекші болды. Гитараның жолы бірінші тұрды. Әншінің аспабы дұрыс болу керек. Содан кейін маған көп адамдар гитара сыйға тартқан. Біраз уақыт бұрын белгілі лирик әнші Мейрамбек Бесбаевтың сыйлаған гитарасы бар. Ол кісінің гитарасы өте құнды, қымбат гитара. Оны сақтап ұстаймын. Өзім де көңілім ауған кісілерге гитарамды сыйға тартып кетемін. Құдайға шүкір, қазір 2-3 гитарам бар. Осы уақытқа дейін қолымнан 15 шақты гитара өтті.

– Сол ұсыныстан кейін, жалпы қазіргі уақытта баспана мәселеңіз шешілді ма?

– Баспана мәселесі шешіліп қалады. Мен екі нәрсеге өте бай адаммын. Доска және әнге баймын. Қалған нәрсе өзі болады, уақыты келгенде шешіле береді деп ойлаймын.

– Орындайтын әніңізге талғаммен қарайтыныңыз байқалады. Әнді қалай таңдайсыз?

– Мен орындап жүргеннің көбі белгілі әндер. Заманауи әндерді алатын болсақ, міндетті түрде сөзіне қараймын. Болмысымызға лайығын таңдаймыз. Ән қоржынымда қазақтың халық әндері, Қазақстан композиторларының әндері, Ақан сері, Біржан сал, Абайдың әндері бар. Кейінгі композиторлардан Шәмші Қалдаяқов, Нұрғиса Тілендиев, Әсет Бейсеуов, Жағыпар Әлімханов, Мұратхан Егінбаев сияқты мықты композиторлардың әндері ән қоржынымда бар. Әнші болғаннан кейін жақсы, есті әндерді айту міндет. Айтпақшы, Табылды Досымовтың да әндерін орындаймын. Өйткені Табылдының шығармашылығына соқпау мүмкін емес. Оның «Қарагөз», «Кешіккенің қайткенің» әндерін орындап жүрмін. Сонымен қатар ән қоржынымда Ерлан Төлеутаев пен туған інім Шыңғыс Мұқаевтың әндері бар. Керемет қуатты әндер бар. Бірақ сол әнді айтқанда табиғатын ашатын әндерді айтасың. Жалпы өзім лирикалық әндерге жақынмын.

– Бейнебаяндарыңызды көп көре білмейміз. Алда бейнебаян түсіру ойыңызда жоқ па?

– Шынымен, бір ғана «Жас қалам» деген әнімнің бейнебаяны бар. 5-6 әнге жазылған фильм-концертім бар. Әрине, болашақта бейнебаян түсіргім келеді. Бірақ өзіңіз де білесіз, айналып келгенде бәрі қаражатқа тіреледі. Бір бейнебаянға жұмсалған ақшаға бірнеше ән жаздыруға болады. Маған қазір ыңғайлысы осы болып тұр. Жақсы әндерді ән қоржыныма жинаудан жалықпаймын. Ана, туған жер туралы әндеріме бейнебаян түсіруге қол ұшын береміз деген азаматтар бар. Бәрі де сабақты ине сәтімен деп жүрміз.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ақбота МҰСАБЕКҚЫЗЫ

АҢСАР

(Сейіл Аяғановқа)

Звон струн, влюблен лишь вас.
Мюссе

Әуез ұқпас шайырмын ғой, сорым ба?
Шерлі күйлер – мендік сезім шетінен.
Ей, әнші дос, гитар сенің қолында –
Алты ішекті жетіген.

Пернелерден тыңдап пері ғаламды,
Танымымның тарлығына кейідім.
Бұлт оранған назамды һәм наламды,
Сейілтер ме Сейіл-үн!

Тебірентіп, түйсігімді түймедей,
Сендік Муза бөгде бақыт, басқа мұң.
Әуезіңді тыңдаса егер Пиреней,
Романұлы тастар еді аспабын.

Үзілдіріп үн жетіздің үркерге,
Шындығымды айттым байтақ тарапқа.
Ұқсатам деп, сол тәңірді сым перне,
Испан да емес, валах та емес, номадқа.

Саз сіңірдім, меликаңа қандым да
Әнге маспын, бұдан пейіш бар ма өмір?
Ол отырды терезенің алдында,
Аялады алқоңыр.

Ән самғасын, жыр тұлпардан тақымды үз,
Ескі күйді естіді үйдің елесі.
Құлағыма сыбыр етті ақын қыз
Әлемді әуен етпеген деп неге осы.

Алты ішектің аруындай ай қабақ,
Түсімізге аппақ алты құс кірген.
Сен қош айттың аспабыңды аймалап,
Ақылдым деп, ақын қызды құштым мен...

Ержан АЛАШТУҒАН

ҚҰРАҚ КӨРПЕ

Табиғат сыры

Климаттың айрықша сипаттары қандай?

Климат континенттілігінің негізгі сипаты – қыстағы және жаздағы температура айырмашылығының тым алшақтығы.

Қоңыржай ендіктердегі континентті климаттың айрықша бір белгісі – қысы тым қатал келеді де жазы теңіз жағалауларындағы немесе мұхит аралдарындағы жазғы климатпен салыстырғанда едәуір ыстық болады. Климат континенттілігінің екінші бір айрықша сипаты – жауын-шашынның шектеулі болуы және кейбір маусымда немесе кейде тіпті жыл бойы оның жетіспеушілігі. Дегенмен, жауын-шашынның түсуі – климат континенттілігінің басты белгісі емес, жер бедері мен атмосфера ағымының ерекшелігі жауын-шашынға және температура режиміне елеулі түрде әсер етіп, белгілі бір аумақтағы ауа райына тән жалпы жағдайды едәуір өзгертіп жіберуі де мүмкін. Ішкі континентті аймақтардағы тау қойнауларында кейде жауын теңіз жағалауларындағыдан көп жауады, сондай-ақ мұхит жағалауында жатып құрғақшылық көретін жерлер де бар, мәселен, Чилидегі Атакама шөлі осындай – оның жағалауымен ағатын Перуан суық ағысы жаздың ыстығын басады да, жыл бойғы температураның ауытқу шегін 5-6 градус асырмайды, сөйтіп антициклондық ауа ағымы басым болғандықтан және оңтүстік-батыс белдеулердің аңызақ желі ұдайы азынап тұратындықтан жауын-шашын тіпті мардымсыз болады.

Жасырдым жұмбақ

Көрінген жол үстінде доғалай бас,
Қолы жоқ, аяғы жоқ бұл қалай бас?
Жағынан шапалақпен сипап ұрсаң,
Атындай жолаушының жорғалай бас.

(Ұршық)

Қайталап көріңіз

Найзағайдан
Шайза ағай
Тайсалмай,
Тай, құлынды байлады-ай!

Таным

Ұсақ тіршілік иелері

Насекомдар басқа жәндіктер мен жануарлардан мынадай үш белгісі бойынша ажыратылады: біріншіден денесі бірнеше ұсақ кесік керкештерден құралады.

Мысалы қоңыз, шегіртке, шыбын және көбелектер насекомдардың қатарына кіреді. Екіншіден, кез келген насекомның денесі үш бөлімді болады: бас, көкірек және құрсақ. Бұл бөлімдер бір-бірінен жақсы ажыратылады. Үшіншіден, аяқтары үш пар – алтау болады. Бұл белгілері сай келмесе, ол жәндік насекомға жатпайды. Насекомдар шала және толық түрленіп дамиды. Личинкалары қуыршаққа немесе ересекнасекомға айналғанға дейін кем дегенде 3-тен 25 рет түлейді. Бір қызығы, әрбір түлеген сайын салмақтары өсіп отырады. Емен жібек көбелегінің жұлдызқұрты алғашында 0,0004 грамм, ал бесінші түлегенде 3,56 грамм болады. Демек, осы екі арада оның салмағы 9126 есе өседі. Тал бұрғы көбелегінің жұлдызқұрты бесінші түлегенде салмағы жөнінде 72000 есе артады екен. Бұл – насекомдарда болатын қасиет.

Насекомдар өте өсімтал жәндік. Оның өсімталдығын швед ғалымы Карл Линнейдің шыбын жайындағы сөзімен қорытындылауға болады: «Бір арыстан жейтін жылқы өлексесін үш-ақ шыбын жеп қояды...».

Сіз білесіз бе?

Қалада тұрған тиімді ме?

2025 жылы Жер беті халқының 60 пайызы, яғни 8 миллиард адам қалада тұратын болады дейді мамандар.

Қазір Ұлыбритания халқының 90 пайызы қалада тұрады. Ауылда тұратындар саны көп елдер Африкада, Латын Америкасында және Азияның кейбір аймақтарында.

Көкпен таласқан ғимараттар бұрын негізінен Солтүстік Америка құрлығына қарасты АҚШ-та болатын. Қазір олар Шығыста, дәлірек айтқанда Азия құрлығында көбейіп барады. Біріккен Араб Эмиратының Дубай қаласындағы Гури Халифа ғимаратының биіктігі 828 метр, Тайбэйдегі «Тайб-эй 101» – 508, Шанхайдағы Бүкіләлемдік қаржы орталығы – 492,2 метр. «Бірақ адам жерден неғұрлым биік тұрса, соғұрлым тез қартаяды» дейді ғалымдар.

Қалалардың саны мен сапасы жыл сайын өсіп келеді. Бұған дәлел, дүниежүзінде халық санының тез өсуі. Бір жылда 93 миллионға өсіп отырған әлем халқының сұранысы да көбею үстінде. Мәселен, өнеркәсібі дамыған мемлекеттерде мұнайға деген сұраныс жоғары. Сарапшылар мұнай қоры тез сарқылып келе жатқандығын, бар болғаны 40 жылға жететіндігін айтуда. Олардың пікірінше қазір жер қойнауында 1000 миллиард баррель мұнай қоры қалған. Ондағы қордың 19,8 пайызы Сауд Арабиясында, Венесуэлада – 12,9, Иранда – 10,3, Иракта – 8,6, Кувейтте – 7,6, Біріккен Араб Эмиратында – 7,3, Ресейде – 5,6, Ливияда – 3,3, Қазақстанда – 3, Нигерияда – 2,8 пайыз.

Әзірлеген Нұрлан ҚҰМАР

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Бейнеу аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

2019 жылғы «14» маусым күні сағат: 14:00-де Бейнеу ауылы, Д.Тәжиев көшесі аудандық әкімдік ғимаратының 2-қабатында жолаушылар мен багажды автомобильмен ауылішілік тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды.

Конкурсқа мынадай маршруттың пакеті (маршруттар) шығарылады: №1ЛОТ – «№3» маршруттарының пакеттері шығарылады.

Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.

Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді аудандық әкімдіктің 2-қабатына «Бейнеу аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне ұсынуы тиіс.

Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдау конкурс жарияланған күннен басталады және конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2019 жылғы «03» маусым.

2019 жылғы «25» сәуірде конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны өткізеді.

Анықтама алу үшін телефондар:
2 20 41; 2 22 68.

КӨРМЕ

Қылқаламмен өрнектелген өнер

Алматыдағы «AspanGallery» атты өнер галереясында қазақстандық суретші Нұрахмет Нұрболдың «Мүшелеу» атты дербес көрмесі өз жұмысын бастады. Экспозиция автордың соңғы бірнеше жыл белсенді жұмыс және ізденіс нәтижесінде түрлі техникаларда орындалған шығармаларын қамтиды.

Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының және Сан-Франциско университетінің Өнер академиясының түлегі Нұрахмет Нұрбол Орта Азияның қазіргі заман суретшілерінің арасындағы жас ұрпақтың нағыз дарынды өкілдерінің бірі. Өз шығармашылығында ол фотосурет, бейне және тікелей әсер ететін фотосуретті күнделікті қолдану мәнмәтінінде кескіндеме, коллаж, сурет және литография сияқты дәстүрлі техниканы пайдалану арқылы, өнердің өзгеше түрін ұсынып отыр.

Көрмеде ұсынылған серияларында Нұрахмет өзін толғандыратын мәселелер спектрінің өзінше визуалды талдама жасауға талпыныс жасайды. Талдау әдісі ретінде суретші мағыналарды, бейнелерді, сезімдерді фрагменттеу, мүшелдеу, коллаждауды пайдаланады.

«Нұрахметтің бірінші көрмесі ұйымдастырылғаннан бері бес жылдан аса уақыт өтті. Ол кезде суретші оқуын енді бітірген, сондықтан оның Қастеев мұражайындағы көрмесі студенттік кезеңнің аяқтағандай болды. Біз ұйымдастырған «Мүшелеу» көрмесінде кескіндемеде, коллажда, графикада немесе басқа суретшімен жүргізген диалог-кітап ретінде өз ойын білдіріп, қазіргі заман мәселелерін зерттейтін кемеліне келген суретшіні көріп тұрмыз. Көрмеге арнап қылқалам иесі автолитография тұтас сериясын дайындағанын атап өту қажет. Бұрын қазақстандық суретшілер бүкіл КСРО-ға өздерінің баспаграфикасымен әйгілі еді. Өкінішке қарай, бүгінгі күні бұл техника өнердің шетінде қалып, тіпті жоғалып кетуге жақын деуге болады. Суретшілер дәстүрлі техниканы пайдалана білгені және өзекті мәселер көтере алатыны қандай тамаша» деді «AspanGallery» негізін қалаушы Меруерт Қалиева.

Көрмеде қазіргі заман жаһанды проблематикасы мен мәтініндегі қазақ мәдениетінің тағдырына қатысты ойға жетектейтін жұмыстары ұсынылған. «Абайдың бөлмесі» (2018) Еуропа және Ресей тарихынан алынған классикалық өнердің көптеген бейнелерімен түрлендірілген. Мұнда тар жерде бутафориялық қоймадағыдай Қазақстанның мәдени дамуына ықпал еткен немесе одан әрі ықпал ететіндер қоймаға жинастырылған.

Нұрлан ҚҰМАР

ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ

Құрылтайшы және шығарушы:
«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Бас директор –
Редакторлар кеңесінің төрағасы
Шәмшидин ПАТТЕЕВ

қабылдау бөлмесі 272-87-30
kaz_gazeta@mail.ru
www.kazgazeta.kz

ANA TILI

- Бас редактор **Жанарбек ӘШІМЖАН**
- Бас редактордың бірінші орынбасары **Нұрперзент ДОМБАЙ**
- Бас редактордың орынбасары **Дәуіржан ТӨЛЕБАЕВ**

Бөлім редакторлары:
Әсел САРҚЫТОВА – Тіл мәселелері және этнография
Ақбота ҚУАТОВА – Білім, ғылым және мәдениет
Бағдагүл БАЛАУБАЕВА – Әлеуметтік мәселелер және ақпарат

«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдіктері:
Ғалым ОМАРХАНОВ 8 775 750 9444 (Астана)
Жанғабыл ҚАБАҚБАЕВ 8 771 769 6322 (Ақтөбе обл.)
Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ 8 (7292) 40-41-01 (Маңғыстау обл.)

Ⓐ материалдың жариялану ақысы төленген

Меншікті тілшілер:
Өтеген НӘУКИЕВ (Атырау) 8 701 518 46 81
Орал ШӘРІПБАЕВ (Семей) 8 705 661 14 33
Оразалы ЖАҚСАНОВ (Қостанай) 8 777 230 71 84
Жарқын ӨТЕШОВА (Мәскеу) Zharkyn-1@yandex.ru

Фототілші Азамат ҚҰСАЙЫНОВ
Беттеуші Нұржан АСАНОВ
Корректор Алмагүл ҰЛТАНБЕКОВА
Хатшы-референт Назгүл БЕЙСЕМБАЕВА

Қоғамдық негіздегі кеңесшілер:
Ғарифолла ӘНЕС – филология ғылымының докторы
Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ – филология ғылымының докторы, профессор
Аягүл МИРАЗОВА – педагог-ұстаз, Қазақстанның Еңбек Ері
Талас ОМАРБЕКОВ – тарих ғылымының докторы, профессор

- Апталық Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 28 наурызда №17007-Г куәлігі берілді.
- Газет аптасына бір рет шығады.
- «Ана тілі» газетінде жарияланған материалдардың авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-ға тиесілі, жарнаманың мәтіні мен тіліне редакция жауапты емес.
- «Ана тілінде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газет авторларынан мақалалардың 3 беттен (14 кегль) аспауын, электрондық нұсқасымен қоса әкелуін сұраймыз. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, қолжазба кері қайтарылмайды.
- Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында жасалды. Индекс 65367. Офсеттік басылым.
- Газет: Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 үй. «Дәуір» РПБК ЖШС-нда, Тел: 273-12-04; Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі, 9/2, «Хабар-Сервис» ЖШС баспаханаларында басылып шықты

Тапсырыс №1615/405

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
050013, Алматы қаласы,
Желтоқсан көшесі, 175, 4-қабат

РЕДАКЦИЯ ТЕЛЕФОНДАРЫ:
2-72-49-78 (қаб.бөлмесі/факс)
Бөлім редакторлары:
267-40-07
E-mail: anatili_gazeti@mail.ru

Таралымы 15 415

Кезекші редактор
Ақбота ҚУАТОВА